ISSN 2306-7365
Индекс 75637

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

HOCA AHMET YESEVİ
ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK ÜNİVERSİTESİ

ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ғылыми журналы

№4 (110) 2018

YESEVİ ÜNİVERSİTESİ HABARŞISI

Bilimsel Dergisi



Түркістан 2018

www.ayu.edu.kz

ISSN 2306-7365
Индекс 75637

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

HOCA AHMET YESEVİ
ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK ÜNİVERSİTESİ

ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ғылыми журналы

№4 (110) 2018

YESEVİ ÜNİVERSİTESİ HABARŞISI

Bilimsel Dergisi

БАС РЕДАКТОР
биология ғылымдарының докторы, профессор
АБДРАСИЛОВ БОЛАТБЕК СЕРІКБАЙҰЛЫ

Беркимбаев К.М. - Бас редактордың орынбасары, пед. ғ.д., профессор
Пилтен П. - Бас редактордың орынбасары, доктор, профессор
Балтабаева А.Ю. - Жауапты хатшы, филос.ғ.к., доцент

YAYIN YÖNETMENİ
Prof. Dr.
ABDRASILOV BOLATBEK SERIKBAYULI

Berkimbayev K.M. - Yayın yönetmen yardımcısı, Prof.Dr.
Pilten P. - Yayın yönetmen yardımcısı, Dr.öğr üyesi
Baltabayeva A. Y. - Yayın kurulunun sorumlu sekreteri, Doç.Dr.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР
доктор биологических наук, профессор
АБДРАСИЛОВ БОЛАТБЕК СЕРИКБАЕВИЧ

Беркимбаев К.М. - Заместитель главного редактора, д.п.н., профессор
Пилтен П. - Заместитель главного редактора, доктор, профессор
Балтабаева А.Ю. - Ответственный секретарь, к.филос.н., доцент

CHIEF EDITOR
Professor, doctor of biological sciences
ABDRASILOV BOLATBEK SERIKBAYEVICH

Berkimbayev K.M. - Deputy chief editor, Professor, doctor of pedagogical sciences
Pilten P. - Deputy chief editor, doctor, Associate Professor
Baltabayeva A.Yu. - Responsible secretary, Associate Professor, Ph.D.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8 қазанда тіркеліп,
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымы және ақпараттық агенттігінің **№232-Ж** куәлігі берілген.
Шығу жиілігі: 3 айда 1 рет
МББ тілі: қазақша, түрікше, ағылшынша, орысша
Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс және жақын шетел
Индекс №75637
Журнал 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы
ISSN орталығында тіркелген.
ISSN 2306-7365

KURUCU:
Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi
Dergi 8 Ekim 1996'da Kazakistan Cumhuriyeti Basın ve Medya İletişim Ajansı tarafından tescillenmiş,
Kazakistan Cumhuriyeti Yatırım ve Gelişim Bakanlığı
İletişim, Bilişim ve Bilgilendirme Komitesi
Süreli yayınlar ve haber ajansının 232-J numaralı kimliği verilmiştir.
Yayın Süresi: 3 ayda 1 defa
Süreli Basın Yayın Dili: Kazakça, Türkçe, İngilizce, Rusça
Dağıtım Bölgesi: Kazakistan Cumhuriyeti, Uzak ve yakın yabancı ülkeler
İndeks: 75637
Dergi Ocak 2013'ten bu yana Paris'teki ISSN Merkezi'nde kayıtlıdır.
İSSN 2306-7365

УЧРЕДИТЕЛЬ:
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
Журнал был зарегистрирован в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан, 8 октября 1996 года и выдано свидетельство
№232-Ж
Периодическим печатным изданием и информационным агентством Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан Комитета связи, информатизации и информации
Периодичность издания: 1 раз в 3 месяца
Язык ППИ: казахский, турецкий, английский, русский
Территория распространения: Республика Казахстан, дальнее и ближнее зарубежье
Индекс №75637
Журнал с января 2013 года был зарегистрирован в Центре ISSN в городе Париже.
ISSN 2306-7365

FOUNDER:
Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University
The Journal was registered by the National Agency for Press and Mass Media of the Republic of Kazakhstan on October 8, 1996,
Ministry of Investment and Development of the Republic of Kazakhstan
Communication, Informatization and Information Committee
Periodical press and information agency issued a certificate **No. 232-G**
Publication: 1 time in 3 months
Language PPP: Kazakh, Turkish, English, Russian
Territory of distribution: the Republic of Kazakhstan, near and far abroad
Index №75637
The journal has been registered since January 2013 at the ISSN Center in Paris.
ISSN 2306-7365

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ

Жұрынов Мұрат - ҚР ҰҒА президенті, академик
Йылдыз Мұса - доктор, проф. /Түркия/
Томар Женгиз - профессор, доктор /Түркия/
Умбетов Өмірбек - тех.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Есімова Шолпан - э.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Абуов Әмірекұл - филос.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Батырбаев Нұрлан - з.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Ниязов Талғат - э.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Абдукадыров Абдукаххар - п.ғ.д., проф. /Өзбекстан/
Ақбасова Аманкүл - техн.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Агаева Файза - ф.ғ.д., проф. /Әзербайжан/
Алимбекова Ләйла - м.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Атемова Қалипа - п.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Акйол Хаяти - доктор, проф. /Түркия/
Байсалов Жомарт - п.ғ.д., проф. /Қырғызстан/
Булуч Бекир - доктор, проф. /Түркия/
Бөлеев Талант - п.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Гржибовский Андрей - м.ғ.д., проф. /Норвегия/
Гелишли Юджел - доктор, проф. /Түркия/
Ергөбек Құлбек - ф.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Еркибаева Гульфайруз - п.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Жетпісбаева Бахытгүл - п.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Жетібаев Көпжасар - т.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Киркман Фил -доктор, проф. /АҚШ, Кембридж/
Капилла Хосе Э. - док., проф. /Испания/
Корнилов Виктор - п.ғ.д., проф. /Ресей/
Кенжетай Досай - филос.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Ланди Лиан - доктор, проф. /Ұлыбритания/
Мейер Бургхард - доктор, проф. /Германия/
Молдалиев Ықылас - м.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Мырзалиев Бораш - э.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Накипов Балғабай - з.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Перленбетов Мұқан - психол.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Петрова Луиза - ф.ғ.д., проф. /Ресей/
Сейдинов Шора - м.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Ташпынар Мехмет - доктор, проф. /Түркия/
Турметов Батирхан - физ.-м.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Торыбаева Жәмила - п.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Тұрсұн Хазретәлі - т.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Ұзақбаева Сақыпжамал - п.ғ.д., проф. /Қазақстан/
Ыдырыс Серікбай - э.ғ.д., проф. /Қазақстан/

YAYIN KURULU ÜYELERİ

Jurınov Murat	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Yıldız Musa	- Prof. Dr. / Türkiye/
Tomar Cengiz	- Prof. Dr. / Türkiye/
Umbetov Ömirzak	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Esimova Şolpan	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Abuov Amrekul	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Batrbayev Nurlan	- Prof.Dr. /Kazakistan/
Niyazov Talğat	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Abdukadırov Abdukahhar	- Prof. Dr./Özbekistan/
Akbasova Amankül	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Agayeva Fayza	- Prof. Dr. / Azerbaycan/
Alymbekova Layla	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Atemova Kalipa	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Akyol Hayati	- Prof. Dr. /Türkiye/
Baysalov Jomart	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Buluç Bekir	- Prof. Dr. / Türkiye/
Böleyev Talant	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Grjibovskiy Andrey	- Prof. Dr. / Norveç/
Gelişli Yücel	- Prof. Dr. / Türkiye/
Ergöbek Kulbek	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Erkibayeva Gulfayruz	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Jetpisbayeva Bahtıgül	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Jetibayev Köpjasar	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Kirkman Phil	- Prof. Dr. /ABD, Cambridge/
Kapilla Jose E.	- Prof. Dr. / İspanya/
Kornilov Viktor.	- Prof. Dr. / Rusya/
Kenjetay Dosay	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Lundy Lian	- Prof. Dr. / Birleşik Kırallık/
Meyer Burghard	- Prof. Dr. / Almanya/
Moldaliyev İkilas	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Mırzalıev Boraş	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Nakipov Balgabay	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Perlenbetov Mukan	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Petrova Luyiza	- Prof. Dr. / Rusya/
Seydinov Şora	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Taşpınar Mehmet	- Prof. Dr. / Türkiye/
Turmetov Batırhan	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Torıbayeva Jamila	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Tursun Hazretali	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Uzakbayeva Sahıpjamal	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Idırıs Serikbay	- Prof. Dr. /Kazakistan/

ЧЛЕНЫ РЕДКОЛЛЕГИИ

Журинов Мурат	- президент НАН РК, академик
Йылдыз Муса	- доктор, проф. /Турция/
Томар Женгиз	- проф., доктор /Турция/
Умбетов Умирбек	- д.тех.н., проф. /Казахстан/
Есимова Шолпан	- д.э.н., проф. /Казахстан/
Абуов Амрекул	- д.филос., проф, /Казахстан/
Батырбаев Нурлан	- к.ю.н, доцент /Казахстан/
Ниязов Талгат	- д.э.н., проф. /Казахстан/
Абдукадиров Абдукаххар	-д.п.н.,проф. /Узбекистан/
Акбасова Аманкул	- д.техн.н., проф. /Казахстан/
Агаева Файза	- д.ф.н., проф. /Азербайджан/
Алимбекова Лайла	- к.м.н., доцент /Казахстан/
Атемова Калипа	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Акйол Хаяти	- доктор, профессор /Турция/
Байсалов Жомарт	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Булуч Бекир	- доктор, профес. /Турция/
Булеев Талант	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Гржибовский Андрей	- д.м.н., проф. /Норвегия/
Гелишли Юджел	- доктор, проф. /Турция/
Ергобек Кулбек	- д.ф.н., проф. /Казахстан/
Еркибаева Гульфайруз	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Жетписбаева Бахытгул	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Жетибаев Копжасар	- к.и.н., доцент /Казахстан/
Киркман Фил	-доктор, проф. /США, Кембридж/
Капилла Хосе Э.	- доктор, проф. / Испания/
Корнилов Виктор	- д.п.н., проф. / Россия /
Кенжетай Досай	- д.филос.н., проф. /Казахстан/
Ланди Лиан	- доктор, проф. /Великобритания/
Мейер Бургхард	- доктор, проф. /Германия/
Молдалиев Ыкылас	- д.м.н., проф. /Казахстан/
Мырзалиев Бораш	- д.э.н., проф. /Казахстан/
Накипов Балгабай	- д.ю.н, проф. /Казахстан/
Перленбетов Мұқан	- д. психол.н., проф. /Казахстан/
Петрова Луиза	- д.ф.н., проф. /Россия /
Сейдинов Шора	- д.м.н., проф. /Казахстан/
Ташпынар Мехмет	- доктор, проф. /Турция/
Турметов Батирхан	- д.физ.-м.н., проф. /Казахстан/
Торыбаева Жамила	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Турсун Хазретали	- д.и.н.,проф. /Казахстан/
Узакбаева Сахипжамал	- д.п.н., проф. /Казахстан/
Ыдырыс Серикбай	- д.э.н., проф. /Казахстан/

EDITORIAL BOARD

Zhurynov Murat	-President of the National Academy of Sciences of the - Republic of Kazakhstan, academician
Yildiz Musa	-Doctor, prof. /Turkey /
Tomar Cengiz	-Doctor, prof. /Turkey /
Umbetov Omirbek	-Doctor of Technical Sciences, prof. /Kazakhstan /
Essimova Sholpan	-Doctor of Economics, prof. /Kazakhstan /
Abuov Amirekul	-Doctor of Philosophy, prof. /Kazakhstan /
Batyrbayev Nurlan	-Candidate of Law, associate professor / Kazakhstan /
Niyazov Talgat	-Doctor of Economics, prof. / Kazakhstan /
Abdukadirov Abdukakhar	-Doctor of Pedagogical Sciences / prof. / Uzbekistan /
Akbasova Amankul	-Doctor of Technical sciences, prof. / Kazakhstan /
Agayeva Faiza	-Doctor of Philology, prof. /Azerbaijan /
Alimbekova Layla	-Candidate of Medical Sciences, associate professor/ Kazakhstan /
Atemova Kalypa	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Akyol Hayati	-Doctor, prof. /Turkey/
Baysalov Jomart	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Buluc Bekir	-Doctor, prof. /Turkey /
Boleyev Talant	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Grjibovsky Andrey	-Doctor of Medical Sciences, prof. /Norway/
Gelisli Yucel	-Doctor, prof. /Turkey/
Yergobek Kulbek	-Doctor of Philology, prof. /Kazakhstan /
Erkybayeva Gulfayruz	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Zhetpisbayeva Bakhytgul	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Zhetibayev Kopzhasar	-Candidate of Historical Sciences, associate prof. /Kazakhstan /
Kirkman Phil	-Doctor, prof. /USA, Cambridge/
Kapilla Hose	-Doctor, prof. /Spain /
Kornilov Viktor	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. / Russia /
Kenzhetay Dosay	-Doctor of Philosophy, prof. / Kazakhstan /
Lundy Lian	-Doctor, prof. /United Kingdom /
Meyer Burghard	-Doctor, prof. /Germany /
Moldalıyev Ykylas	-Doctor of Medical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Myrzaliyev Borash	-Doctor of Economics, prof. /Kazakhstan/
Nakipov Balgabay	- Doctor of of Law Sciences. Prof. / Kazakhstan /
Perlenbetov Mukan	-Doctor of Psychology, prof. /Kazakhstan /
Petrova Luiza	-Doctor of Philology, prof. /Russia /
Sadykov Aripkhan	-Doctor of Economics, prof. /Kazakhstan /
Seydinov Shora	-Doctor of Medical Sciences, prof. /Kazakhstan /
Taspinar Mehmet	-Doctor, prof. /Turkey /
Turmetov Batyrhan	-Doctor of Physical and Mathematical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Torybayeva Zhamilya	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. /Kazakhstan /
Tursun Hasretaly	-Doctor of Historical Sciences, prof. / Kazakhstan /
Uzakbayeva Sakhipzhamal	-Doctor of Pedagogical Sciences, prof. /Kazakhstan /
Ydyrys Serikbay	-Doctor of Economics, prof./ Kazakhstan /

ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ

ӘОЖ 37.013 **ҒТАМР 14.07.07**

А.М.АБДЫРОВ[1], Ж.М.ТАШКЕНБАЕВА[2]
[1]п.ғ.д., профессор, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Астана, Қазақстан), *e-mail*: abdyrov@rambler.ru
[2]PhD, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Астана, Қазақстан **)**

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕДЕ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНДЕ МАМАНДАРДЫ КӘСІПТІК ДАЯРЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Еліміздегі жоғары білім беру мектептеріне қойылатын талап күн өткен сайын артып отыр. Әсіресе, инновациялық іс-әрекеттер негізінде барлық саланы жаңашыл серпінді эволюциялық өсу арқылы дамыту – өзекті мәселе. Қоғам алдындағы негізгі міндеттердің өзі осы болашақ кәсіби маманды оқытып шығаратын оқу орындарына жүктелуде. Маманды кәсіптік даярлау ісіндегі шетелдік тәжірибемен танысу да аса қажетті болып отыр.

Бұл мақалада әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттері білім беру үдерісінің ерекшеліктері қарастырылып, салыстырмалы талдау ұсынылған.

Кілт сөздері: әлемдік тәжірибе, оқу үрдісі, зерттеу университеті, бәсекеге қабілеттілік.

А.М.Абдыров, Ж.М.Ташкенбаева
Особенности подготовки специалистов профессионального обучения в исследовательских университетах на примере мирового опыта

Требования к высшим учебным заведениям в стране растут с каждым днем. Актуальной проблемой в развитии данной сферы является инновационная деятельность, которая даст эволюционный рост. Важнейшие задачи, стоящие перед обществом, это определить будущих профессиональных специалистов в учебные заведения. Также очень важно познакомить специалистов с зарубежным опытом профессиональной подготовки.

В данной статье рассматривается и дается сравнительный анализ особенностям образовательных процессов в исследовательских университетах мирового уровня.

Ключевые слова: мировая практика, образовательный процесс, исследовательский университет, конкурентоспособность.

A.M.Abdirov, Zh.M.Tashkenbayeva
Features of Professional Training Specialists in the World Experience Universities

The demand for higher education schools in the country is increasing day by day. Actual problem is developing whole industry through innovative breakthrough evolutionary growth, especially, on the basis of innovative activities. The main tasks of society are responsible for teaching future professional specialists in educational institutions. It is also important training professional specialists to get acquainted with the experience of foreign country.

This article discusses and provides a comparative analysis of the features of educational processes in research universities in the world equation.

Keywords: world practice, educational process, research university, competitiveness.

Бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосылу жағдайларында, мемлекеттік құрылысқа, экономикаға, әлеуметтік және рухани өмірге деген көзқарас, шетелдік үлгілерге

жақындап келеді, сондықтан да педагогикалық жұмыстың халықаралық тәжірибесі біз үшін елеулі қызығушылық тудырды. Ұлттық педагогика шетелдегі педагогикалық ғылым мен тәжірибе жетістіктерін бақылап, үздік жетістіктерді өз қызметінде пайдаланады. Бұл педагогикалық трансферт Қазақстандағы педагогикалық жұмысты жетілдіру жолдарын іздестірудің маңызды және өнімді бағыттарының бірі. Осындай жағдайда экономикалық көрсеткіштерді, әлеуметтік-саяси жүйелерді, әр түрлі халықтар мен елдердің үлгілерін салыстыру үлкен қызығушылық тудыратын мәселе болып табылады [1]. «Әлемдік тәжірибеде зерттеу университеттерінің құрылу кезеңдері мен даму алғышарттары» бөліміндегі жасалынған зерттеулерді сараптай отырып, жоғары білім беру жүйесінің заманауи ерекшеліктерін ескере отырып шетелдік тәжірибедегі басым тұстар мен кемшіліктерді анықтау мақсатында талдау жасауды жөн көрдік.

Заманауи қоғамның даму үдерісіне талдау жасай отырып, әрбір мемлекет экономикасын білім мен инновацияларға бағдарланып, негізделінбесе, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мүмкін емес екеніне көз жеткізе аламыз. Сондықтан да жаңа типті ойлау және іс-әрекетті инновациялық бағытта қалыптастырудың Қазақстан үшін маңыздылығы өте үлкен. Әлемдік дәрежедегі дамыған мемлекеттердің тәжірибесін, даму ерекшеліктері мен алғышарттарын ескере, еліміздің саяси, мәдени, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық ерекшеліктеріне сәйкестендіре отырып елімізде жаңа құрылымдық жоғары оқу орындарының – зерттеу университеттерінің қалыптасуының маңыздылығы жоғары.

Мемлекеттің инновациялық қызметі – жаңа инновациялар негізінде динамикалық эволюциялық өсу. Ол логикалық жүйе ретінде, негізгі міндеттерді жүзеге асырумен қатар, оның рационалды шешілуіне де бағытталады. Бұл үдерістегі маңызды рольде – адам, ал басты сілтеме ретінде - білім беру, ғылым және өндіріс болып табылады. Бұл тұрғыда бізде зерттеу университеттеріндегі мамандарды кәсіптік даярлау үдерісі шетелдік тәжірибесімен танысу мақсатында заңнамалық актілерге, білім беру жүйесін анықтайтын заңдарға, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге шолу жасалынды.

Зерттеу университетінің негізгі қызметінің бірі ғылыми зерттеу болғандықтан, қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі студенттердің зерттеушілік қызметі, студенттерде зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру, зерттеу университеттерінде мамандарды кәсіптік даярлаудың әлемдік тәжірибесін қарастыруды жөн көрдік. Талдауға екі рейтингідегі университеттер қарастырылды – World University Rankings 2016-2017 және Times Higher Education World University Rankings [2, 3]. Алғашқы университеттері іріктеп қарастырылды. Осылайша, университеттердің сайты зерттелініп, олардың ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Ресей зерттеу университеттері қарастырылды.

Талдаудың негізгі мақсаты зерттеу университеттерінде оқу үдерісінің оқу бағдарламаларында студенттерде академиялық зерттеулерді дамытуға арнайы көңіл бөлінетінін анықтау мәселесі болды. Бұл үшін студенттерге ұсынылған оқу курстары мен оқу орталықтарының сайттары қарастырылды. Сонымен бірге, жеке білім беру бағдарламалары мен кейбір кітапханалардың сайттары талданды; мақсаты студенттерге академиялық зерттеулер, жазу дағдыларын дамытуға ықпал ететін қосымша ақпараттық қолдауды ұсынылатынын анықтау болды.

АҚШ зерттеу университеттерінде бірінші оқу жылындағы студенттерге зерттеу іс-әрекетімен айналысуға бағыттауға арналған академиялық жазу, академиялық сауаттылық курстары бар, аталған дәстүр кейбір университеттерде бұрыннан бар (мысалы, Гарвард университеті 1-курс студенттерін жазу негіздеріне оқыту дәстүрі 1872 жылдан басталғанымен мақтанады). Американдық университеттік білім берудің көп түрлілігі мен оқу траекторияларының жекелендірілуінде барлық студенттер академиялық жазу дағдыларын

оқиды: барлық университеттерде жазу курстары білім беру бағдарламасының міндетті бөлігі болып табылады. Бірінші курс студенттеріне міндетті курстар академиялық жазуға көп көңіл бөлсе де, жиі сонымен ғана шектеледі: олар өзіне ғылыми аргументация мен сыни ойлау дағдыларын дамытуды да мақсат етіп қояды, сонымен бірге жазу семинарларының жазу дағдыларын дамытудан бөлек зерттеушілік жұмыс, аргументация негіздеріне, сонымен қатар кітапханада жұмыс әдістерімен танысуға мақсаттылығы айтылады. Жоғарыда аталған курстардан бөлек көптеген университеттер оқытуда WID принциптерін қолданады. Мұндай курстардың мысалы «Writing in Astronomy» (California Institute of Technology), «Legal Research & Writing» (Columbia University), «Writing About Science and Engineering» (The Johns Hopkins University) және т.б. болады. Аталған курстар арнайы кафедраларда жасалады және сәйкесінше белгілі бір пәннің маман-оқытушысымен оқытылады [4].

Американдық зерттеу университеттерінде студенттерге мамандықтарына сәйкес білім берумен қатар, зерттеушілік дағдыларын дамытудағы кеңес берушілік, ақпараттық және ресурстық қолдау үлкен орын алады. Бұл қолдауды ең алдымен әр университете бар курс орталықтары береді. Сонымен бірге әр факультет, мамандық аясында қызмет ететін ғылыми мектептер және студенттер ғылыми ұйымдары, ғылыми жобалық топтардың, университеттің ғылыми әлеуетін дамытудағы маңыздылығы үлкен. Сонымен бірге, ғылыми-зерттеу қызметіндегі қолдау студенттермен қатар, өз пәндерінде, курстарында зерттеушілік принциптерін іске асырушы оқытушыларға да көрсетіледі.

Зерттеу университеттері орталықтарында оқытушыларға арналған ресурстар, сонымен қатар кеңестер жазылған. Мысалы, жазу тапсырмаларын қалай құрастыру қажет, оларды қалай бағалау тиімді, сонымен қатар, зерттеушілік дағдыларын тиімді дамытуға әсер ететін пікірлерді қалай жазу керек (мысал үшін Калифорниядағы US Davis университеті). Кейбір университеттерде оқытушыларға арналған арнайы курстар ұйымдастырылады. Принстонс университетіндегі «Writing across University» бағдарламасы немесе Чикаго университетіндегі «Writing pedagogy» курстарын мысал ретінде қарастыруға болады. Калифорниядағы US Davis университетінде ғылыми мектептер қызметі өте жоғары деңгейде жұмыс жасауда. Студенттер өз мамандықтары және қызығушылықтары бойынша ғылыми мектеп ұсынатын түрлі бағыттағы курстарға қатыса алады. ЖОО жасалынатын зерттеулердің басым бөлігі студенттермен ғылыми мектептер негізінде жасалынады.

Жоғары оқу орындарындағы зерттеушілік іс-әрекетті Ұлыбританияда мемлекеттік университеттер мен зерттеу орталықтарында жүргізу тәртібін реттейтін принциптердің бірыңғай кодексі бар. Ұлыбританияның қоғамдық өмірді стандарттау комитеті (Committee on Standards in Public Life) дайындаған нормативтік құжаттар зерттеушілік жобаларға демеушілік жасайтын қорлар мен ұйымдардың (мысалы, «Велком Траст» қоры) және университеттердің (мысалы, Кембридж қ. университеті) [5] жарғылық құжаттарының негізін құрайды.

Ғылыми-зерттеу қызметіне оқытуды Кембридж университетінің мәліметтерінен қарастыруымызға болады. Университеттің зерттеушілік іс-әрекетіне байланысты нормативтік құжаттарда келесі мәселелер қарастырылған: моральдық нормаларға сәйкестік; объективтілік; есепберушілік; ашықтық; әділдік; ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылу. Осы принциптердің ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру мен өткізуге тікелей қатыстылығы маңызды мәселелердің бірі. Осылай, мысалы, Кембридж университетінің құжаттарында зерттеушілік институттардың жетекшілері зерттеудің қатысушыларының барлығы идеялармен еркін алмасып, өздерінің зерттеушілік біліктерін дамыта алатын серіктестік ахуалында жүргізілуіне жауапкершілігі көрсетілген.

Ұлыбритания зерттеу университеттерінің міндеттеріне университет қызметкерлерін кәсіптік даярлаудың сапасын жоғарылату бойынша университеттің жалпы бағдарламасының

құрамына кіретін, ғылыми зерттеулердің жетекшілерін даярлау бойынша қолданбалы курсты өзіне қосатын зерттеушілік жобаларды бақылау және жетекшілік етуді қамтамасыз ету жүйесі қызмет етеді. Жетекшілерді даярлау курсы зерттеушілермен кездесулер қаншалықты жиі өту керектігін, сонымен қатар студенттер мен аспиранттардың зерттеушілік қажеттіліктерін дамыту мен негізгі ақпаратты тексеруге қатысты жетекшілердің міндеттерін түсіндіретін нұсқауларға сәйкес ұйымдастырылып, жүзеге асырылады. Зерттеу жобаларының жетекшілерінің міндеттеріне зерттеу болжамын құрастыру, қаржыландыруға сұранысты даярлау, эксперимент хаттамаларын жасау, нәтижелерді тіркеу мен талдауды қоса алғанда, зерттеудің барлық сатыларына бақылау жүргізу қызметінен құралады.

Зерттеу университеттерінде жарғылық құжаттарға сай студенттер мен жас зерттеушілерге арналған көптеген курстар қызмет етеді. Бұл курстар бойынша зерттеушілік жұмысты жүргізудің алдыңғы тәжірибесін түсіну мен игеруді қамтамасыз етуі қажет. Зерттеудің жетекшілері студент және әріптес- зерттеушілердің оларға қажетті курстарға өздерінің кәсіптік даму бағдарламасының бөлігі ретінде қатысуын қадағалап отыруы қажет. Мұндай бағдарламалар мен курстарға «Кәсіптік тәжірибе және этика», «Зерттеуді жобалау», «Зерттеушілік жабдықтарды қолдану», «Зерттеу нәтижелерін тіркеу», «Зерттеу нәтижелерін қорғау» және т.б. бағдарламаларды жатқызуға болады [6].

Зерттеу университеттерінде білім алатын бакалавриат студенттері ғылыми-зерттеу қызметі көп көлемде ақпаратты іздеу, жинау, талдау және жалпылау біліктерін қалыптастыруға бағытталған. Кембридж университетінің оқу жоспарына жүргізілген талдау нәтижесі бакалавриат студенттерінің ғылыми-зерттеу қызметі нәтижелерін ұсыну формалары берілген тақырыптар бойынша қарастырылған әдебиеттер бойынша эссе (essays), сонымен қатар курстық жұмыстар (thesis, paper) екенін көрсетті, ал жоғары курстарда – зерттеу жобалары (research projects) немесе диссертациялар (dissertation) орындайды.

Зерттеу университетінде студенттермен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының қызметінде кітапхананың маңыздылығын атап өтуге болады.

Ұлыбритания зерттеу университеттерінің кітапханалары ақпаратпен жұмыс жасау негіздерін үйрету бағытында студенттерге арналған білім берудің әртүрлі бағыттарында бағдарламаларын ұсынады. Мысалға Кембридж университеттік кітапханасы студенттерге арналған зерттеушілік біліктерді дамытуға бағытталған Research Skills Programme бағдарламасын даярлап, жүзеге асыруда. Осы бағдарлама аясында кітапхана бірінші курс студенттері мен оқудың басқа сатыларындағы студенттерге жыл бойы таныстыру семинарларын өткізеді. Зерттеу іс-әрекеті біліктерін дамытуға бағытталған бағдарлама міндеттері студенттерді қағаз және электронды бастауларда ақпарат іздеуді жүзеге асыра алу қабілеті, қолданылған әдебиеттерге сілтеме жасау, сонымен қатар жұмыстың әр түрлеріне арналған бағдарламалық қамтамасыз етудің түрлерін қолдана алу қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене келе, XXI ғасырда әлемдік білім беру жүйесіне біршама өзгерістер орын алған. Білім беру жүйесінің негізгі даму алғышарттарына:

- әлемдік қауымдастық даму жылдамдығының жеделдеуі нәтижесінде, өзгермелі жағдайларға жылдам бейімделе алатын адамдар даярлау қажеттілігінің туындауы;
- постиндустриялды, ақпараттық қоғамға көшу, мәдени қарым-қатынастар аймағының кеңею нәтижесінде коммуникабелділік және толеранттылық факторларының ерекше маңыдылығы;
- глобалды мәселелердің пайда болуы және өсуі мәселелерінің шешімі халықаралық қауымдастықтың өзара қарым-қатынас нәтижесінде өскелең ұрпаққа заманауи ойлауды қалыптастыруы қажет;
-

- қоғамның демократизациялануы, әлеуметтік және саяси таңдау мүмкіндіктерінің кеңеюі;
- экономиканың динамикалық дамуы, бәсекеге қабілеттіліктің дамуы, жұмыспен қамту сферасындағы өзгерістер, кәсіптік қабілеттіліктерді жоғарылату және жұмысшыларды қайта даярлау, кәсіптік мобильділікті дамыту;
- адами капиталдың өсуі, дамыған мемлекеттерде ұлттық байлықтың 70-80%-ы адами капитал, сондықтан жастарды және өскелең ұрпаққа білім беруді жүйелі озық білім беру тұрғысынан интенсивтендіру.

Дамыған мемлекеттер (АҚШ, Ұлыбритания, Батыс Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия және Оңтүстік Америка) білім беру жүйесіне қоғамның қазіргі және болашақтағы қажеттілігіне бағытталған реформалар жүргізуде.

Қазіргі кезеңде зерттеу университетінде бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың ерекшеліктерін анықтау мақсатында Қазақстан, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей мемлекеттерінің зерттеу университетерінде кәсіптік білім беру жүйесін теориялық тұрғыдан зерттеліп, салыстырмалы талдау жасалынды. Талдау нәтижелері кесте түрінде көрсетілген (кесте 2).

Кесте 2 – АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Қазақстан мемлекеттерінің білім беру жүйесіне талдау

АҚШ	**Ұлыбритания**	**Ресей**	**Қазақстан**
1	**2**	**3**	**4**
Басым тұстары			
Көп деңгейде халықты жоғары біліммен қамтамасыз ету. Кредиттік жүйені қолдану, факультеттен факультетке, университеттен университетке көшуге мүмкіндік беретін. Студенттердің жұмыс жасауға мүмкіндігі		Кредиттік жүйенің қолданылуы	Студенттердің жұмыс жасауға мүмкіндігі
Университеттердің оқу бағдарламаларын таңдағанда еркіндігі, либералдылық	Әртүрлі формадағы білім беру, білім беру бағдарламаларының икемділігі, көп мөлшерде кешкі ЖОО-ры, ересектерді оқыту орталықтары, сырттай оқыту жүйесін қолдану, әртүрлі бағыттағы магистратура	Қашықтан білім беру жүйесі қолданылады	Қашықтан білім беру жүйесі қолданылады
Білім беру қызметтерінің және шетелдік студенттердің үлесінің жоғарылығы	Мемлекеттік жоғары оқу орындарының көптігі, мемлекеттік қызметкерлер білім беру саласында қызмет атқарады, білім беру жүйесін мемлекет қадағалайды	Сырттай оқыту, әртүрлі бағыттағы бакалавриат, магистратура	Сырттай оқыту, әртүрлі бағыттағы мамандар даярлау
Жергілікті қажеттіліктер мен ерекшеліктерді ескеру	«Академиялық бостандық» принципі	Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқу мүмкіндігі, шәкіртақы	Қашықтан білім беру жүйесі қолданылады
Қолданбалы және ғылыми-зерттеу жұмыстарына тең дәрежеде қарау	Әртүрлі типтегі, автономды жоғары оқу орындарының көптігі	Мобильдік, шетелдерде оқуға мүмкіндік беретін көптеген бағдарламалар	Шетелдіктерге арналған курстар

2-ші кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоғары деңгейі	Нарық қажеттілігіне бағыттылық, қолдан балы-техникалық ма мандардың басымды лығы, тәжірибе өту мүмкіндігі		
Қашықтан білім беру масштабының үлкендігі	Ғылыми зерттеу лердің жоғары үлесі		
Ғылыми-техникалық мамандардың, магистр, докторлардың үлесінің жоғарылығы			
Білім беруді мемлекеттік қаржыландырудың басымдылығы			
Кемшіліктері			
Білім алуға жұмсалатын шығын көлемі			
Мемлекет масштабында ортақ қабылдау жүйесі жоқ	Қабылдау сынақтарының жоқтығы	Техникалық мамандардан гуманитарлық мамандар көбірек	Техникалық мамандардан гуманитарлық мамандар көбірек
Білім беру жүйелерінің децентрализациясы, оқу орындарының ортақ білім берудің қатаң федералдық стандарттары жоқ, қаржыландырудың ортақ көздері	Өндірістік тәжірибе көлемі аз	Жалпы білім беретін пәндер оқытушыларының көлемі, өндірістік пәндер оқытушыларынан жоғары	Жалпы білім беретін пәндер оқытушыларының көлемі өндірістік пәндер оқытушыларынан жоғары
Студенттердің төмен деңгейдегі сауаттылығы	Гуманитарлық мамандықтарда кредиттік жүйені қолданудың қиындығы	Оқу кезінде студенттердің төмен мотивациясы	Оқу орындарының өндірістік, практикалық сабақтарға арналған базасының ескіруі
Жекеменшік ЖОО үлесінің жоғарылығы	Білім сапасын бағалаудың ортақ талаптары жоқ	Еңбек нарығының сұраныстарымен жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің білім, біліктілік дәрежесі сай келе бермейді	Аумағының үлкендігіне байланысты қаржыландыру жеткіліксіз
Мемлекеттік көмек негізінен зерттеу университеттеріне жасалады	Оқу үдерісінің мерзімі созылуы мүмкін, кей елдерде студент санының көптігі	Жоғары оқу орнында алған мамандығы бойынша жұмыс жасайтын мамандардың саны аз	Оқу ғимараттары ескірген
Педагогикалық, ғылыми, инженерлік мамандардың жасының ұлғаюы және жас мамандардың жетіспеушілігі	Көптеген елдерде білім беру жүйесінің децентрализациясы		
	Оқу мерзімін бөлудің ортақ келісімдері жоқ		

Зерттеу нәтижесіне сүйене отырып, зерттеу университеттерінде кәсіптік білім беру жүйесіндегі ұйымдастырудың негізгі ерекшеліктерін атап көрсетуге болады:

1. Білім алу уақыты тұрақты емес. Студент университетте 3 жылдан 7 жылға дейін оқуы мүмкін. Кейбір мемлекеттерде мемлекетпен белгіленген білім алу уақыты болса да, нақты білім алу уақыты одан 1,5 есе ұзақ болуы мүмкін. Себебі, студенттер оқу жүктемесін өз ыңғайына қарай бөледі, сондықтан да оқу уақыты созылып кетеді.

2. Көптеген мемлекеттерде білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктері болғанына қарамастан, келесідей оқу кезеңдерін ұсынады:

- бакалавриат – 3-4 жыл;
- магистратура – бакалавр дәрежесі бар адамдарға 1 жыл;
- аспирантура, доктор дәрежесін алумен – 2-3 жыл, кейбір жағдайларда 5-7 жыл.

3. Бакалавриат мамандық бойынша базалық білім, методикалық біліктер және кең көлемде кәсіптік бағдар береді. Магистратура терең ғылымға үңілуге, маманданған ғылыми жұмыстар жасауға, ғылыми материал жинақтауға, синтездеу және талдау жасауға басты назар аударады.

4. Доктор дәрежесін алуға бағытталған аспирантура өз бетімен, тәуелсіз бірнеше жыл ішінде жасалатын ғылыми зерттеу жұмысын жасауды көздейді және болашақта жоғары оқу орнында оқытушы болып жұмыс жасау мүмкіндігін қарастырады.

5. Оқу үдерісі модульдер жүйесінен тұрады. Академиялық жүктеме аптасына 6-12 сағатты құрайды. Студенттер әр курс соңында емтихандар тапсырады. Барлық мемлекеттерде баллдарды есептеуде кредиттік жүйе қолданылады.

6. Бөлімдер бойынша пәндер жиынтығы мемлекетпен (мемлекеттік оқу жоспары немесе оқу стандарттары), немесе жергілікті билік өкілдерімен, немесе университетпен анықталады. Университет оқу бағдарламасын белгіленген мөлшерде өзгертуге құқылы. Жоғары оқу орындары ғылыми бағдарлама, оқыту формасын, педагогикалық жұмысты таңдауға құқылы. Алайда толық еркіндік берілмеген. Оқу бағдарламалары халықаралық агенттіктерде сапалық тексерулерден өтеді.

7. Университеттерде келесідей пәндер блоктары бар: жалпы білім беретін пәндер, мамандықтар бойынша пәндер, негізгі пәндер, факультативтер. Мамандықтар бойынша пәндерді студенттер өздері таңдайды, және оқу үдерісінің негізін құрайды. Жалпы білім беретін пәндерге көп уақыт берілмейді - 1-2 жыл, кейбір мемлекеттерде олар жоғары мектептерде мүлдем оқытылмайды, себебі орта мектептің соңғы екі жылында оқытылады. Негізгі пәндерді оқу міндетті.

8. Студенттер өзіндік оқу жоспарын жасайды, ұсынылған пәндер ішінен таңдайды. Пәндердің белгілі бір мөлшерін оқу міндетті, қалғандары таңдау бойынша пәндер мен факультативтер.

9. Оқу уақытын бөлгенде оның көп көлемі – өзіндік жұмысқа беріледі (оқу уақытының 70-90%), қалған уақыт лекция, семинар, тьютормен бірге өтетін сабақтар (аптасына 1 реттен кем емес). Кейбір мемлекеттерде теориялық дайындыққа және аудиториялық оқыту лекцияларға басым назар аударылады (Ұлыбритания), кейбір мемлекеттерде – практикалық сабақтарға басым назар аударылады (АҚШ).

10. Шетелдік университеттерде академиялық жазу жеке пән ретінде ендірілген. Университет сайттарына жасалған талдаулар нәтижесі көрсеткендей арнайы курстар ұсынылған, ғылыми мақала, ғылыми жобаларды жазуға бағытталған.

Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстандық аграрлық саладағы зерттеу университеті оқу үдерісін ұйымдастырудың сұрақтарында келесідей мәселелерді ескеру қажет:

1) оқыту уақытының регламенті (бакалавр – 4 жыл), жеке оқыту жоспарын жасап, тьюторлар мен сабақтарға қатысу, міндетті түрде тьютормен консультациялар;

2) негізгі және таңдау бойынша пәндер енгізу, негізгі пәндер университеттің таңдауы бойынша, элективті курстар студенттің таңдауы бойынша;

3) оқытушылар видеороликтер арқылы өз пәндерінің презентациясын жасап, білім дәрежесі, біліктіліктері жайында ақпарат дайындап, жоғары оқу орны сайттарына орнату. Сол презентациялар негізінде студенттер өздері қалаған элективті курстар мен оқытушыларды таңдауға мүмкіндік беру;

4) жалпы білім беретін пәндерден, кәсіптік бағдардағы пәндердің басымдылығын жоғарылату;

5) студенттердің өзіндік жұмыстарының артуы, тек қана лекция тыңдау емес, сонымен бірге студенттердің өзіндік жұмыстарын орындауы, курстық жұмыстар, өзіндік зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуын, ғылыми зерттеулерге бағыттылығын арттыруды қарастыру [7].

Әлемдік тәжірибеде зерттеу университеттері білім беру жүйесін зерттей келе, еліміздегі зерттеу университеттері қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында келесідей қорытынды шығаруға болады:

- кең көлемдегі зерттеу жұмыстарын жүргізуге ынталандыру;
- барлық пәндерде студенттердің бойында жүйелі ойлау қабілеттерін қалыптастыру;
- өзгермелі жағдайларға бейімделе, өзіндік даярлығын жоғарылатуға, өзіндік іздену, білім алуға бағдарлау;
- ортақ әлемдік білім беру жүйесі жөнінде айтуға негіз жоқ (Европалық жүйе жөнінде де), барлық мемлекеттердің білім беру жүйесінде өзіндік ерекшеліктер қалыптасқан;
- әрбір мемлекетте өзіндік мақсат мүддесіне сәйкес қалыптасқан білім беру жүйесі орнаған;
- әр мемлекеттің білім беру жүйесінде білім берумен қамтылған тұрғындарының санымен, ЖОО типтерімен, оқу үдерісін ұйымдастыруда, заңнамалық, саяси тұрғыдан қадағалануымен ерекшеленеді;
- әр мемлекет өз қажеттіліктері, мақсат, міндеттеріне сәйкес, мәдени құндылық, әдет-ғұрып, ұлттық ерекшеліктері, менталитетіне сәйкес білім беру жүйесін құрады;
- әрбір мемлекеттің білім беру жүйесінің субъективті ерекшеліктері болғанмен де, интеграция үдерісі жүруде;
- қаржыландыру көлемін ұлғайту.

Анықталған ерекшеліктерді ескере отырып, әлемдік тәжірибедегі зерттеу университеттерінің академиялық ерекшеліктерін Қазақстандық ЖОО-ы жағдайына бейімдеу негізінде әлемдік деңгейдегі зерттеу университетін қалыптастыруға болады деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ташкенбаева Ж.М. Қазіргі кезеңдегі бәсекеге қабілетті кәсіптік білім беру мамандарын даярлаудың ерекшеліктері // «Сейфуллин оқулары - 11: Жастар және ғылым»: республ. ғыл.-теор. конф. матер. - 2015. - Т. 1. – Б. 43-47.

2. World University Rankings 2016-2017 //https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings/2017/world-ranking#!/page/0/length/-1/sort_by/rank/sort_order/asc/cols/stats.

3. Times Higher Education World University Rankings //https://az.wikipedia.org/wiki/Times_Higher_Education_World_University_Rankings.

4. Дежина И. «Ведущие вузы» или «исследовательские университеты»? //Высшее образование в России. - 2004. - №8. - С. 9-17.

5. Tashkenbayeva Zh., Abdyrov A., Tarantsei V. Development of recearch universities in Kazakhstan // Al Farabi international journal on social sciences. – Turkey: IKSAD, 2017. – Vol. (AG) August. – P. 172-177.

6. Водичев Е. Исследовательские университеты США: анализ особенностей и приоритетов развития в контексте реформирования российской университетской системы // http://www.prof.msu.ru/publ/conf/conf14.htm.

7. Ташкенбаева Ж.М. Әлемдік тәжірибеде бәсекеге қабілетті кәсіптік білім беру мамандарын даярлау: 6М012000 педаг. магис. ... дис. – Астана: ҚазАТУ, 2014. - 112 б.

REFERENCES

1.Tashkenbayeva Zh.M. Kazirgi kezendegi basekege kabiletti kasiptik bilim beru mamandaryn dayarlaudyn erekshelikteri //«Seyfullin okulary - 11: Zhastar zhane gylym»: respubl. gyl.-teor. konf. mater.-2015.-T.1.–B.43-47.

2.World University Rankings 2016-2017 //https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings/2017/world-ranking#!/page/0/length/-1/sort_by/rank/sort_order/asc/cols/stats.

3.Times Higher Education World University Rankings //https://az.wikipedia.org/wiki/Times_Higher_Education_World_University_Rankings.

4. Dezhina I. «Vedushchiye vuzy» ili «issledovatelskiye universitety»? //Vyssheye obrazovaniye v Rossii. - 2004. - №8. - S. 9-17.

5. Tashkenbayeva Zh.. Abdyrov A.. Tarantsei V. Development of recearch universities in Kazakhstan // Al Farabi international journal on social sciences. – Turkey: IKSAD. 2017. – Vol. (AG) August. – R. 172-177.

6. Vodichev E. Issledovatelskiye universitety SShA: analiz osobennostey i prioritetov razvitiya v kontekste reformirovaniya rossiyskoy universitetskoy sistemy //http://www.prof.msu.ru/publ/conf/conf14.htm.

7. Tashkenbayeva Zh.M. Alemdik tazhiribede basekege kabiletti kasiptik bilim beru mamandaryn dayarlau: 6M012000 pedag. magis. ... dis. – Astana: KazATU, 2014. - 112 b.

ӘӨЖ 37.018.11:379.825(574.5) **ҒТАМР 06.54.31**

Қ.Т.ӘТЕМОВА[1], Л.А.ТЛЕУБЕКОВА[2], А.Ж.КУПЕШОВА[3], Қ.І.АБДРАХМАНОВА[4]

[1] п.ғ.д., профессор м.а., Ахмет Ясауи университеті
[2] Ахмет Ясауи университетінің PhD докторанты
[3] Педагогикалық шеберлер орталығының тренері (Шымкент, Қазақстан)
[4] Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры (Шымкент, Қазақстан)
e-mail: kalipa_atemova@mail.ru

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНДЕГІ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Қоғам талабына сай инновациялық білім беру жүйесінің негізін қалайтын орта, шетелдің және отандық озық тәжірибелерінің қайнар көзі – Назарбаев Зияткерлік мектептер желісі іске қосылғалы білім беру саласында инновациялық оқыту жүйесі қалыптаса бастады. Елбасының тікелей тапсырмасы бойынша құрылған бұл мектептер желісінің басты міндеттері, ең алдымен, үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибелерді ықпалдастыратын орта білім берудің жаңа моделін құру және оны енгізу, екіншісі, озық тәжірибені Қазақстанның орта мектептеріне тарату болып табылады. Бұл міндеттердің атқарылуы-қоғамның жылдам дамуына орай, сол өзгерістерге ілесе алатын, жаңа технологиялар тетігін басқара алатын, сыншыл, кезкелген мәселелерді жоғары дағдыларды (анализ және синтез жасай алатын) меңгере отырып, шеше алатын жас ұрпақты тәрбиелеумен ұштастырады. Сөйтіп, қазақтың элитасын тәрбиелеуді меже тұтады. Бұл мақалада аталған білім ордасының алдына қойған мақсатына бағытталған тәрбие мен білім беру мазмұнының инновациялық сипаты баяндалады.

Кілт сөздері: зияткерлік мектеп, үздіксіз білім беру, интеллект, құндылықтар, инновация.

К.Т.Атемова, Л.А.Тлеубекова, А.Ж.Купешова, К.І.Абдрахманова Инновационный характер содержания непрерывного образования в Назарбаев Интеллектуальной школе

С момента введения в действие сети Назарбаев Интеллектуальных школ которая является средой для основания системы инновационного образования в соответствии с требованием общества, а также источником передового зарубежного и отечественного опыта в сфере образования началось формирование инновационный системы обучения. Основными приоритетами школ, созданных согласно прямому поручению главы государства, является, во-первых, создание и внедрение новой модели среднего образования, интегрирующая лучший казахстанский и международный опыт, во-вторых, распространение данного опыта в средних школах Казахстана. Осуществление этих задач связано с воспитанием молодого поколения, которое способно идти в ногу с интенсивными изменениями в обществе, умеющего руководить рычагом новых технологии в решении проблем (анализ и синтез). То есть, имеет цель воспитать казахскую элиту. Данная статья акцентирует внимание на инновационном характере воспитания детей и содержаний образования в вышеуказанном учебном заведений.

Ключевые слова: интеллект, ценности, цель, инновация, процесс, оценивание, проекты.

К.Т.Atemova, L.A.Tleubekova, A.Zh.Kupeshova, K.I.Abdrakhmanova

The innovative character of ongoing educational content in Nazarbayev intellectual school

The formation of an innovative learning system has begun since the introduction of the network Nazarbayev Intellectual school, which is the founded as an environment for innovative education in accordance with the requirements of society, as well as a source of advanced foreign and domestic experience in the field of education. The main priorities of schools, established under the direct instructions of our president, is primarily the creation and implementation of a new model of secondary education, integrating the best Kazakhtani and international experience, and secondly, the transmission of this experience in secondary schools of Kazakhstan. The implementation of these tasks is associated with the education of the younger generation, which is able to keep pace with the intense changing society, able to lead new technologies in solving problems (analysis and synthesis). That is, it aims to educate the Kazakh elite. This article focuses on the innovative ways of pupils educationand education contents in mentioned educational institutions.

Keywords: intellect, values, aims, innovation, process, evaluation, projects.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауындағы: «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет» деп ерекше атап көрсетуі бүгінгі мектептердегі білім беру жүйесін инновациялық тұрғыда әлемдік технологиялармен кіріктіре құруды міндеттейді. Мұндағы көзделген мақсат – ең алдымен, XXI ғасырда қажеттілік туғызып отырған қабілеттерді оқушы бойына қалыптастыра алатын, шығармашыл, өзгеріске бейім, жаңашыл, кез келген өзгеріске оңай бейімделетін педагог кадрларды даярлау және қайта даярлауды керек етті [1]. Сондықтан, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының тікелей басқаруымен 2011 жылдан бастап түрлі педагог мамандарының шеберлігін арттыратын инновациялық оқу курстарын, семинарлар, тренингтер және шеберлік сағаттарын ұйымдастырып бастады. 2012 жылдан бері еліміздің 70 мыңнан астам мектеп мұғалімдері аталған оқу курстарынан өтіп, қазіргі таңда 200 мыңнан астам мұғалімдер жаңартылған білім беру мазмұнымен оқытылды. Бүгінгі күні бұл бағдарламалар қарапайым мектептерде жүзеге асырылып отыр.

Бұл үрдіс Назарбаев Зияткерлік мектептер желісінде еңбек етіп жатқан әрбір маманның тікелей қатысуымен сәтті орындалып жатыр. Өйткені, орта мектеп оқытушылары мен басшыларына арналған түрлі іс-шаралар халықаралық, республикалық, облыстық және аймақтық деңгейде мектепішілік семинарлар ұйымдастырылып қана қоймай, жергілікті мектептердегі сабақтарға біздің мұғалімдер барып қатысып, керегінше кері байланыс беріп қолдау көрсетілуде. Сонымен қатар, әдістемелік порталда НЗМ мұғалімдері дайындаған еліміздің түкпір-түкпіріндегі мектептерге қолжетімді 55 мыңнан астам мұғалімдер қолданатын күнделікті сабақ жоспарлары, аудио-видео баспалары және жаңа бағыттағы түрлі әдістемелік құралдар жасақталып, ұсынылды.

Статистика бойынша отандық орта мектептерінің 17,5 млн. мұғалімдері осы әдістемелік порталдың көмегіне жүгінеді екен [2]. Шалғайда орналасқан мектептер де назардан тыс қалдырылған жоқ. Қазіргі таңда «Ауылды қолдайық» атты бағдарламасын жүргізуде тек мектеп қызметкерлері ғана емес, оқушылар да белсенділігін танытып жүр. Мұғалімдер тарапынан әдістемелік көмек көрсетілсе, оқушылар өздері өсірген гүлдері мен қолдан жасаған бұйымдарын апарып, сол мектептің балаларымен тілдесіп қайтады. Мектеп кітапханасына НЗМ тарапынан үш тілде әдеби шығармалар жинағы, оқу-әдістемелік

құралдар сыйға тартылуда. Бұл жобаның негізгі мақсаты – оқушының толеранттылығын қалыптастырып, бауырмашылдығын арттыру, оларды отансүйгіштікке баулу және баланың ертеңге деген сенімін нығайту болып табылады. Назарбаев Зияткерлік мектептері Дербес Білім Беру Ұйымының 2030 жылға арналған стратегиясында басты назар сапалы білім беруді меңгерумен қатар, еліміздің орта мектептерінің жаратылыстану ғылыми циклі бойынша сабақ беретін мұғалімдер пәнін ағылшын тілінде өткізу мүмкіндігіне ие болуды көздейді. Сондықтан, қазіргі таңда еліміздің барлық аймақтарында аталған пән мұғалімдері ағылшын тілі курстарынан өтуде. Ал, НЗМ-нің 30%-нан астам мұғалімдері халықаралық DELTA және CELTA сертификатталынған тренерлер. Бұл көрсетіліп отырған мұғалімдерге қолдау – өзі ғана біліп қоймай, алған білімін өз ортасында бөлісуді міндеттейді.

Еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев Назарбаев Зияткерлік мектептер желісін құруда өз Отанын сүйетін, патриот, эмоционалды интеллект, жауапкершілігі жоғары, кез келген мәселелерді шеше алатын, бірнеше тілді меңгерген, алған білімін ел ертеңіне жұмсайтын, жоғары қабілетке ие ұрпақты тәрбиелеуді көздеді. НЗМ даярлаған оқу бағдарламасы халықаралық стандартқа сай, баланы барынша жан-жақты тәрбиелеуге және білім беруге бағытталған. Аталмыш оқу орны өз кезегінде еркін таңдау жасай алатын, қоғамдық өмірге жауапкершілікпен қатысуға ынталы, белсенді азаматтық ұстанымы бар, жоғары білімді және тәрбиелі тұлғаны даярлауды көздейді. Сондықтан білім беру бағдарламасында білім беру мазмұнының маңыздылығын анықтайтын құндылықтар белгіленген. Бұл құндылықтар:

- Құрмет
- Ынтымақтастық
- Ашықтық
- Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік
- Еңбек және шығармашылық
- Өмір бойы үздіксіз білім алу.

Аталған құндылықтар оқушыларға өмірлік бағдар ретінде үйлесімді дамыған зиялы тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді [3]. Бұл құндылықтар мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарында белгіленіп, оқушылардың қабілеттерінде көрініс табуын жоспарлайды және сабақ жүйесінде оқытушылар аталған құндылықтарды бала бойына сіңіру әдіс-тәсілдерін қолданады. Білім беру мазмұнының құрылымы мен көлемі сәйкес келіп, оқытуда баланың жас және дара ерекшелігін ескере отырып, оқу жоспары мен сабақ жоспарының үйлесімді ұйымдастырылуы ескеріледі. Оқушылар жоғары дағдыларды игеруде оларды ғылыми зерттеу жұмыстарына баулып, сыни және креативті ойлауға жүйелі түрде баулуды қажет деп есептейді. Мәселен, мектеп қабырғасында жүргізіліп жатқан оқыту мен тәрбиелеу үрдісі оқушыларға ғылыми жобалар түрлеріне таңдау еркіндігін беріп, сабақ кезінде немесе сабақтан тыс үйірмелерде зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік туғызады. Осы орайда мектептер желісінде Action Research және Lesson Study жобалары мұғалімдердің бірлесе отырып зерттеу жүргізуіне орай, балаға қандай қолдау және бағыт көрсету керектігі айтылады.

НЗМ-дегі білім беру мазмұнының пәнаралық байланыста іске асырылуы – бір тақырыптың екі пәнмен кіріктіріліп өтілуі балаға жан-жақты толыққанды ақпарат алуына мүмкіндік береді. *Тимтичинг әдісі* бойынша жүргізілетін бұл оқудың мәні – екі пән (мәселен, химия пәні мен математика пәні бірге) мұғалімнің тәжірибесі, білімі және біліктілігі тоғысып, оқушыға жай ақпарат беріп қана қоймай, оны өмірлік тәжірибесінде қолдануына жағдай жасайды [4]. Мәселен, ағылшын тілі сабағын «Қазақтың салт-дәстүрлері» атты тақырыпта «Өнер және дизайн» пәнімен байланыстыра отырып, ағылшын тілі пәнінің көмегімен тақырыпқа сай жаңа сөздерді үйреніп қана қоймай, өнер және дизайн пәнінің

мұғалімінің көмегімен сәукеленің қазақ халқында алатын орны, сол туралы аңыз-деректермен және шапанның түрлерімен танысып, аталған бұйымдарды қолмен жасап көруі арқылы түрлендіріліп өтіледі. Бұл оқушының ойлау мүмкіндігін арттырып қана қоймай, жан-жақты білім жинақтауына септігін тигізетіні сөзсіз. Әр сабақтың анализдеу-синтездеу сатысында оқушылар алған білімін жинақтап, қорытындылап, ойлау шеберлігінен жаңа бір дүниені жасап шығару сатысына көтеріледі. Осы сабақтың аясында оқушыларға заманауи ұлттық киімдер үлгісінің моделін салу және жасап шығару тапсырмасы беріледі. Бір-біріне ұқсамайтын ерекше туындыларды жасап шығарып қана қоймай, оны ағылшын тілінде жаңа терминдерді пайдалану арқылы суреттей алуы екі пәнді қатар меңгеруімен ұштастырылады.

Үштілді саясатты қолдайтын, әрі сол бағытта жұмыс жасайтын бұл мектептер желісінің көздеген мақсаты – көптілді тұлға, яғни, үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) қарым-қатынасқа түсе алатын, өз ұлтының мәдениетін бағалап қана қоймай, өзге ұлттың мәдениетіне құрметпен қарау мүмкіндігіне ие болатын тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Бұл өз кезегінде оқушыларға үш тілде ақпарат алуға, бір-бірімен тәжірибе алмасуға, оны түсінуге және алған ақпаратын жай түсініп қана қоймай, оны анализ-синтез жасап талдауына жағдай жасайды. Жоғарғы дағдыларды меңгерген оқушылар айналадағы өтіп жатқан дүниелерді танып-біліп және бағалап қана қоймай, қоғамда болып жатқан құбылыстар мен өзгерістермен байланыс орната алады.

Оқу бағдарламада спиральді оқыту жүйесі негізгі орынды алады. Бұл жүйенің мақсаты оңайдан күрделіге қарай оқыту, яғни, баланың жас ерекшелігіне қарай біртіндер күрделене оқыту үрдісі ұйымдастырылады. Мәселен, ұзақ мерзімге бекітілген тараулар мен тақырыптар төменгі сыныптан жоғары сыныпқа дейін күрделеніп, жас ерекшелігіне қарай білім алу кеңістігін кеңейтетіндей құрылады. Бала төменгі сыныпта үйренген білімін қарапайым сатыдан жоғары сыныпқа барғанда күрделі сатыға көтеру арқылы өз деңгейін көтереді. Бұл оқушыға білімді тереңінен түсінуіне жағдай туғызады. Мәселен, ағылшын тілі сабағында оқушылар «Транспорт» тарауын төменгі сыныпта олардың түрлерімен танысса, жоғары сыныпқа келгенде оқушылар оның қоғамда алатын орны мен зиянды тұстарын сөз етеді. Оқушыларды транспортқа қатысты қоғамда болып жатқан мәселелерді шешуге ат салысуға

бағыттайды. Байқап отырсақ, бала жүйелі түрде сатылы дағдыларды игеру мүмкіндігіне ие бола отырып, қоғамдық мәселелерге бей-жай қарамауға үйренеді, сондай-ақ, бала өзін қоғамның ең маңызды бөлшегі екендігін түсінеді. Бұл іс-әрекетке жастайынан дағдыланған бала келешекте толыққанды тұлға болып қалыптасатындығына көзіміз жетеді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқу бағдарламасында ең ұтымды жаңалық, бұл – оқыту мен оқуды критериалды бағалау жүйесі. Критериалды бағалау жүйесін Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ төрағасы К.Н.Шәмшидиновамен еліміздің бірқатар телеарналарында сұхбат жүргізілгенде мынадай ақпарат берген болатын: «Бағалау және баға. Баға деп отырғанымыз - бала тапсырманы орындай алу сапасына берілетін балдық шкала. Ол 1-2-3-4-5 секілді болуы мүмкін. Ал, бағалау – оқушы мен мұғалім байланысқа түскен үдеріске баға беру. Бұл өз кезегінде оқыту мен оқыту үшін бағалау болу мүмкін. Оқытуда балаға қай тақырыпты меңгерген-меңгермегендігін, қай іс-әрекетте тиянақты нәтиже көрсеткен-көрсетпегендігін, қай тақырыпты қайтадан түсініп оқу керектігін түсінеді» десе, ал «оқыту үшін бағалауда бала сабаққа кері байланыс беру арқылы сабақтың сапасын арттыруына оқушылар өз ықалын тигізеді», - деді [5]. Осыған орай, балалардың оқу жетістігін және пәнді меңгеру нәтижелерін алдын ала әзірленген критерийлер негізінде оқушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелері мен күтілетін оқу нәтижелерін салыстыруды көздейді.

Назарбаев Зияткерлік мектептер желісінде жоғарыда атап өткендей, бала мектеп қабырғасында жан-жақты тәрбиеленеді және білім алады. Танымдық интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін қалыптастыру және дамыту үшін мектепте арнайы бағдарламаға сәйкес түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Атап айтар болсақ, жағымды жаңалықтар, мектепішілік пәнаралық олимпиада мен ғылыми жобалар сайысы, баспаға мақала жариялау жарысы, креативті самғау фестивалі, жүз ән, жүз кітап жобасы, жаһандық жұма, XXI ғасыр көшбасшысы атты интеллектуалды танымдық сайысы, ридинг тайм жобасы, ментальды арифметика жобасы, ақылды бейсенбі кездесуі, күзгі балл, қыз сыны, жігіттер сұлтаны сайыстары, шаңырақ қауымдастығы, туған елге тағзым өлкетанымдық экспедициясы, Арт-фестиваль және т.б. жобалар жоғары деңгейде атқарылуы оқушылардың қызығушылығының артуы мен жауапкершілігін арттыра түседі.

Жоғарыда келтірілген оқытудың жаңа формасы мен бағыты, сонымен қатар оның сәтті жүзеге асырылудың арқасында осы кезеңге дейін жиырма екі Назарбаев мектептерінен 5660 түлек бітіріп, оның 90%-ы жоғары оқу орындарында мемлекеттің есебінен оқу грантына ие болған. Солардың 20%-ы еліміздің беделді ЖОО-ның көшбасшысы Назарбаев Университетіне түссе, 10%-дан астамы шетелдің алдыңғы қатарлы университеттерінің студенттері атанды. 600-ден астам НЗМ оқушылары халықаралық және республикалық деңгейде ұйымдастырылған олимпиадалар мен ғылыми зерттеу жобалардан 10 алтын, 11 күміс және 10 қола медальдарды қанжығасына байлады.

Қорытындылай келе, Назарбаев Зияткерлік мектептер желісі өңірлердегі әдістемелік орта ретінде түрлі іс-әрекеттерді ең әуелі апробациядан өткізіп, сыннан сүрінбей өткен тиімді әдіс-тәсілдерін орта мектептерге тарататын алаң болып табылады. Бұл үрдіс жалпы алғанда, орта білім беру сапасын жақсартып, келешек жастардың сұранысқа көптеп ие болуын қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты,
2. Астана, 2012, Өңделген 14. 04. 2017, интернет www.mfa.kz
3. *Шамуратова К. Ш.* Инновациялық білім беру ортасы жағдайында педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін дамыту факторлары, www.zkoipk.kz
4. Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2017 жылғы 6 тамыздағы (№ 41 хаттама) шешімімен бекітілген оқу бағдарламасы.
5. Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012., 6-7.
6. К.Ш.Ноғатайқызының «Бетпе-бет» бағдарламасында берген сұхбаты, интернет www. Youtube.com.

REFERENCES

1. «Kazakhstan-2050» Strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty, Astana, 2012, Ondelgen 14. 04. 2017, internet www.mfa.kz.
2. *Shamuratova K. Sh.* Innovatsiyalyk bilim beru ortasy zhagdayinda pedagogtardyn kasibi kuzirettilikterin damytu faktorlary, www.zkoipk.kz.
3. «Nazarbayev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU Baskarmasynyn 2017 zhylgy 6 tamyzdagy (№ 41 khattama) sheshimimen bekitilgen oku bagdarlamasy.
4. Trenerge arnalgan nuskaulyk. «Nazarbayev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU, 2012., 6-7.
5. K.Sh.Nogataikyzynyn «Betpe-bet» bagdarlamasynda bergen sukhbaty, internet www. Youtube.com.

УДК 378 **ГРНТИ 14.01.11**

K.M.BERKIMBAYEV[1], K.ORAZBEKULY[2], Zh.B.BURAYEVA[3]
[1]Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Ahmet Yassawi University
[2]Candidate of Pedagogical Sciences, Docent, Ahmet Yassawi University
[3]Phd student of Ahmet Yassawi University
e-mail: kuandyk.orazbekuly@ayu.edu.kz

PEDAGOGICAL CREATIVITY – A MULTISTAGE COMPLEX PROCESS

In this article we will focus on the different values of creativity, consider pedagogical creativity. Pedagogical creativity is considered as a set of pedagogical knowledge and skills based on pedagogical creativity. Proper application of acquired knowledge in teaching practice is an important ability of the creative specialist. As all of us know, the pedagogics is science about laws of training and education of the person, it studies regularities and ways of successful transfer of social experience of the senior generation to younger. In pedagogical process of the great importance is development of personal creativity.

Keywords: pedagogics, education, training, creativity, pedagogical creativity, creative thinking, ability, development of the personality, creative capacity.

К.М.Беркимбаев, Қ.Оразбекұлы, Ж.Б.Бураева
Педагогикалық креативтілік – көпсатылы күрделі процесс

Бұл мақалада біз креативтіліктің әртүрлі мағыналарына тоқталамыз, педагогикалық креативтілікті қарастырамыз. Педагогикалық креативтілік педагогикалық шығармашылыққа негізделген педагогикалық білімдердің және біліктердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Меңгерген білімін педагогикалық тәжірибеде дұрыс қолдана білу шығармашыл маманның маңызды қабілеті болып табылады.

Кілт сөздері: педагогика, тәрбиелеу, оқыту, креативтілік, педагогикалық креативтілік, креативті ойлау, қабілет, тұлғаның дамуы, креативтік әлеует.

К.М.Беркимбаев, К.Оразбекулы, Ж.Б.Бураева
Педагогическая креативность как многоэтапный сложный процесс

В данной статье мы остановимся на различных значениях креативности, рассмотрим педагогическую креативность. Педагогическая креативность рассматривается как совокупность педагогических знаний и умений, основанных на педагогическом творчестве. Правильное применение усвоенных знаний в педагогической практике является важной способностью творческого специалиста. Общеизвестно, что педагогика это наука о закономерностях обучения и воспитания человека, изучающая пути успешной трансформации социального опыта от старшего поколения подростающему. В педагогическом процессе немаловажным является развитие креативности личности.

Ключевые слова: педагогика, воспитание, обучение, креативность, педагогическая креативность, креативное мышление, способность, развитие личности, креативный потенциал.

Today, in the context of globalization and informatization, the training of professionals - professionals with creative and foreign language competence, creative potential and critical thinking is one of the main goals of education. Modern education should be continuous, high-quality, active,

based on informational and innovative technologies. It is necessary to move away from traditional problem statements and their solution, to be able to adapt to the dynamic language environment and the conditions of modern society.

In modern society, creative solution of the problem or creative thinking, in general, becomes an integral part of successful and advanced, professional and competent specialist, regardless of the profile of his work. Despite the fact that the word "creativity", as the term appeared relatively recently, today, creativity is a very demanded human quality that leads to career and professional growth, it embraced all working industries and became a necessity for the future specialist, including the future teacher.

"Creative pedagogy, on the one hand, is an interdisciplinary branch of scientific knowledge. It is closely connected with general and professional pedagogy and psychology, psychology of vocational education, methods and technologies of vocational training and education. On the other hand, it is an independent branch of pedagogical science, as well as an academic discipline. Their difference is traced when comparing the goals, objectives, objects, objects and methods of research and study» [1].

In the general sense, creativity is creative consideration of something original in ordinary things, solving the set task, deviating from the traditional patterns of thinking. Creativity is the creative abilities of the individual, allowing you to create and implement new ideas. And according to psychologists, each person can learn to think creatively, as well as develop and improve this skill every day.

There are several concepts of creativity, but one way or another, they are all related to the creative abilities of the individual.

Different dictionaries give different definitions of this concept. For example, in a large psychological dictionary edited by B.G. Meshcheryakov is given the definition that creativity is a person's creative abilities (capacities) that can manifest themselves in thinking, feelings, communication, certain activities, characterize the whole person and/or its individual aspects, products of activity, the process of their creation [2].

In the short psychological dictionary under A.V. Petrovsky and M.G. Yaroshevsky's edition it is said that creativity is the level of creative endowments, abilities to creativity which is rather steady characteristic of the personality [3].

In the book of V.N. Savchenko and V.P. Smagina, "The Beginnings of Modern Natural Science", gives the following definition that creativity is the ability to do or in some other way implement something new: a new solution to a problem, a new method, a new work of art; synonymous with the word "forgetive". Creativity is in constant contradiction with the established, generally accepted, as the dualism of intelligence and intuition, consciousness and the unconscious, generally accepted and unconventional, complexity and simplicity [4].

In the encyclopedic dictionary of the teacher V.S. Bezrukov "Fundamentals of Spiritual Culture" gives a definition of creativity, that creativity is the quality of the person, expressing the degree of human creativity in the sphere of everyday life, communication, professional and social activities. It manifests itself through thinking, feelings and relationships, in a variety of activities. Creativity is an indicator of person's creative endowments, his susceptibility to new ideas [5].

Thus, from the point of view of psychology and pedagogics creativity is creative endowments of the personality which promote generation of the unusual ideas and help to solve problem situations quickly.

As all of us know, the pedagogics is science about laws of training and education of the person, it studies regularities and ways of successful transfer of social experience of the senior generation to younger. Training and education belong to main types of pedagogical activity.

Training – the purposeful process of knowledge of the phenomena of the world around and laws of life which is carried out by means of interaction of the pupil with the teacher. Education is a process of purposeful influence as which main objective serves accumulation by the pupil of necessary social experience for life in society, formations of certain system of values.

Creativity in professions of the teacher is considered ability to creativity, acceptance and creation new, to independent way of thinking, generation of a large number of the original and useful ideas. Creativity of the person defines her rea diness t o change, refuse stereotypes, helps to find original solutions of complex problems in uncertain situations; this internal resource of the personality helping him to gain independence successfully in society.

There has long been a discussion about whether a teacher should have innate abilities for pedagogical activity, whether anyone can learn teaching. Some researchers argue that you can become a master teacher by working in the workplace alongside excellent teachers, gaining skills and experience. Others point out the need for possession of pedagogical talent: there he is - success in work is secured. “The teacher must be born,” they say. Thirds agree with A.S.Makarenko, arguing that in pedagogical activity, the main thing is not talent, but pedagogical excellence based on skill, on qualification [6].

The term "education" literally means "to form", "to create", "to educate", in addition to it, the word creation in pedagogics is connected, and in certain cases, even replaced with a word "formation". From this we can say that by educating and training students, the teacher forms, that is, develops the personality. This is exactly the difference between every specialist of any profile and teacher, that a specialist at his work uses his human and professional qualities, including creativity, while the teacher teaches other people and personalities to acquire, form and develop these qualities, including creativity. Creativity is not a separate aspect of the teacher’s personality, on the contrary, it is his essential characteristic.

Creative pedagogy is put forward to describe practice that enhances creative development through three interrelated elements - creative teaching, teaching for creativity, and creative learning [7].

In the course of training conditions for self-adapting, various forms of skills of the solution of problems, formations of need for knowledge and actions for formation of creative potential of the student have to be created. Development of creative activity of students is characterized by self-determination of creative tasks, forecasting of the most effective ways of the solution of tasks and self-determination and a self-assessment. Creative training is determined by initiative and activity of the student, in this regard it is necessary to consider effective methods of activation of creative activity of future experts.

Summing up, we can say that the words “creative” and “teacher” are synonymous. Teachers must be creative masters in making boring, monotonous learning goals and creating interesting, engaging learning activities. Also, pedagogical creativity is a multistage and complex process. For the effective implementation of this phenomenon, teachers need knowledge of the main stages of creative activity and ways to implement them.

REFERENCES

1. Utyomov V.V., Zinovkina M. M., Gorev P. M., Pedagogika kreativnosti: prikladnoy kurs nauchnogo tvorchestva: Uchebnoe posobie. – Kirov: ANOO «Mezhregionalnyiy TsITO», 2013.

2. Bolshoy psihologicheskiy slovar. – M.: Praym-EVROZNAK. Pod red. B.G.Mescheryakova, akad. V.P. Zinchenko. 2003.

3. L.A.Karpenko, A.V.Petrovskiy, M.G.Yaroshevskiy. Kratkiy psihologicheskiy slovar. – Rostov-na-Donu: «FENIKS», 1998.

4. V.N.Savchenko, V.P.Smagin. Nachala sovremennogo estestvoznaniya. Tezaurus. – Rostov-na-Donu: «FENIKS», 2006.

5. Bezrukova V.S. Osnovyi duhovnoy kulturyi. Entsiklopedicheskiy slovar pedagoga. Ekaterinburg: GOU VPO UGTU-UPI, 2000. – 937 s.

6. Mizherikov V.A., Ermolenko M.N. Vvedenie v pedagogicheskuyu deyatelnost: ucheb. posobie. – M.: Ped. obschestvo Rossii, 2002. – 268 s.

7. Lin, Y. (2011) Fostering Creativity through Education – A Conceptual Framework of Creative Pedagogy. Creative Education, 2, 149-155. doi: 10.4236/ce.2011.23021.

ӘОЖ 378 **МҒТАР 14.35**

Қ.А.САРБАСОВА[1], Ж.Е.АЛШЫНБАЕВА[2]

[1]п.ғ.д., профессор, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Астана)

[2] PhD, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (Қарағанды)

БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГТАРЫН ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІНЕ ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ЕНДІРУ

Дуальды оқыту дегеніміз болашақ мамандардың теориялық білім алуы кезінде оқуды өндіріспен ұштастыруы болып табылады. Студенттің жан-жақты қабілетті де білікті маман болып қалыптасуы оның келешек мамандығын жетік меңгеруіне тікелей байланысты. Демек, ғылыми айналымға енгізіліп отырған дуальды оқыту жүйесінің маңызы да ерекше. Оның маңыздылығы Елбасының дәстүрлі Жолдауларында да жиі айтылып келеді.

Бұл мақалада болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау үдерісіне дуальды оқыту жүйесін ендіру мәселесі қарастырылған.

Кілт сөздері: дуальды оқыту жүйе, заманауи, кәсіби стандарт, стратегия, кәсіби біліктілік, жалпы білім беру, кәсіпорын, колледж, құзыреттілік, университет.

Қ.А.Сарбасова, Ж.Е.Алшынбаева

Введение дуальной системы обучения в процесс подготовки будущих педагогов профессионального обучения

Дуальное обучение это сочетание учебы с производством при получении теоретических знаний будущих специалистов. Становление студента разносторонне способным и квалифицированным специалистом напрямую связано с усвоением своей будущей профессии. Следовательно, введенная в научный оборот система дуального обучения имеет особое значение.

В этой статье рассмотрена введение дуальной системы обучения в процесс подготовки будущих педагогов профессионального обучения.

Ключевые слова: система дуального обучения, современный, профессиональный стандарт, стратегия, квалификация, общее образование, предприятие, колледж, компетенция, университет.

K.A.Sarbassova, Zh.E.Alshinbayeva

Introduction of the Dual System of Training in the Process of Training Future Teachers of Professional Training

Dual training it is the combination apprenticeships of future professionals with the manufacture while studing the theoretical knowledge. The students are taught to be capable and qualified specialist in the field of taining with the advancement of their future profession. Obviously, the importance of the dual system of education is equally significant. The significancy of this word is often mentioned in the headline of the state.

This article deals with the introduction of a dual education system in the process of teaching future specialists.

Keywords: dual education system, modern, professional standard, strategy, professional qualifications, general education, business organization, college, competence, university.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Дуальды кәсіптік білім беруді дамытудың маңызы зор. Бұқаралық маман кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары қажет», - деді. Мемлекет басшысы колледждерде дуальды оқыту әдісін енгізу туралы нақты тапсырма да жүктеді [1].

Қазақстан Халқы Ассамблеясының 19-сессиясында «Самұрық-Қазына» қорына арқаулық кәсіпорындар тізімін белгілеп, дуальды модельді бірте-бірте енгізудің жоспарын әзірлеуді тапсырған болатынды.

Шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, білім берудің жаңа буын мемлекеттік стандарттарын жасауға жұмыс берушілер қатыстырылып, дуальды оқыту жүйені кәсіптік білім беру үлгісіне енгізудің мүмкіндіктері мен алғышарттары қарастырылуда. Кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандарттарының жаңа буыны құзыреттілік қатынасқа негізделген, соған сәйкес қазіргі заманғы маман еңбек нарығында және кәсіби салада әлеуметтік қорғалуды, икемділікті, бейімделгіштікті, табыстылықты қамтамасыз ететін әлеуметтік және кәсіби сапалардың жиынтығына ие болуы қажет. Стандарт талаптарына сәйкес кәсіби құзыретті маман даярлау мазмұны білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға ғана емес, өндіріс қажеттіліктеріне сәйкес дамыған кәсіби іс-әрекет дағдыларын меңгертуге бағытталған.

Дуальды жүйенің басты негізі-студенттерді оқу орны мен өндірісте қатар оқыту. Дуальды оқыту әдісі әлемнің көптеген елдерінде, мысалы, Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швеция, Англия, Оңтүстік Корея сияқты дамыған мемлекеттерде табысты жұмыс істеуде.

Кәсіптік білім берудің бұл бастапқы кәсіптік формасын қамтамасыз етудегі маңызды рөл XX ғасырдың басында бастапқымен салыстырғанда білікті мамандарды үйретуге дайындалды, білікті қызметкер немесе өнеркәсіп шебері мәртебесіне ие болған салаға ауысқан. Өз кезінде дуальды жүйені енгізу Германиядағы кәсіптік білім берудің сандық проблемасын шешуге бағытталған. Статистиканың көрсеткеніндей, бұл шын мәнінде кәсіптік білім беру жүйесінде студенттік орындардың айтарлықтай өсуіне әкелді [2].

Германияда кәсіптік білім беру жүйесі екі құрамдас бөліктерден тұратындықтан «дуальды» деп аталады. Оның біріншісі – қажетті практикалық білім мен біліктерді кәсіпорында алу және жалпы білімдік, теориялық білімді кәсіптік мектепте алу. Осылайша оқу үдерісіне деген жауапкершілікті екі мекеме мойнында болады. Дуальды кәсіптік білім

беру шеңберінде ең алдымен экономиканың барлық саласына арналған 350 мамандық бойынша жалпы жұмысшы мамандар даярланады (қол өнеркәсібі, өндіріс пен сауда, қызмет көрсету сферасы, кеме қатынасы, ауылшаруашылығы, мемлекеттік қызмет, сонымен қатар, дәрігер, аудармашы, адвокат және т.б. сияқты еркін тәжірибе мамандықтары).

Дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыруды Ресей мемлекетінде қолдап, бұл жүйенің негізінде ауқымды жұмыстар атқаруда. Ресейде тәлімгерлік тәжірибе туралы ұмытуға болмайды, кәсіби білім ешқашан өндіріспен байланысы жоқ деп ойламаған. Ресей тарихының кеңестік дәуірінде білім беру ұйымдары мен еңбек ұжымдары арасындағы ынтымақтастық жұмысының қағидасы тәлімгерлік жүйесін дамыту заңмен айқындалды.

Дуальды жүйені біздің елімізде іске асырудың мәні зор. Бүгінде кәсіптік техникалық білім ошақтарында тәлім алған жастардың басым бөлігі алған мамандықтары бойынша жұмысқа тұра алмай жатады. Сондықтан кәсіптік-техникалық білім беру ошақтарын заман талабына сай жетілдіріп, заманауи басқару жүйесін енгізудің маңызы зор. Бұдан басқа оқу бітірген жастарды жұмысқа тұрғызу мәселесін де кезек күттірмей шешуді талап етуде.

Дуальдық оқыту барысында білім алушылар теория мен тәжірибені ұштастыру арқылы қазіргі заманғы талаптарға сай техника мен технологияларды меңгеріп, танымдық белсенділіктері артып, кәсіптік іскерлігі мен дағдылары оқу процесі кезінде және сабақтан тыс уақытта қалыптасады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында кәсіби мамандандырылған қызметтер мен жұмысшылар кадрларының жетіспеушілігі байқалады.

Болашақ мамандардың тәжірибелік дайындығының жоғарлауына байланысты білім, білім дағдыларының білім алу кезеңінен бастап қалыптасады. Бұл оқу процесіндегі тәжірибелік уақыт көлемінің өсуіне және дәріс алу нақты жұмыс орнында өтуіне байланысты. Дуальды жүйені жақсы деңгейде дамыту үшін біздің елімізде барлық жағдайлар жасалған [3].

Дуальды жүйенің негізгі түсініктемелері. Дуалдық білім беру жүйесі – оқу процесімен практикалық тәжірибе жинақтайтын кезеңдердің алмасуын көздейтін білім жүйесі.

Кәсіби стандарт - білім, білік, дағдылар, тәжірибе, құндылықтар жүйесі және жеке тұлғалық қасиеттерінің жиынтығымен кәсіби біліктіліктілік негіздерін қалыптастыратын құжат.

Білім беру бағдарламасы - оқыту үрдісінде оқытатын пәндердің атауларымен, тізімін, қағидалы және тәжірибелік білім жинақтауға арналған сағат санының көлемін, қорытынды сынақтан өту шарттарын белгілейтін құжат.

Кәсіби біліктілік – тарихи және халықаралық талаптарының, тәжірибелік деңгейінде қалыптасқан кәсіби іс-әрекет, жан-жақты, өз Отанына адал еңбек етуге адамгершілік тұрғыдан дайын, нарықтық экономика сұраныстарына байланысты кәсіби қызығуы, қабілеті мен бейімділіктері қалыптасқан маманның құзыреттілігі.

Дуальды оқыту жүйесі барлық кезеңінде өндірістік оқыту мен оқу орнында теориялық оқытуды біріктіреді. Оқыту процесінде колледжде, жоғары оқу орнында, лицейде оқып жүрген білім алушы оқуымен қатар болашақта еңбекке орналасуды шешуге мүмкіндік беретін жұмыс беруші кәсіпорынмен ынтымақта болу керек. Мұндай қарым-қатынас өндіріске деген білім, білік, дағдыларын, икемділігін байқатады. Дуальдық білім беру жүйені қолданып, қысқа мерзімді курстар арқылы 700 сағат көлемінде білім алушыларды оқытуға мүмкіндіктер бар. Осы курстар студенттердің жаңа мамандықты игеруге немесе қайта кәсіптік деңгейін қайта даярлау курстарынан өтіп, біліктілігін шындап, біліктілік санатын, разрядын көтере алады, жоғары жетістіктерге қол жеткізеді, функционалдық міндеттерін кеңейте алады. Дуальды оқыту жүйесіндегі оқыту процесінің жоспары, кестесі жұмыс беру

кәсіпорынның талаптарымен толығымен сәйкестену керек. Оқыту өндіріс қажеттілігіне барынша жақын, сондықтан өндірістің ерекшеліктері ескеріліп, білім алушының біліктілігін тәжірибе арқылы арттыру көзделеді [4].

Дуальды оқыту жалпы білім беруді дайындығын кәсіби білім берумен үйлестіреді және білім берудің заманауи талаптарын орындайды, яғни, қоғаммен етене араласады. Кәсіпорын білім алушының (практиканттың) барлық жағдайын жасауға, соған байланысты қаржыландыруға міндетті, сонымен қатар дәріс алушыға, мүмкіндіктеріне қарай ай сайынғы еңбек ақысын тағайындайды. Оқу орнымен кәсіпкер (жұмыс беруші) тепе-теңдік негізінде қызмет етеді, өйткені алдарында бір мақсат – білікті маманды, өзінің ісін жетік білетін кәсіби маманды даярлау [5].

Колледж оқушылары үшін дуальды оқыту кәсібі бойынша тәжірибе жинақтауымен қатар әлеуметтік-экономикалық профиль бойынша алған білімдерін шыңдап, қалыптастырып, «шынайы» өмірде қолданады.


Дуальды оқыту жүйесі арқылы даярланған кәсіби мамандар бітіргеннен кейін бірден өндіріс орындарына қабылданады және бейімделуі кезеңін қажет етпейді.

Сонымен Қазақстанның дуальды оқытуды өзінің білім беру жүйесіне енгізуіне толықтай мүмкіндік бар екендігі айтылды. Осы аталған шара үшін осы уақытқа дейін істел-

ген жұмыстар сараланды және дуальды оқыту бойынша мәселелер келтірілді. Келесі тарауларда осы дуальды оқытуды нақты байланыс мамандарын даярлау пайдалану мүмкіндері ашылады.

Қазақстандағы барлық колледждердің 80%-ы 2019 жылға дейін дуальды білімге ауысады. Бұл туралы журналистерге ҚР Білім және ғылым министрлігінің өкілдері брифингте мәлімдеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кәсіби, техникалық және орта білімнен кейінгі білім беруді жаңғырту департаменті директорының орынбасары Ернат Жүнісов «Бүгінгі таңда дуальдық білім беру осындай кәсіпорындардың негізінде табысты жүзеге асырылуда Орал, Кентау трансформатор зауыттары, «Казхром», «Қазақстан алюминийі», Павлодар мұнай-химия зауыты, «Қазмұнайгаз» компаниясының кәсіпорындары бар. Барлығы 1700-ден астам. Сонымен қатар, мұнда студенттер практикалық дағдыларды ғана емес, сондай-ақ ынталандыру – олар жұмысына жалақы алады. Бүгінде кәсіпорындарға 15 миллион теңге бөлінді. Орташа алғанда, әрбір студент 30-60 мың теңге жалақы алады»

Дуальды оқыту шеңберінде ТжКББ-нің ұйымдары, облыстардың білім басқармалары, кәсіпорындар мен «Атамекен» ҰКП арасында ынтымақтастық туралы меморандум және келісімшарт жасалады. «Самұрық-Қазына» Холдингінің 46 кәсіпорны 32 мамандық бойынша дуальды оқытумен 1 200 студентті қамтып, 50 колледжбен әлеуметтік серіктестік туралы келесімшарт жасасты. 2016–2019 жылдарға арналған БҒДМБ-да дуальды оқытуды техникалық, технологиялық және ауыл шаруашылық мамандықтар бойынша енгізген колледждердің үлесін 2019 жылға қарай 80% дейін арттыру қаралды. Жоспарланған индикаторға қол жеткізу еліміздің бизнес қоғамдастығының белсенділігі мен әлеуметтік жауапкершілігі жәрдемдеседі (сурет 4) [7].



Сурет 1 - Оқу жоспары

Техникалық және кәсіптік білім беруде дуальды оқытуды ұйымдастыру үшін білім ұйымдарының бір ғана тілегінің жеткіліксіз екенін, сондықтан да соған сәйкес экономикалық шаралар қажет етеді. Еліміздің әр аймағында 2013-2015 жж. аралығында дуальды оқытуды қамтыған студенттер саны, яғни қанша адам қатысқанын төмендегі көрсеткіштен көруге болады (сурет 1) [6].



Сурет 2 - Дуальды оқытуды қамтыған студенттер саны

Дуальды жүйесі техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. 2015 жыл бойынша дуальды оқыту жүйесін қамтыған мемлекеттік және жекеменшік колледждерді берілген (сурет 3).




Сурет 3 - Дуальды оқытуды қамтыған колледждер

Қазіргі кезде металлургия, машина жасау, мұнай-газ, химия өндірісі, ауыл шаруашылығы және басқа да салалар бойынша еліміздегі 100-ден астам кәсіпорындар мен ұйымдарда дуальды оқыту жүйесін енгізген. 2015 жылы экономика салалары бойынша дуальды оқыту жүйесі негізінде білім алған студенттер саны (сурет 4).

Жоғарыдағы мемлекеттік бағдарламасында дуальды оқытуды енгізетін техникалық, технологиялық және ауылшаруашылық колледждер үлесінің көрсеткіші қарастырылған 2019 жылға дейін 80,1% колледждер енгізіледі (2015 жылы – 62%).

Қазіргі уақытта дуальды оқыту элементтері 419 колледжге енгізілуде (2013 жылы – 176 колледж, 2014 жылы – 280 колледж, 2015 жылы – 348 колледж), 2433 кәсіпорынмен 27187 студент, 80 мамандық және 160 біліктілігі бойынша. 2016-2017 оқу жылында 71 колледж қосылды. Дуальды оқыту шеңберінде ТжКББ оқу ұйымдарымен, облыстық білім басқармаларымен, кәсіпорындармен және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы арасында дуальды оқыту бойынша үш жақты және төртжақты меморандумдар жасалды. 2015 жылы 5517 меморандум, ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды, 2269 кәсіпорын-

мен, осы шеңберінде 2402 арнайы пәндер оқытушылар және өндірістік оқыту шеберлері біліктіліктерін арттырды және тағылымдамадан өтті, оның ішінде 784 дуальды оқыту бойынша. Әлемдік тәжірибеден байқайтынымыз, әлемдегі жетекші оқу орындарымен халықаралық байланысты нығайта отырып, оқытушылардың дамыған шет елдерде білімдерін жетілдіруінің еліміздің кәсіптік-техникалық білім беру саласын жаңғыртуда пайдасы зор екендігін байқаймыз. «Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік» туралы мақалада жұмыс берушінің рөлі-келешек маманның тәрбиесіне және дайындығына күшейтілді. Еңбек кодексінде Ұлттық біліктіліктің жүйесінің енгізілуі, кәсіби қалыптың стандартына сәйкес, жұмыскердің біліктілігінің тәуелсіз сертификаттау салаларында болуы [6].



Сурет 4 - Экономика салалары бойынша студенттердің саны

Қорытындылай келе, әлемдік тәжірибеден алынған бұл білім беру жүйесінің тиімді жақтарының көп екендігін байқауымызға болады. Оған басты себеп, ел экономикасын көтеруде техникалық мамандықтағы жоғары технологияны меңгерген мамандар азшылық етуде, сондай-ақ, қоғамдағы жұмыссыздық мәселесінің шешуде де алар орны ерекше. Білімді де, білікті маман қалыптастыру талабы білім берудің мазмұнын өзгертуді, білімді тасымалдау негізінде беруді емес, білім алу жолдарын игертудің маңыздылығын алға тартып отыр. Яғни, әр адам қоғамнан өз орнын бағдарлай алуы, өзіне қажетті білім алатын ортаны, білім мазмұны мен қажет пәндерді таңдай білуі тиіс. Осыған сай, оқытудың сипаты да өзгеріп, оны негізінен білім алушылардың өздерін ұйымдастыруға бағыттау қажеттігі туындайды.

Жастардың табысты еңбек етуі төмендегі факторлармен тығыз байланысты: біріншіден, бүгін білім алу көзі кеңейіп, өз бетімен оқимын деушілерге мол мүмкіндік туып отыр; екіншіден, білім әлемінде өз жолын тауып, өздігінен білім алуға ұмтылыс жасау; үшіншіден, адамның өзіндік қы-зығушылығы, түрлі мотивтері болуы; төртіншіден, жұмыс істейтін орында оның үнемі даму үстінде болуына жағдай жасалуы.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Мен сөзімді, әсіресе, жастарымызға арнағым келеді. Бүгін мен жариялаған Жаңа саяси және экономикалық бағыт сіздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді. Мен сіздерге – жаңа буын қазақстандықтарға сенім артамын. Сіздер Жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналуға тиіссіздер... Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің – елімізді қазір бізге көз жетпес

алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдіретті күш» [1] деп жастарға зор үміт артады. Сондай-ақ, болашақ ұрпақтың білім алудағы басты мақсаты қандай дегенге тоқталар болсақ: жастардың өз елінің нағыз патриоты бола отырып, елдің дамып, әлемдік деңгейде өз орнын алып, дамыған мемлекетке айналуына өз үлестерін тигізетін, заманауи технологияларды меңгерген, елге адал қызмет ететін тұлға болып қалыптасу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты //Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2012. №106 (28143). – 6-7 б.

2. Сарбасова Қ.А., Алшынбаева Ж.Е. Техникалық және кәсіптік білім берудің инновациялық жүйесін құрудың әдіснамалық негіздері //Қарағанды мемлекеттік университетінің Хабаршысы ғылыми журналы. – Қарағанды, 2015. – №3 (79). – Б. 145-151.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы, 2010. – 52-54 б.

4. Deissinger T. Dual System //International Encyclopedia of Education (Third Edition) 2010, Pages 448–454.

5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам //Егемен Қазақстан, 10 шілде, 2012. – №97 (28456). – 6-7 б.

6. Alshynbayeva Zh., Sarbassova K., Galiyev T., Kaltayeva G. On anticipatory development of dual education based on the systemic approach // International journal of environmental & science education. – 2016. – Vol. 11, №18. – S. 12540-12550. http://www.ijese.net/makale/1725

7. Унайбаев Б.Ж. Дуальная модель профессионально-технического образования //http://forum.eitiedu.kz/index.php/2012/01/04/dualnaya-model-p-t-obrazovaniya/ 10.03.2013. 5-6 б.

REFERENCES

1. Nazarbaev N.A. «Kazakhstan-2050» strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty //Egemen Kazakhstan, 14 zheltoksan, 2012.№106 (28143)7 -6-7 B.

2. Sarbasova K.A., Alshynbaeva ZH.E. Tekhnikalyk zhane kasiptik bilim berudin innovaciyalyk zhyjesin kyrudyn adisnamalyk negizderi //Karagandy memlekettik universitetinin habarshysy gylymi zhurnaly. - Karagandy, 2015. - №3 (79). – B. 145-151.

3. Kazakstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2011-2020 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasy. – Almaty, 2010. -52-54 b.

4. T. Deissinger. Dual system // International encyclopedia of education (third edition) 2010, pages 448–454.

5. Nazarbaev N.A. Kazakstannyn aleumettik zhanartyluy: zhalpyga ortak enbek kogamyna karaj 20 қadam //Egemen Kazakhstan, 10 shilde, 2012. № 97 (28456) -6-7 b.

6. Alshynbayeva ZH., Sarbassova K., Galiyev T., Kaltayeva G. On anticipatory development of dual education based on the systemic approach // International journal of environmental & science education. – 2016. – VOL. 11, №18. – S. 12540-12550. http://www.ijese.net/makale/1725

7. Unajbaev B.ZH. Dual'naya model' professional'no-tekhnicheskogo obrazovaniya //http://forum.eitiedu.kz/index.php/2012/01/04/dualnaya-model-p-t-obrazovaniya/ 10.03.2013. 5-6b.

ӘОЖ 378 **ҒТАМР 14.01.11**

К.М.БЕРКИМБАЕВ[1], А.Б.ТАСОВА,[2] Г.Ж.НИЯЗОВА[3]

[1] п.ғ.д., профессор, Ахмет Ясауи университеті
[2]Ахмет Ясауи университетінің докторанты
[3]п.ғ.к., доцент, Ахмет Ясауи университеті, *e-mail:* gulzhan.niyazova@ayu.edu.kz

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІ КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МОДЕЛІ

Мақала қазіргі бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативті креативтілігін қалыптастыру мәселесіне арналған. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті креативтілігін қалыптастыру қажеттілігі негізделген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметінде коммуникацияның маңыздылығы анықталған. Коммуникативті креативтілік анықтамасы келтірілген. Коммуникативті креативтіліктің көріну сапасы анықталған. Мақалада бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті креативтілігін қалыптастыру моделі ұсынылған. Бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативті креативтілігін қалыптастыру компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталған.

Кілт сөздері: жоғары білім беру, болашақ бастауыш сынып мұғалімі, коммуникация, коммуникативті креативтілік, модель.

А.Б.Тасова, К.М.Беркимбаев, Г.Ж.Ниязова

Модель формирования коммуникативно-креативного творчества будущих учителей начальной школы

Статья посвящена проблеме формирования коммуникативной креативности современного учителя начальных классов. Основана необходимость формирования коммуникативной креативности будущих учителей начальных классов. В профессиональной деятельности будущего учителя начальных классов определена значимость коммуникации. Приведено определение коммуникативной креативности. Определены качество проявления коммуникативной креативности. В статье представлена модель формирования коммуникативной креативности учителей начальных классов. Определены компоненты, критерии, показатели, уровни формирования коммуникативной креативности учителя начальных классов.

Ключевые слова: высшее образование, будущий учитель начальных классов, коммуникация, коммуникативная креативность, модель.

A.T.Tasova, K.M.Berkimbaev, G.ZH.Niyazova

The Model of the Formation of communicative and creative creativity of future teachers of primary school

The article is devoted to the problem of formation of communicative creativity of a modern primary school teacher. The necessity of formation of communicative creativity of future primary school teachers is based. In the professional activity of the future primary school teacher the importance of communication is determined. The definition of communicative creativity is given. The quality of manifestation of communicative creativity is defined. The article presents a model of

formation of communicative creativity of primary school teachers. Components, criteria, indicators, levels of formation of communicative creativity of the primary school teacher are defined.

Keywords: higher education, primary school teacher, communication, communicative creativity, model.

Білім беру саласын әлемдік деңгейге көтеру, білім алушылардың өзгермелі қоғам жағдайында кәсіби табысты қызмет етуге даяр болуларын қамтамасыз ету мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың жыл сайынғы жолдауларында назардан тыс қалған емес. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 2018 жылғы 5 қазандағы жолдауында «... жоғары білім беру ісінде оқу орындарының маман *дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіледі» деп еліміздегі жоғары білім беру саласының алдында тұрған міндеттердің аса биік екендігін атап өтті (*akorda.kz*).*

Заманауи білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен кәсіби құзыреттіліктер жеткіліксіз.

Озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын коммуникативті әрі креативті адамға» ауыстыруды талап етеді.

Демек, әлемдік білім беру, бүкіләлемдік экономикалық, мәдени және ақпараттық кеңістіктегі кірігулер жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдері тұлғаралық өзара түсіністікті, мәселелерді шешуде коммуникативті креативтілігі жоғары, жеке және кәсіби қызметтегі қарым-қатынастағы орын алуы мүмкін өзекті мәселелерді коммуникативті қақтығыссыз шешуге даяр болулары тиіс.

Коммуникация теориясының жалпы жағдайлары коммуникацияның ішкі механизмдерін түсіндіреді, заңдылықтарды сөйлеу коммуникациясының негізгі формаларын, жанрын, құрылымын анықтайды [1].

Коммуникацияны кең мағыналы термин ретінде қарастырып, оны коммуниканттардың өзара әлеуметтік әрекеттестігі мағынасында түсінеміз. Яғни, олардың бір-бірінің мінез-құлқына, ойлау іс-әрекетімен сезімдеріне ықпалы. Басқаша айтқанда, коммуникацияны сипаттауда біз оны құраушылардың көпбейнелілігін ескеруіміз қажет: қатысушылар, мақсаттары, салалары, тәсілдері мен орталары [2,3].

Қазіргі кезде коммуникация түсінігі кең көлемде түрлі қырынан зерттелуде: коммуникативті құзыреттілік, коммуникативті потенциал, коммуникативті лидерлік, коммуникативті мәдениет және т.б. біздің зерттеуіміз үшін *коммуникативті креативтілік* түсінігі маңызды.

Алғаш рет "коммуникативті креативтілік" (қарым-қатынастағы креативтілік) туралы 1965 ж. бұл құбылысты өзара қарым-қатынастағы "ашықтық пен коммуникация" ретінде Х.Х.Андерсон анықтаған.

У.В.Кала зерттеулерінде "қарым-қатынастағы креативтілік" ұғымын пайдаланады. Бұл креативтілік түрін кең мағынада түсіну қарым-қатынасқа шығармашылық көзқарасты, тар мағынада - оның осы қарым-қатынасқа қосылуын білдіреді. Осы құбылыстың мәнін У.В.Кала өз мінез-құлқын өзгерту қабілеті мен білігінен, қазіргі жағдайды өзгертуге дайындықтан тұрады деп тұжырымдайды [4].

Отандық және шетелдік психологиялық зерттеу жұмыстарын талдау *коммуникативтік креативтіліктің* түрлі аспектілерін айқындауға мүмкіндік берді (кесте 1).

Кесте 1 – Коммуникативті креативтіліктің диссертациялық зерттеу жұмыстарында берілген заманауи анықтамалары

Автор және диссертациялық зерттеу жұмысы	Коммуникативті креативтілік анықтамасы
Осипова Т.Ю. Психологические условия развития коммуникативной креативности у студентов технического вуза 19.00.07 – Педагогическая психология. -Томск, 2000.	тұлғаның интегративті сапасы, шығармашылық қабілеті, өнімсіз қарым-қатынас тәжірибесін пластикалық және барабар өзгерту, сондай-ақ жаңа мақсаттар, өзіндік құралдар мен өзара іс-қимыл тәсілдерін, соның ішінде кедергілерден, стереотиптерден, қондырғылардан, принциптерден және қалыптан тыс шығуды іске асыру
Голованова А.А. Коммуникативная креативность субъекта как фактор эффективности группового решения задач. 19.00.01 - Общая психология, психология личности, история психологии. -Казань, 2003.	субъектінің коммуникативті факторды жандандыру есебінен проблемаларды шешу үшін стандартты емес және тиімді жаңа мүмкіндіктер жасау қабілеті, коммуникативті міндетті түбегейлі жаңа немесе жетілдірілген түрде шешу қабілеті
Алексеева Н.А. Формирование коммуникативной креативности будущего специалиста в процессе обучения иностранным языкам 19.00.07 – Педагогическая психология. - Н.Новгород, 2008.	шығармашыл тілдік тұлға құрылымында шеттілдік қарым-қатынас жағдайында жылдам әрі шығармашыл шешімді қамтамасыз ететін, шетел тілінде қарым-қатынас жасаудың жаңа, түпнұсқа, қалыпты емес тәсілдері мен құралдарын құру мен пайдалануға кіріктірілген қабілеттілік
Сарапулова А.В. Развитие коммуникативной креативности студентов технического вуза в процессе межкультурной коммуникации 13.00.08. – теория и методика профессионального образования. – Магнитогорск, 2014.	тілдік құралдардың шектеулі қоры кезінде шығармашылық әлеуеттерді жандандыру есебінен басқа мәдениет өкілдерімен тиімді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін тұлғаның дамитын кіріктірілген сапасы
Вишневская О.Н. Актуализация коммуникативной креативности в процессе межсубъектного затрудненного общения 19.00.05 – социальная психология (психологические науки). – Кострома, 2015.	субъектінің қарым-қатынас мақсаттарына қол жеткізуге, субъективті әл-ауқатты сақтауға және серіктеспен объектаралық қатынастарды оңтайландыруға бағытталған қиын коммуникативті міндеттерді шешудің ерекше, стандартты емес тәсілдерін генерациялауға қабілеттілігі

М.М.Кабанов коммуникативтік креативтіліктің негізгі үш түрлі көріну сапасын анықтайды [5]: 1) қарым-қатынастың контекстуальдық сипаттамасында (егер қарым-қатынас тұтастай бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру мен іске асыруға бағытталған болса, коммуникативтік контекстің іскерлік тақырыпқа жақындауы); 2) қарым-қатынастың функционалдық бағыттылығында (байланысты қолдау, өзара іс-әрекет координациясы, іс-әрекеттерді өзара түзету, ақпарат алмасу, функцияларды қайта бөлісу); 3) өзара іс-әрекеттердің операциональдық амалдарында (коммуникативтік процесті уақытша ұйымдастыру, қарым-қатынас құралдары, мен амалдарын жаңарту).

«Адам – адам» қатынасында кәсіби қызмет жасайтын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті креативтілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін құру және оны іске асыру маңызды болып табылады. Модель деп, зерттеу қиындық тудыратын немесе мүлдем мүмкін емес құбылыстарды (затты, үдерісті, жағдайды және т.б.) зерттеу

үшін оларға ұқсас басқа құбылыстарды зерттеу үшін жасанды түрде құбылысты (зат, үдеріс, жағдай және т.б.) құру түсіндіріледі.

Модельдеу қандай да бір құбылысты, үдерістерді немесе объектілер жүйесін олардың моделін тұрғызу жолымен зерделеу анықталады. Модельдеу ғылыми таным әдісі ретінде объекті дамуының соңғы нәтижесін көруге мүмкіндік береді. Модельдеу - ғылыми танымның әдісі ретінде құбылыстың дамуын, соңғы нәтижесінен озық болжап білуге мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті креативтілігін қалыптастыру моделі келесідей компоненттерден құралады: *мотивациялық; мазмұндық; іс-әрекеттік.*

Мотивациялық компонент - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті креативтілікті меңгеруге ұмтылысын, педагогикалық үдерісте коммуникативті креативтіліктің жоғары үлгісін көрсетуге талпынуын, өзін-өзі ұдайы жетілдіру, кәсіби коммуникативті деңгейін дамытуға қызығушылығын, сабақ түрлерін оқытуға, үйретуге қызығушылығының туындауын, мотивінің болуын, өзіндік білім алуға, дамытуға ұмтылысының; оқытушыға тән жетекші ерік сапаларының болуын, коммуникативті креативтіліктің қажеттілігі, оның болашақ бастауыш сынып білім алушыларындағы ерекшеліктері, технологиясы, оның көрінісі туралы мәселелерін қамтиды, коммуникативті креативтілікке сәйкес іс-әрекеттің тұрақты мотивтерін қалыптастыруды қарастырады, өз рөлін жеке психологиялық күйі тұрғысынан қабылдау; әрекет етуге ұмтылушылық; күрделі жағдайларда креативті функциясын өзіне алуға тілегінің болуын сипаттайды, қарастырады.

Мазмұндық компонент - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті креативті білімдердің мәні мен мазмұнын, коммуникативті креативтілікті қалыптастыруға бағдарланған пәндер бойынша білімдерін, коммуникативті креативтілікті қалыптастыру әдістері мен тәсілдері білімін білдіреді; өзін креативті қызметтің субъектісі ретінде тануы, жеке тұлғалық ерекшеліктері мен өзін-өзі коммуникативті креативті дамытудың тәсілдерін білуі, коммуникативті креативті іс-әрекетті іске асыру біліктілігінің болуы, ұжымдық креативті жұмыстарға талаптануы және оны ұйымдастыра білуі, пәндік ғылыми білімдерінің және қажетті жағдайда қолдану мүмкіндігінің болуы, білім алушылардың коммуникативті креативті сапаларын танытуға қажетті әлеуметтік-саяси, экономикалық және психологиялық-педагогикалық білімдерін қалыптастыруы, білімдерді және кәсіби міндеттерді шешу барысында оларды пайдалана алу іскерліктерін кіріктіретін әдіснамалық, теориялық және технологиялық білімдердің бірлігін құрайды. Осы компонент жоғары оқу орнының коммуникативті креативті сапаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін ақпараттық оқу-тәрбиелеу ортасын құрайды.

Іс-әрекеттік компонент – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникация барысындағы коммуникативті міндеттерді креативті шешу, коммуникативті іскерліктер мен дағдыларды креативті тұрғыда кеңейту іскерлігін жетілдіру, тиімді коммуникациялық іс-әрекеттерін өз бетінше оңтайлы жоспарлау мен іске асырылған кәсіби коммуникативті іс-әрекеттердің оң нәтижесін көрсетеді, коммуникативті креативті іс-әрекетке талдау жасай білуі, жетістіктері мен сәтсіздіктерін себептерін анықтай білу, жауапкершілік сезімінің және жолдастық көмек, ізденімпаздық іс-әрекетке даярлығының тұрақтылығы, шығармашылық ой-өрісінің белсенділігі мен рефлексиялық бағытының қалыптасуы, жоғары танымдық қызығушылық негізінде коммуникативті креативті бағыттылығының тұрақтылығы, білім алушылар коммуникативті креативтілік сапасын танытуға, практикалық іс-әрекетке, жылдам шешім табуға қабілеттілігін, тәуекелге баруға қабілеттілігін көрсетуге мүмкіндік беретін жағдайларды қарастырады. Кәсіби жағдаяттарда коммуникативті креативті сапасын қолдану іскерліктері кешенін және әрі қарай өздігінен білім алу әрекетін жүзеге асыруын көрсетеді; білім беруші мен білім алушы арасындағы өзара белсенді әрекетті қамтиды, бұл жағдайда білім беруші мақсатын, міндеттерін анықтайды, білім алушының танымдық іс-әрекетін

белсендіру үшін жағдай тудырады, кері байланысты жүзеге асыру процесіне бағыттайды, бақылайды, ынталандырады; білім алушыларға оқу іс-әрекеті процесінде шешуге арналған кәсіби бағытталған мәселелерді көрсетеді. Осы компонент білім алушылардың кәсіби және өмірлік тәжірибесіне, олардың кәсіби мотивациясына, жоспарларына, қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне негізделеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті креативтілігінің компоненттерінің құрамы оның өлшемдерін анықтауға және оларға сипаттама жасауға мүмкіндік берді (Кесте 2).

Кесте 2 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативті креативтілігінің қалыптасуының компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық	Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативті креативтілігін дамытуға құндылық қатынас	- индивид мінез-құлқының көпсанды нұсқаларын құрудағы жеңілдік; - болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативті креативтілікті меңгеруге ұмтылысы; - педагогикалық үдерісте коммуникативті креативтіліктің жоғары үлгісін көрсетуге талпынуы; - өзін-өзі ұдайы жетілдіру, кәсіби коммуникативті деңгейін жетілдіруге қызығушылығы.
Мазмұндық	Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативті креативтілігін құраушы компоненттер бойынша білімі	субъектінің назар аудару тактикаларының өзгеруінің иілгіштігі; - кәсіби коммуникативті білімдердің мәні мен мазмұны; - кәсіби коммуникативті креативтілікті қалыптастыруға бағдарланған пәндер бойынша білімдер; - коммуникативті креативтілікті қалыптастыру әдістері мен тәсілдері білімі
Іс-әрекеттік	Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативті креативтілігін жүзеге асыруы.	- мәселелік сипаттағы жағдайларды шешудің қалыпты емес тәсілдерін құрудағы түпнұсқалық; - кәсіби коммуникация барысындағы коммуникативті міндеттерді креативті шешу; - коммуникативті іскерліктер мен дағдыларды креативті тұрғыда кеңейту іскерлігін жетілдіру; - тиімді коммуникациялық іс-әрекеттерін өз бетінше оңтайлы жоспарлау мен іске асырылған кәсіби коммуникативті іс-әрекеттердің оң нәтижесін көрсетеді.

Осылайша, біз болашақ бастауыш сынып мұғалімінің коммуникативті креативтілігінің келесі қалыптасу деңгейлерін келесідей анықтадық.

Коммуникативті креативтіліктің жоғары деңгейі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі күрделі коммуникативті креативті мәселеге тап болғанда, субъектінің жаңа стильдерін, стратегиясын, тактикасын және байланыс әдістерін іске асыру қабілетімен шеше біледі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті креативтілік деңгейі жоғары, олар жеке және кәсіби коммуникация барысында, әңгімелесуде эмоциялық реакциялардың бай жиынтығын көрсетудің ерекше сипаттамаларын пайдаланады. Кәсіби коммуникация барысында ашықтық пен сенімді ахуал қалыптастыруға қабілетті.

Коммуникативті креативтіліктің орташа деңгейі. Бастауыш сынып мұғалімдері коммуникативті креативтіліктің барлық компоненттерінің жеткілікті дамуымен сипатталады. Білім беру үдерісінде іске асырылатын сабақтар сипаты коммуникативті креативті тәжіри-

беге ие, бірақ олар жағдай эмоционалды түрде қарқынды болса күрделі коммуникативті креативті тапсырманы шешу кезінде әрдайым қосымша мінез-құлықтарды таба алмайды. Білім алушылар мен әріптестерінің жай-күйін, сезімін, ниетін дұрыс бағалай алады, қарым-қатынас барысында сөздерін дұрыс түсінеді және дұрыс қарым-қатынас тілін таба алады. Коммуникативті креативтіліктің орташа деңгейінде болашақ бастауыш сынып мұғалімі орташа белсенділік дәрежесін
көрсетеді, әлеуметтік қабылдауда нақтылыққа ие, бірақ қарым-қатынаста білім алушылардың мінез-құлқының сыртқы аспектілерін сипаттаумен шектеледі.

Коммуникативті креативтіліктің төмен деңгейі. Бұл деңгейдегі болашақ бастауыш сынып мұғалімі үшін күрделі байланыс мәселелерінің тиімді құрастырылмаған шешімі тән, қарым-қатынас жағдайындағы өзгерістерге және қарым-
қатынаста білім алушының мінез-құлқына байланысты жаңа нәрселерге бейімділік болмауы. Білім алушылармен қарым-қатынас саласында жеткіліксіз білімге ие, коммуникативті креативті дағдыларды дамыту деңгейі оларға коммуникативті креативті тәсілдер үшін әртүрлі нұсқаларды ұсынуға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, жеке және кәсіби коммуникацияда төмен белсенділікпен ерекшеленеді, сипаттамалардың қарапайым түрлерін пайдаланады (жақсы, мейірімді). Әрі дене қозғалысының, көзқарастарының және қимылдарының тілін жеткілікті білмейді, сөздерді түсінуінде қателеседі, өйткені олар ауызша емес мінез-құлықтың ерекшеліктерін ескермейді.

Дайындалған модель болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативті креативтілігін оқу-тәрбие үдерісіне қамтылуын және болашақ мұғалімнің коммуникативті креативтілігін қалыптастыру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ниязова Г.Ж., Абдурашидов А.А. Необходимость формирования креативной компетентности будущего специалиста. VII международная научно-практическая конференция "Образование. Наука. Культура". – Гжель, 20 ноябрь, 2015.

2. Беркімбаев К.М., Ниязова Г.Ж., Бекбулатова И., Керимбаева Б. Болашақ мұғалімнің коммуникативтік әлеуетін қалыптастыру мәселелері //ҚазҰПУ Хабаршысы, «Физика-математика ғылымдары» сериясы. №1(53). 2016. 168-164.

3. Тасова А.Б., Ниязова Г.Ж., Беркимбаев К.М., Пралиева Р.Е. Проблемы формирования коммуникативной креативности у будущих учителей начальных классов //Вестник Российского университета Дружбы народов, серия: информатизация образования, Том 15, №2 (2018). 182-189.

4. Кала У.В. Формирование у старшеклассников творческого отношения к общению. Дисс. канд. педаг. наук. – Тарту, 1982. 281.

REFERENCES

1.Niyazova G.Zh.. Abdurashidov A.A Neobkhodimost formirovaniya kreativnoy kompetentnosti budushchego spetsialista. VII mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferentsiya "Obrazovaniye. Nauka. Kultura". – Gzhel. 20 noyabr 2015.

2. Berkimbayev K.M.. Niyazova G.Zh.. Bekbulatova I.. Kerimbayeva B. Bolasha? m??alimni? kommunikativtik ?leuyetin ?alyptastyru m?seleleri. ?az?PU Khabarshy Vestnik «Fizika-matematika ?ylymdary» seriyasy. №1(53). 2016. 168-164.

3. Tasova A.B.. Niyazova G.Zh.. Berkimbayev K.M.. Praliyeva R.E. Problemy formirovaniya kommunikativnoy kreativnosti u budushchikh uchiteley nachalnykh klassov. Vestnik Rossiyskogo universiteta Druzhby narodov seriya: informatizatsiya obrazovaniya. Tom 15. №2 (2018). 182-189.

4. Kala U.V. Formirovaniye u starsheklassnikov tvorcheskogo otnosheniya k obshcheniyu. Diss. kand. pedag. nauk. – Tartu. 1982. 281.

ӘОЖ 371.64.69 **ҒТАМР 76.01.93**

У.А.БАЙЗАК[1], Б.БАЙЗАКОВА[2]
[1]п.ғ.д., ф.-м.ғ.к., доцент, Ахмет Ясауи университеті, *e-mail*: usen.baizak@ayu.edu.kz
[2]б.ғ.к., Ахмет Ясауи университеті, *e-mail*: baxyt.baizakova@ayu.edu.kz

БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРЛЕРДІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕХНИКА БОЙЫНША ДАЙЫНДАУДЫ ЖАҚСАРТУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

2006 және 2017 ж.ж. ҚР жоғары медициналық білім стандарты қабылданды. Осы аталған құжаттар және медициналық биофизика пәнінің типтік бағдарламаларын талдау барысында болашақ дәрігерлердің медициналық техникалармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру мәселесіне жеткілікті мән берілмегендігіне көз жеткіздік. Сонымен қатар құжаттарда қазіргі ғылым мен замануи медициналық техникалардың даму қарқыны ескерілмеген. Бұл жағдай болашақ дәрігерлердің заманауи медициналық техникалармен жұмыс істей алмауына алып келеді. Мақалада осы проблеманы шешудің бір жолы қарастырылған.

Кілт сөздері: медбиофизика, студенттерді даярлау, медициналық техника, диагностика, терапия.

У.А.Байзак, Б.Байзакова

Об одном пути улучшения подготовки будущих врачей по медицинской технике

В 2006 и 2017 г.г. приняты новые государственные стандарты высшего медицинского образования РК. Изучение данных нормативных документов и типовой программы по медицинской биофизике, формирующие базовые знания и умения работы с медицинской техникой будущими врачами, показало, что в данных документах медицинская техника представлена очень слабо. Не учтены современная тенденция развития физической науки и медицинской техники. Все это приведет к слабой подготовке будущих врачей к работе с современной медицинской техникой. В данной статье указан один из возможных путей решения данной проблемы.

Ключевые слова: медбиофизика, подготовка студентов, медицинская техника, диагностика, терапия.

U.A.Baizak, B.Baizakova

About One Way to Improve the Training of Future Doctors in Medical Technology

In 2006 and 2017 adopt new state standards of higher medical education of the Republic of Kazakhstan. The study of these regulatory documents and the model program in medical biophysics, which forms the basic knowledge and skills of working with medical equipment by future doctors, showed that in these documents medical equipment is represented very poorly. The current trend in the development of physical science and medical technology is not taken into account. This will all lead to poor training of future doctors to work with modern medical technology. This article indicates one of the possible ways to solve this problem.

Keywords: medbiophysics, training of students, medical equipment, diagnosis, therapy.

Қазақстан Республикасындағы жоғары білім саласын дүниежүзілік интеграциялау процесіне жақындату мақсатында және білім беру процесін Болон принциптеріне сәйкес ұйымдастыруға байланысты медицина саласындағы мамандарды даярлаудың жаңа бағытын

таңдау және оны бір жүйеге келтіру қажеттігі туындады. Осыған байланысты 2006 және 2017 ж. жылдары медицина мамандарықтары үшін білім стандартының жаңа нұсқасы қабылданды.

Қазіргі заманда дәрігер өз қызметінде көптеген медициналық техникаларды қолданады және онан алынатын мәліметтерге жүгінеді, яғни медициналық техника дәрігердің «көзі мен құлағы» тәріздес. Бұл құралдардың физика заңдары мен қазіргі замануи техниканың бірлекен іс-әркеті нәтижесінде жұмыс істейтіні белгілі. Осыған байланысты жаңа білім стандартында **5В130100- «жалпы медицина»** мамандарын даярлауда медициналық техникаға қандай орын берілген және оны оқыту мәселесі қандай жағдайда деген ой туындайды.

Жаңа нұсқа **«5В130100 - жалпы медицина»** медицина мамандықтарын дайындау мерзімін **5+2 жыл** түрінде жүргізуді қабылдады, яғни 5 жыл бойы болашақ дәрігерлер барлығы бірдей оқу жоспарымен оқып білім алады, оларға жоғары медициналық білімді «бакалавр» академиялық дәрежесі және меңгерген пәндер тізімі мен бағалары туралы транскрип беріледі, ал оқуын одан ары жалғастыратындар 2 жыл бойы, яғни 6 курстан бастап «жалпы дәрігерлік практика», «ішкі аурулар», «хирургия», «педиатрия», «акушерлік және гинекология», «гигиена және эпидемиология» бағыттары бойынша мамандандырудан өтеді.

Осы мәліметтерді басшылыққа алып білім стандартынан «бакалавр» академиялық дәрежесі бар мамандар үшін және соңғы 2 жыл бойы жоғарыда аталған бір бағыт бойынша кәсіби білім алатын болашақ дәрігерлердің меңгеруі тиісті теориялық мәліметтері мен практикалық іс-әрекеттердің тізімін тек медициналық техника көмегімен орындалатын іс-әрекеттерді іріктеп алып, онан сұрақнама дайындап, денсаулық сақтау мекемелеріне, клиникалық кафедраларға, медициналық жоғары оқу орындарының оқытушы-профессор құрамына жолданды. Жинақталған мәліметтерді өңдеу мына принцип бойынша жүргізілді:

А) Анықталған медициналық техникалар қандай **физикалық заңдылықтар немесе құбылыстар** негізінде жұмыс істейтіндігін анықтау және соған сәйкес топтау;

Б) Бұл медициналық техникаларда қолданылатын физикалық заңдылықтар мен құбылыстардың **білім стандарты мен типтік оқу бағдарламалары және мектеп физика курсында** қамтылу дәрежесін анықтау.

В) «медициналық техника – физикалық заңдылық – мектеп физика курсы» жүйесінің бір-бірімен үйлесуін талдау және осы зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша:

- болашақ дәрігерлерге медициналық техниканың меңгертуді жақсартудың шарттарын анықтау;
- педагогикалық түзетуші шараларды ұсыну.

Осы мәліметтерді қорыта келе, болашақ дәрігердің **білуі тиісті** теориялық мәліметтері мен олардың **меңгеруі тиісті** практикалық іс-әрекеттерін орындау үшін қажетті медициналық техникалардың үлес салмағын абсолюттік және пайыздық түрінде анықтадық. Осы тұрғыдан қарағанда болашақ дәрігер мамандарына қоятын талаптарының басым бөлігі медициналық техникаларға байланысты екендігіне көз жеткізуге болады (1-кесте), барлық кәсіби мамандықтар үшін білуі тиісті теориялық мәліметтердің 40-45 пайызы, меңгеруі тиісті ебдейліктердің 50-80 пайызы медициналық техникаға байланысты, олай болса медициналық жоғары оқу орындарында медициналық биофизика пәнінде қарастырылатын медициналық техника негіздерін оқытуды қайта қарап, оның дидактикалық негіздерін қалыптастыру қажет, оның үстіне бұл бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстарын жандандыру қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған келелі істің бірі деп атауға болады.

Бұл келтірілген мәліметтер негізінен «**жалпы дәрігерлік практика**», «**ішкі аурулар**», «**хирургия**», «**педиатрия**» және «**акушерлік және гинекология**» салаларына тікелей

байланысты болғандықтан біз өз зерттеулерімізде осы мамандықтарға басты назар аударды.

Кесте 1 – Медбілім стандарты бойынша әр мамандықтарға сәйкес анықталған медициналық құралдардың үлесі

Дәрігердің біліктілігі	Білуі тиісті теориялық мәліметтер			Меңгеруі тиісті практикалық дағдылар		
	Жалпы саны	Оның ішінде медтехникаға байланысты		Жалпы саны	Оның ішінде медтехника көмегімен орындалатыны	
		саны	%		саны	%
Жалпы дәрігерлік практика	54	22	41 %	71	39	54 %
Ішкі аурулар	49	18	44 %	31	25	81 %
Хирургия	52	21	40 %	28	21	75 %
Педиатрия	53	23	43 %	34	29	71 %
Акушерлік және гинекология	58	26	45 %	48	33	69 %

Шет елдік ғалымдар Gross R., Spechmeger H. жүргізген зерттеулеріне қарағанда диагностикалау мен емдеу кезінде дәрігердің теориялық білімі мен практикалық ебдейлігі, оның жұмыс тәжірибесіне байланысты науқастардың 55-75 пайызына ғана көмектесе алады екен, ал қалған 45 пен 25 пайыз аралығындағы науқастарды емдеу ісінде олар медициналық техникаға зәру [1], мұндай мәліметтерді Ресей ғалымдары да жариялап отыр, К.А.Викторов пен С.В.Беловтардың зерттеулеріне сәйкес стационарда жатқан аурулардың 80%, амбулаторлық аурулардың 60%, ал санаториядағы ем қабылдаушылардың барлығы медициналық техника көмегімен жүргізілетін физиотерапевтік емдеуге зәру, яғни қазіргі заманғы дәрігерлердің сырқат себептерін анықтау мен емдеу іс-әрекетін медициналық құралдарсыз қарастыру мүмкін емес [2].

Осындай мәліметтер мен біздің жүргізген зерттеулеріміз, денсаулық сақтау ісі мен медицина саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарында медициналық техникаға үлкен мән берілетіндігін көрсетті. Сондықтан бұл мәселе осы сала мамандарын даярлайтын медициналық ЖОО оқу процесін ұйымдастыруда, болашақ дәрігерлерді кәсіби дайындығының заман талабына сәйкес болуын қамтамасыз етуде негізгі көңіл бөлетін бағыт болуы тиіс деп есептеп, болашақ дәрігерлерді дайындауда медициналық техниканың алатын орны қаншалықты екендігін анықтауды, соған сәйкес оның ғылыми педагогикалық алғы шартын жасауды, анықталған кемшіліктерді жоюдың жолдарын көрсетуді ғылыми-зерттеу жұмыстарының алдында тұрған проблемалардың негізгі бағыты деп санауға болады.

Болашақ дәрігер мамандарын даярлаудың құқықтық, құрылымдық және ұйымдастырушылық негізін құрайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру 5В130100- «Жалпы медицина» стандартында дәрігердің кәсіби мамандығына байланысты меңгеретін міндетті іс-әрекеттерінің қатарында тек 18 түрлі медициналық техникалармен жұмыс орындау туралы мәліметтер берілген, оның үстіне тек диагностикалық медициналық құралдар ғана қарастырылған, бұл жағдай білім стандартын дайындаушылардың өз жұмыстарына немқұрайлы қарауының нәтижесі деп ойлаймыз, мұндай кемшілікті болдырмауды жаңа стандартты жасау кезінде ескеру қажет.

Осы білім стандарты негізінде дайындалған медициналық биофизика пәніне арналған жаңа типті бағдарлама 2007 жылы ҚР денсаулық сақтау министрлігінің медициналық білім және ғылым департаментінде бекітілді.

Жаңа бағдарламаға сәйкес биофизика мен медициналық техниканы оқып үйренуге 108 сағат бөлінген, оның 72 сағаты аудиториялық, қалған 36 сағаты студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) түрінде өткізіледі. Типтік бағдарламада оқу материалдарын игеруді лекция, практикалық/семинарлық сабақ және СӨЖ түрінде ұйымдастыруды және соған сәйкес жасалынған оқу жоспары ұсынылған. Ұсынылған оқу жоспарында медициналық техниканы оқып үйренуге барлық аудиториялық сабақ жүктемесінің 40 сағаты немесе 55 пайызы бөлінген. Бағдарламада болашақ дәрігерге биофизикаға тиісті сұрақтар жеткілікті дәрежеде берілген, ал медициналық техникаға тиісті көптеген мәселелер бағдарламадан тыс қалған немесе жеткілікті көлемде қамтылмаған. ЭКГ сәйкес сұрақтарды қарастыруға – 8 сағат немесе жалпы аудиториялық уақыттың 11% жұмсалған болса, ЭЭГ сәйкес – 4 сағат, ал клиникалық лабораториялық құралдарды, оның ішінде спектрофотометрдің жұмысын талдауға – 8 сағат уақытты бөлген. Сонда 3 медициналық құралдарды талдауға медициналық техникаға бөлінген аудиториялық уақыттың 25 пайызы жұмсалған, бұлайша уақытты ысырап ету орынсыз және бұл оқу процесін дұрыс ұйымдастырмау деп санаймыз. Ал емдеу саласында қолданылатын әр түрлі медициналық терапевтік техникалармен танысуға және олардың жұмыс істеу принциптерін талдауға тек 6 сағат бөлінген, бұл өте аз деп есептейміз.

Қазіргі заманда физикалық факторлар медицинада диагностикалық және терапевтік мақсатта кең түрде қолданылатындығы белгілі, олардың биологиялық денелерге әсер ету механизмі туралы мәселелер бағдарламада тіптен жоқ, бұл болашақ дәрігер үшін өте қажетті мәліметтің бірі болып табылады.

Сонымен қатар бағдарламада: видеохирургиялық құралдар; төменгі интенсивті лазер сәулесін қолдану; кванттық медицина мен дәстүрлі емес медтехника: Фолль, ГРВ, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға негізделген құралдар: телемедицина, компьютерлік және биорезонанстық диагностикалық кешендер (квантық медицина); қиыр шеткі жиілікті терапия (крайне высокая частота – КВЧ), электр өрісін пайдалануға негізделген құралдар: аэроионотерапия, франклинизация; тұрмыстық медтехникалар; ПЭТ; ТКЭС; психофизиологиялық зерттеу кешендері; замауи офталмологиялық, оториноларингологиялық медициналық құралдар тобы және т.б. қарастырылмаған.

Медицинада механикалық құбылыстарға; тербелістер мен толқындарға; молекулалық, электр өрісі мен электр тогы, магнит өрісі, ЭМ тербелістер мен толқындарға; оптика, атом және ядролық құбылыстарға негізделген физикалық факторлардың қолданылатын және осы құбылыстарға негізделген көптеген медициналық құралдардың бар екендігін типтік бағдарлама авторлары ескермеген [3-5].

Жоғарыда аталған медициналық техникалардың кейбірінің жұмыс істеу принциптерінің физикалық негіздері және онда қолданылатын кей физикалық факторлар мектеп физика курсында оқылмады, мұндай сұрақтарды медициналық биофизика типтік бағдарламасы қарастырмаған. Осыған байланысты ҚР медициналық білім стандартында көрсетілген таңдау пәндеріне бөлінген оқу сағаттарын пайдалану арқылы бұл бұл кемшілікті жоюға болады, ол үшін таңдау пәндері сағаты есебінен «медициналық техника» арнаулы курсын ендіру қажет, бұл бағытта Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің медицина факультетінде біраз жұмыстар атқарылды, болашақ дәрігерлер үшін «Медициналық техника» арнаулы курсы бойынша оқу жоспары жасалып, дәріс ұйымдастырылған.

Осы жерде қай кафедра студентке нені үйрету керек деген заңды сұрақ туындайды. Бұл процесті үш тұрғыдан шешу керек деп ойлаймыз: медбиофизика кафедрасы бірінші кезекте болашақ маманға:

- қарастырылып жатқан медициналық техниканың қай мақсатта қолданылатынын;

- ондағы диагностикалық фактордың физикалық сипаттамасын,
- диагностикалық мәліметті тіркеуді және оны сипаттауды,
- диагностикалық медициналық техниканың жұмыс істеу принципін;
- медициналық техниканы жұмысқа дайындауды **меңгертулері** шарт.

Екінші кезекте кафедра:

- диагностикалық медициналық техникаға қойылатын метрологиялық талаптарды;
- медициналық техниканы күту мен баптауды;
- медициналық құралда кездесетін ақауларды және оларды болдырмау жолдарын;
- медициналық құралдағы ақаулар себебінен оның өндіретін сигналдарының бұрмалауларының түрлерін және оны болдырмау жолдарын;
- Өндіріс шығаратын немесе дайындалып жатқан жаңа заманауи диагностикалық медициналық техникалардың физика-техникалық сипаттамаларын білуін;
- медициналық техникамен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуді үйретулері қажет.

Арнаулы клиникалық пәндер кафедралары мен медбиофизика кафедрасы бірігіп:

1. Физикалық диагностикалық мәліметтің пайда болу механизмі туралы түсінктің болуын;
2. Медициналық техника мен диагностикалық іс-әрекеттерді орындауды және алынған мәліметерді талдауды;
3. Адам мүшелерін визуалды диагностикалаудың ерекшеліктерін білуін қамтамасыз етулері қажет.

Бұл көтерілген проблемаларды шешудің мұнан да басқа жолдары мен әдістері болуы мүмкін екендігін ескеріп, мақала авторы осы көтерілген проблема төңірегінде ой бөлісуге шақырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Gross R., Spechmeger H.Rationelle Diaqnostik in innere Medizin Stuttqart, 1997.-S.3-18.
2. Викторов К.А., Белов С.В. Состояние и перспективы развития физиотерапевтической аппаратуры //Медицинская техника, 2003. –№1, 41-43 с.
3. Байзак У.А., Годлевский Л.С. и др. Медицинская техника. – Алматы: Білім, 2005. – 408 с.
4. Байзак У.А., Кудабаев К.Д. Медициналық биофизика мен медтехникалар бойынша лабораториялық практикум. – Алматы: Эверо, 2011. – 304 б.
5. Байзак У.А., Дайрбеков О.Д. Болашақ дәрігерлерді кәсіби дайындауда медтехниканы қолданудың педагогикалық технологиясы. – Алматы: Эверо, 2011. – 320 б.

REFERENCES

1. Gross R., Spechmeger H.Rationelle Diaqnostik in innere Medizin Stuttqart, 1997.-S.3-18.
2. Viktorov K.A., Belov S.V. Sostoyanie i perspektivyi razvitiya fizioterapevticheskoy apparaturyi //Meditsinskaya tehnika, 2003. №1.
3. Bayzak U.A., Godlevskiy L.S. i dr. Meditsinskaya tehnika. -Almatyi: Bilim, 2005. -408 s.
4. Bayzak U.A., Kudabaev K.D. Laboratornyiy praktikum po meditsinskoy biofizike i medtehnike. -Almata: Evero, 2011. –304 s.
5. Bayzak U.A., Dayrbekov O.D. Pedagogicheskaya tehnologiya professionalnoy podgotovki buduschih vrachey po meditsinskoy tehnike. – Almaty: Evero, 2011. –320 s.

УДК 37.011.3:371.4 **ГРНТИ 14.07.09**

M.M.AKESHOVA[1], D.B.ZHUNAIDULLA[2]
[1]PhD, Akhmet Yassawi University, *e-mail*: madina.akeshova@ayu.edu.kz
[2]Master student of Akhmet Yassawi University

PECULIARITIES OF HISTORICAL DEVELOPMENT OF CASE STUDY METHOD

The present article considers the history of the formation of case studies as innovative educational technology and method of social research. The paper also analyzes the main directions of the development of case studies at the present stage. The case study method is considered as an integral system of methods, techniques and design tools. Particular attention is paid to the implementation of educational professionally oriented situations and the professional activities of students. Nowadays the most interesting question is the effectiveness of any process taking place in an organization. The case is presented as a task of a creative level, generating new meanings and goals for the student's professional development.

Keywords: case studies, case method, innovative technologies, situational tasks, The Harvard method, efficiency, method of situational teaching.

М.М.Акешова, Д.Б.Жунайдулла
Особенности исторического развития метода кейс-стади

В статье рассматривается история становления кейс-стади как инновационной образовательной технологии и метода социального исследования. В работе также анализируются основные направления развития кейс стади на современном этапе. Метод кейс- стадии рассматривается как целостная система способов, приемов и средств проектирования. Особое внимание уделено на реализацию учебных профессионально-ориентированных ситуаций и профессиональной деятельности обучаемых. Кейс представлена как задача творческого уровня, порождающая новые смыслы и цели профессионального развития обучающихся.

Ключевые слова: кейс стади, кейс метод, инновационные технологии, ситуационные задачи, Гарвардский метод, эффективность, метод ситуационного обучения.

М.А.Акешова, Д.Б.Жунайдулла
Кейс-стади әдісінің тарихи дамуының ерекшеліктері

Мақалада кейс-стади зерттеудің даму тарихы, инновациялық білім беру технологиясы әлеуметтік әдіс ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, мақалада заманауи кейс стади әдісі дамуының негізгі бағыттары талданады. Кейс-стади әдістер мен тәсілдер, амалдар мен жобалау құралдарының ажырамас жүйесі ретінде қарастырылады. Кәсіби дайындыққа бағытталған жағдайларды және студенттердің кәсіби қызметін жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл әдіс студенттердің кәсіби дамуы үшін жаңа мағыналар мен мақсаттар тудыратын шығармашылық деңгейдің міндеті болып табылады.

Кілт сөздері: кейстер, кейс әдісі, кейстерді зерттеу, инновациялық технологиялар, Гарвард әдісі, тиімділік, кейстермен оқыту әдісі.

At the present stage, when there is a search for solutions to education problems, the issue of justifying the choice becomes more relevant in innovative educational technologies, which is called case study.

Case study - analysis of a specific situation or the practical case containing the problem which refers to the methods of active situational analysis, and in education used as a tool for solving practical problems encouraging students to develop independent thinking, communicative competence and meta-disciplinary skills.

In Kazakhstan, other names of the case-study method are: specific situations (CS), a method for studying situations or business stories, case technology, and in 2001, American researchers Atkinson J., Wilson Y. in their book “Strategic Marketing. Examples "introduced the concept for the first time -" situational tasks "(NW). Case study researchers use simultaneously several variants of the listed names in their writings, without clear semantic distinction of using every term. According to the context, using both the Russian version of the spelling and English, more common terms in foreign sources are: case-study, case method, situation analysis, situation method. Since there are no significant differences in the interpretation of each of these terms, in this article they all will be used interchangeably.

Consideration of all historical approaches to develop case method will allow to take into account all the nuances and peculiarities of its application, as well as give impetus to its development in the education.

The Harvard approach to the case method. The method of studying the situation originated at Harvard Law School, Langdell considered a pioneer case study. After graduating from Harvard Law School, Langdell continued in his work as a research assistant and librarian. In 1870, Harvard President Charles William Eliot, a former fellow student of Langdell, appointed him as a dean of the law school and Langdell, who studied the enormous library material on jurisprudence, immediately proceeded to development of case studies. Using the Socratic Method (question - answer), developing a method of trial and error, he invited students to work with primary sources (court cases, decisions of the appellate court and others), and then draw their own conclusions, present their own interpretation and analysis.

Langdell’s approach differed dramatically from traditional learning (lectures, seminars) inductive empiricism was met with tremendous resistance. For the first three years of work.

Langdell in the position of dean, the number of students decreased from 165 to 117 people, but thanks to the support of C. Eliot, Langdell remained on his post until 1895. By that time, the method was established not only in Harvard, but also in six other law schools [1, p.106].

The Harvard School of Business was founded in 1908. The first program called Master of Business Administration (MBA) (“Master of Business Administration”) a compulsory course was introduced - situational analysis method "The art of doing business". He proposed this idea to Edwin F. Gay, the first dean of the business school, Chicago businessman archive show. Owners were invited to the course. They were supposed to submit and discuss business problems from their own practice. In two days every student submitted a written report containing an analytical analysis of the problem and recommended solution, and then the businessman discussed these reports with the group. The “flowering” of the situation method begins in 1919 with the advent of the new dean, banker Wallace Donham, who, having graduated from law school, continued his activities in the business school. "Later Donham at the beginning of his work he said: “I did not have theoretical knowledge in business, and my teachers, as I found out, had little practical experience in this field. To get used to each other turned out to be very problematic” [2, p.23].

Donham appointed Copeland, who earned the notoriety of the “bad teacher” (in his lectures, students protested "trampling"), the head of the Harvard Research Committee business (Harvard’s Bureau of Business Research) and “ordered to reorient his activities from collecting statistics to collecting "Case". At the same time, Copeland restructured his marketing course, and “trampling magically stopped” [2, p.24].

Then Donham convinced Melvin instead of a marketing textbook, publish a collection of "business problems. The first collections of cases were published in 1921 in "Harvard University Reports on Business", and in 1922 85 educational institutions began to use cases in their work. Also Donham organized a series of classes on teaching methods of situations, and since then Harvard is considered a promoter of case studies [3, p.8].

Harvard Medical School has come to use situational tasks only in 1985, when Daniel Tostoson, her graduate, became dean of the school in 1977 and set a goal to solve the problem information overload of students. Result of work researchers (Gordon Moore, Business School and other) for this the challenge was a curriculum change and the introduction of an experimental testing "New Path", which allows you to go from training programs for the active study of medicine by the method of cases. Core programs - trainings for six to eight students, meet three times a week to discuss situations written specially for the "New Path".

There are currently three schools at Harvard - Law, medical and business most actively building the learning process on case method. Schools differ in principles, characteristics, and different ways of learning: competition or collaboration, analytical accuracy or decisive action, a single decision or variability, but each of them is constantly considers alternative development paths. With strategic, material, cultural points of view Harvard has chosen the path of investing in the method situational analysis. Some quality cases cost from 5000 to 30,000 dollars. "After eighty years there was written the first "case", the application of the training example remains the basis of teaching and learning at Harvard School. Every year about 350 "cases" are being developed here, which, it is said, makes the most part from created around the world "[2, p.43].

Modern cases retain the same basic characteristics and at the beginning of the twentieth century:

- the case consists of an average of 10 - 25 pages of text and 5 - 10 pages additional information;
- a case is considered good if it describes the real, and not fictitious organizations and their real business problems;
- case requires that students enter the role of the protagonist of the situation and made one or more decisions;
- the case should not contain the full amount of information.

Today, situational training according to the Harvard methodology is intensive training for students who uses video materials from computer and software. "Leaders spent several hours on this method - Harvard Business School. An ordinary student, while studying at Harvard, examines up to 700 cases, spends up to 90% of study time to work with a specific situation "[4, p.15].

Since the 20s of the last century European education began to use the Harvard method. In 1965 at the University of Manchester opens Manchester Business School (MBS), in which approached the case method creatively. In the Manchester tradition the description of the situation is briefer, and the decision is fundamentally open and produced in the course of group discussions. In the MBS exercise interactive learning because of project method of business training, applied at the present stage in schools of this profile almost worldwide. Mode of study allows you to engage students in solving real business cases existing companies. Students are offered to choose a job in one of industries and arrange them to practice in companies that experiencing any particular difficulties. Before students put the task of finding a way to cope with the problem and achieve its implementation.

The leader in the collection and distribution of cases is the one created in 1973 on the initiative of 22 The Case Clearing Higher Education Institutions House of Great Britain and Ireland; since 1991 it's called the European Case Clearing House (ECCH). "ECCH is a non-profit organization, which is associated with organizations providing and using cases and located in

various countries of the world. Currently ECCH has about 340 organizations. Each of these organizations own collection of cases, the right to distribute which has ECCH "[5, p.56].

Chicago approach to the case method. Parallel with the Harvard method situation studies developed Chicago School of Sociology. Since 1910 the school used case studies as a research strategy aimed at a deep, complete and comprehensive analysis of social phenomenon by the example of a separate empirical object (case), including methods of observation, informal interview, reading documents and reports. The first feature of the Chicago approach to a case study is the possibility of obtaining more in-depth information when studying the field of informal relationships between people. “Methodological case study of key moment is based on qualitative methods of collection and analysis of empirical material "[2, p.177].

The case method as a method of sociological research began in use when the five-volume work of the Chicago school came out: "The Polish peasant in Europe and in America". This book is the result of eight years research conducted in Europe and the United States, and was the result of an analysis of social disorganization among Polish immigrants. Interest in the book is still a development approach to problem analysis through the study of various sources: autobiographical material, payment statements, letters relatives, newspaper files, etc. For the first time macro-sociological the studies were carried out through a micro-approach, relying on social psychological orientation. The second feature of the Chicago approach to the situation method is illustrated with the words of the American historian of sociology Dennis Smith. In his work on this school, he writes that “both strength and weaknesses of the Chicago school stem from a collision between American capitalism and American liberalism". "The University was founded by the Rockefeller family, and when it was created there was a spirit of priority in the values of philanthropy and Baptism, and in practical terms, the prevailing social pressures were the immediate power of private capital and the requirement to follow established patterns of the American way of life" therefore " The school relied in the world outlook on the Protestant religious tradition prevailing in American life in socially - on the ideas of reformism, and in the epistemological – on empiricism "[6, p.255].

One of the features is the influence of philosophy, pragmatism, whose author John Dewey worked during these years in the Chicago University. J. Dewey, George Herbert Mead, Torstein eblen - theorists who have a huge influence on their contemporaries. So, Dewey viewed education from a pragmatic standpoint as one of conditions of “improving adaptation to life” [7, p. 282], and the student in training must be engaged in what corresponds to his needs and interests. Pragmatic direction required inclusion of the researcher in a studied problem, therefore, initially the case method at the Chicago school was a “field” method; cases based on real situations, not invented. At the present stage of research in the Chicago school are conducted in areas of urbanization and environmental protection.

Case study in Kazakhstan education. In the post-revolutionary period is the emergence of the Soviet school, implying care from the old education system and the creation of a new one. Not satisfaction is that any teachers in the classical school lead them to look for active learning tools borrowed from foreign sources such as Dalton plan, project method. One of the brightest representatives of the new school becomes Stanislav Teofilovich Shatsky, a supporter of the concept of free education. Visiting the European schools of G. Kerschensteiner, B. Otto and others, and reviewing their attitude to the European direction in education, He focused on the writings of the American teacher D. Dewey.

Shatsky S.T. was not a blind pragmatic follower Dewey's philosophy, but Dewey's main idea about using child experience for successful training and education was close Shatsky S.T. and was developed not only in theoretical works, but also in practice. During 1924, the teachers of the co-schools at economic schools disciplines were introduced to the case-study method (or, as they wrote in twenties, "the method of incidents") in the US economic Journal (Harvard Business Review). The

result of the study was the conference which took part in September in 1926, which addressed the use of various teaching methods and techniques, including the project method or incidents method. From this it follows that the "case method" was known in our country in the 20s of the last century, this term is not used but Shatsky. At the same time learners actively use it in research methods of teaching, such as a project method whose branch is case study, and he is also developing, with his associates, a method applicable to school education and a similar method of the situation - the method of searching or method of life assignments. "The real experience of child", "Organized experience (laboratory)", "Human experience -ready knowledge) "," Exercises, giving the necessary skills for a child "-" here four elements of the method, which we consider to be the main one " [7, p.117].

In the 30s there is a change in the attitude of the state to the system education and its reorganization based on centralization, conservatism, as well as a return to the traditional approach, in connection with which political persecution of S.T. Shatsky, his colleagues and their ideas. Students created case clubs, and popularized cases themselves students conduct business case championships. International business lacks young professionals, practice - oriented, therefore, such projects are implemented with financing of foreign organizations. Thus becoming method of the situation in business education comes from students as well slightly invested by overseas business to find the brightest and most promising representatives of youth.

The direction is connected with the course of modernization of Kazakhstan education in the system of higher education in Kazakhstan, when there is a search new effective teaching methods. In high schools began massive updating of taught disciplines and courses. Management, marketing, political science, sociology began to fill the educational process, carrying following the expansion of interactive teaching methods, such as case study and others. The other direction of development of the method is carried out in the system modernization of school education along with other innovative technologies. Case studies are used in the form of situational tasks, having a similar methodology and goals, but smaller in volume and time in their decision. The purpose of the application is not only the development logical and analytical thinking, self-searching and decision making, but also preparing students for different life situations, work in a group and with additional information.

Slow introduction of the case method into the system school education identified a number of problems, here are some of them:

- many teachers do not master the methodology of case technology;
- not all teachers want to work with interactive technologies, preferring classic learning to innovation;
- case technology requires a lot of study time, so in strictly normalized educational process implementation of situational tasks quite difficult to implement;
- methodological manuals with situational tasks both subject and integrative content is missing, and case preparation is a process complex, time-consuming teacher;
- with group training there are always students who do not participate in the work group, sometimes interfering with it, or those who shift the decision situational task on others, hiding behind the backs of the leaders.

Although the use of situational tasks in the educational process this stage causes a number of difficulties, but solutions are sought successfully. A feature of the method is its constant development, flowing simultaneously with rapidly changing objective factors that respond to all changes in the environment, conducive to not only active adaptation to new conditions, but influence on them. "The method will act as the most important channel of filling creativity content of the educational process, and means of development of human resources".

REFERENCES

1.Garvin David Making the Case //Harvard Magazine, 2010 – 195 p.

2. Минцберг Г. Требуются управленцы, а не выпускники MBA. Жесткий взгляд на мягкую практику управления и систему подготовки менеджеров //Олимп-Бизнес, 2010 г. – 544 с.

3. Шацкий С.Т., Шацкой В.Н. Наше педагогическое течение //Педагогика, Москва, 2014. – 304 с.

4. Долгоруков А.М. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения [Электронный ресурс] Режим доступа: http://www.vshu.ru.

5. Козина И. Case study: некоторые методические проблемы //Рубеж. – 1997. – № 10-11. –189 с.

6. Осипов В. История социологии в Западной Европе и США. Учебник для вузов. //НОРМА, 2001. – 576 с.

7. Дьюи Д. Демократия и образование // Педагогика-Пресс, 2000. – 383с.

.

ӘОЖ 419.992 71 **ҒТАМР 16.21.45**

Ж.К.СҮЙІНЖАНОВА
ф.ғ.к., Ахмет Ясауи университеті
e-mail: zhanar.suinzhanova@ayu.edu.kz

ТЕСТІЛЕУ АРҚЫЛЫ ТІЛДІ БІЛУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ

Бүгінде қазақ тілін екінші шет тілі ретінде меңгертуді қалыптастыру мәселесі туралы белсенді жұмыстар жүріп жатыр. Тілді оқып-үйренудің нысаны мен түріне тәуелсіз коммуникативтік қабілет-құзыретінің қалыптасу дәрежесін айқындайтын және бағалаушының тілді білетіндігінің белгілі бір жетістігін анықтайтын жаңа типтегі объективті бақылау қажет. Елімізде тілдік білімді, оның ішінде қазақ тілін бағалаудың, бақылаудың, тестілеудің теориясы мен практикасы қалыптаса бастады. Жақсы дайындалған тест тілдік білімді, тілді білуін бағалай алатыны немесе тілді үйренуге көмектесе алатыны дәлелдене бастады.

Осыған орай біз қазақ тілін меңгертуді бағалаудың басқа түрлеріндей тестік бақылаудың артықшылығы, тестілеу барынша сапалы және объективті бағалау әдісі болып табылатынын, тестілеу теориясы мен ережелерін, өзіндік ерекшеліктері бар жүйе екенін анықтауға тырысамыз. Тест дайындау технологиясы тест тапсырмаларын дайындауды өзгертіп жаңа технологиялық іс -әрекеттерге көшу қажеттілігі барын ұсынамыз.

Кілт сөздері: білім сапасын бағалау, тестілеу теориясы, коммуникативтік құзыреттілік, деңгейлік тест жүйесі, тілді меңгеру, екінші тіл, тілдерді үйрету, тест тапсырмалары.

Ж.К.Суйинжанова

Оценка уровня знания языка через тестирование

На сегодняшний день ведется активная работа по проблеме формирования обучения казахскому языку как второму иностранному языку. Необходим объективный контроль нового типа, определяющий знание языка определенного уровня формирования коммуникативной компетенции независимо от объекта и формы изучения языка. У нас в стране начинает формироваться теория и практика контроля, тестирования, оценивания языкового образования в том числе и казахского языка. Доказано, что хорошо подготовленный тест способен оценить языковое знание и поможет в обучении языку.

В связи с этим, мы постараемся определить, что тестирование как и другие формы оценки является качественным и объективным методом оценки. Предлагаем переходить на инновационные технологии, изменив подготовку тестовых заданий.

Ключевые слова: оценка качества знаний, теория тестирования, коммуникативная компетентность, уровневая тестовая система, владение языком, второй язык, обучение языкам, тестовые задания.

Zh.K.Suinzhanova

About language asessment through testing

Nowadays, active work is underway on the problem of forming the teaching of the Kazakh language as a second foreign language. It is necessary to have an objective control of a new type that determines the knowledge of the language of a certain level of formation of communicative competence, regardless of the object and form of the language learning. The theory and practice of

control, testing, and evaluation of language education, including the Kazakh language, is beginning to form in our country. It is proved that a well-prepared test is able to assess language knowledge and will help in learning the language.

In this regard, we will try to determine that testing, like other forms of assessment is a qualitative and objective method of assessment, theory and rules, features of this system. We offer to switch to innovative technologies by changing the preparation of test tasks.

В статье исследованы проблемы совершенствования научно-теоретических основ управления малых и монопрофильных городов, в частности определены приоритетные направления развития экономики малых и монопрофильных городов в Казахстане и за рубежом; определены типы городских поселений и проведены классификация с позиций управления их развитием; исследованы методологические и методические аспекты стратегического планирования в малых и монопрофильных городах; идентифицированы монопрофильные города как типа муниципального образования, требующего особого подхода к управлению им; анализированы основные проблемы развития монопрофильных

городских поселений; определены сущность и порядок разработки программ социально-экономического развития малых и монопрофильных городах как основного инструмента реализации стратегии; разработаны алгоритм проведения мониторинга реализации местных целевых программ, методические рекомендации по оценке эффективности управления местными предприятиями и реализации стратегии развития монопрофильного городского поселения в условиях реструктуризации градообразующего предприятия.

В настоящее время перенаселение больших городов и массовое миграция людей от малых к большим городам создает социально-экономическую проблему в монопрофильных городах. Кроме того, экономический кризис имеет большое негативное влияние на моно-индустриальные города по сравнению с большими городами. Болшинство моногородов зависят от градообразующих предприятий, которые определяют основную функциянальность города. К дополнению, в статье рассмотрены социально-экономические проблемы становления малых и монопрофильных городов; исследованы и обоснованы научно-теоретические основы совершенствования управлением социально-экономическим развитием городов.

Ключевые слова: моногорода, градообразующее предприятие, моноспецилизированные города, моно индустриальные города, моноспецилизированные города-заводы.

B.S.Myrzaliyev, L.T.Tayzhanov

The scientific basis of management of small and single-industry towns

In the articles were studied the problems of improving the scientific and theoretical principles of management of small and single-industry towns, in particular identified priority areas for economic development of small and single-industry towns in Kazakhstan and in abroad; defined types of urban settlements and the classification of positions with the management of their development; investigated methodological and methodical aspects of strategic planning in small and single-industry towns; identified as a type of company towns of the municipality, requiring a special approach to management; analyzed the main problems of single-industry towns; defined the nature and procedure of development of socio-economic development of small and single-industry towns as the main instrument of the strategy; developed an algorithm for monitoring the implementation of local targeted programs, guidelines for evaluating the effectiveness of management of local enterprises and the development strategy of single-industry urban settlement in a restructuring of city-forming enterprise.

At present, over-population of big cities and the mass migration of people from small to big cities creates a socio-economic problem in single-industry towns. In addition, the economic crisis has a great negative impact on the mono-industrial cities compared to big cities. The majority of single-industry towns depend on main company that define the basic function of city. Also the article discussed the socio-economic problems of formation of small and single-industry towns; We investigated and substantiated scientific and theoretical basis for improvement of socio-economic development of cities.

Keywords: monotowns, city forming enterprise, specialized monotowns, mono industrial cities, specialized mono-city factories.

Қала - өндірістік, ғылыми, шаруашылық-ұйымдастырушылық, басқарушылық, мәдени, көліктік және басқа да (ауыл шаруашылығынан басқа) атқарымдары бар өте үлкен елді мекен.

Жалпы қазіргі таңда әлем үлкен қалалардың пайда болуына алаңдауда. Ғалымдар бұл үрдісті урбанизация деп атайды. Ежелгі грек философы Аристотель қала тұрғындарының бір алаңда жиналып, бір-бірімен танысып, ой-пікірлерімен және шешімдерімен бөліспеуі үшін әрбір қаланың тұрғынын 10 мың адаммен шектеуді ұсынған.

Үлкен қалаларды орталықсыздандыру идеясын алғашқы болып ағылшын ғалымы Эбенезер Говард (1850-1928жж.) өзінің «Қалалар - болашақтың бағы» атты ғылыми еңбегінде ұсынған. Осындай қалаларға үлкен қалалардағы тұрғындар, яғни, тұрғын үйдің шарттарынан сығылған, ластанған ауа-райы мен шудан құтылғысы келетін тұрғындар қоныстанады деп ойластырған.

Утопиялық социализмнің өкілі Т.Мор (1478-1535) «Мемлекеттің жақсы орналасуы туралы» атты кітабында қала мен ауылдың арасындағы айырмашылықты жойып, ол жердегі тұрғындарды тепе-теңдікте қоныстандыру идеясын ұсынған. Коммунистік утопияны құрушы Т.Кампанелла (1568-1639) «Күн қала» еңбегінде ойдағыдай қала тұжырымдамасын ұсынып, ол жерде жекеменшік болмайды және жалпы еңбек басқарады деп қарастырған. Қоныстандырудың одан кейінгі мәселелері бойынша Ж.Ж.Руссо (1712-1778 ж.ж.), социалист-утопистер Р.Оуэн (1771-1858 ж.ж.), Ш.Фурье (1772-1837 ж.ж.), Э.Кобе (1778-1855 ж.ж.) және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Әлемде қала тұрғындарының үлесі аса жылдамдықпен өсуде. Тек 1990 жылы АҚШ тұрғындарының 75% қала типті елді мекендерде қоныстанған, ал бұл көрсеткіш 1800 жылы небәрі 6% құраған болатын. Мұндай қарқынды урбанизация өндірістік революциямен тығыз байланысты, сондай-ақ техникалық прогрестің де үлкен әсері болды [1].

1943 жылы американдық ғалым Чонси Д. Гаррис АҚШ-тың алғашқы 1940 жылғы санақ бойынша 25 мың тұрғыннан асатын 377 қаланың классификациясын әзірлеген [2, б.86-99]. Біршеше жылдан кейін де ол, бұрынғы Кеңестер Одағында қалалық елді мекендерінді жіктеуде осы әдісті қолданған болатын [3, б.107-121].

Кеңестер Одағы кезінде қала тұрғындарының саны артты. 1917 жылы қала тұрғындарының саны жалпы ел тұрғындарының 18%-ын құрады, 1959 ж. – 48%, 1970 ж. – 56%, КСРО-ның құлау кезеңінде – 66%. Жалпы КСРО-да (20 мың тұрғыннан кем) шағын қалалар басым болды: жалпы қалалар құрамындағы олардың үлесі 50% шамасында [4]. Қазіргі таңда Ресейдің қалаларында тұрғындар саны 73%, ал Европада қала халқы 90%-ды, жалпы әлемде 50% құрайды. БҰҰ-ның болжамы бойынша «қала» түсінігінің ұлттық шекті мәні 2025 жылға қарай, жалпы әлемдегі тұрғындардың 61%-ын (5065 млн. адам) құрайтын болады деген болжам бар [5].

Әлемдегі әлеуметтік-экономикалық ахуал, көп мемлекеттердің нарықтық экономикасы урбанизация үрдісін жаңа белеске шығарды. Мысалы, қала тұрғындары Германияда – 90%, Швецияда – 83%, Аргентинада – 83%, Уругвайда – 82%, Австралияда – 75%, АҚШ-та – 80%, Жапонияда – 76% құрады.

Қазіргі таңда әлемде 20 алып агломерациялар мен мегаполис-қалалар бар, ал 1900 жылы осы сияқты қалалар Лондон мен Нью-Йоркта ғана болған. Мысал ретіндегі мегаполистер: Бостон-Вашингтон 40 мың адам, Лос-Анджелесте (17 млн.), АҚШ: Сан-Францискода (8 млн.), Мексика: Мехикода (24 млн.) Бразилия: Сан-Паулуда (23 млн.). Европада маңызды агломерациялар құрылды: ФРГ-де Рейн-Рурск (11 млн.); Ресейде: Москва (10 млн.); Нидерландта Рандстад Холланд (7 млн.); Жапонияда Токиода (60 млн.), Үндістанда Калькутта (16 млн.) және Мумбай (15 млн.); Қытай: Шанхай (14 млн.).

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде, әсіресе, экономикасы дамыған елдерде, қала халқының саны жалпы халық санының 85-90% құрайды. БҰҰ-ның болжамына сүйенсек, 2020 жылдарға қарай қала тұрғындары жалпы тұрғындардың 55%, ал 2050 жылы жер шарының 85% қала тұрғындары құрайтын болады деп күтілуде.

Кеңес заманындағы әдебиеттерде заманауи қалаларды өзін-өзі басқаратын елді мекен ретінде қарастырып, тұрғындарының саны шартты көрсеткіштерден жоғары болса (мысалы, Францияда – 2 мың, Түркияда – 10 мың, Ганада – 5 мың, Кенияда – 2 мың, Тунисте – 1 мың адам) [6].

Жеке мемлекеттерде (Италия, Чили, Гватемала) қала анықтамасы тағы да көбірек айқындалады. Өлшем сапасына тұрғындардың тығыздығы, құрылыстың қарқындылығы, ауылшаруашылығы саласынан тыс қызметтермен тұрғындардың айналысуы. «Қала» ұғымының түсіндірмесінің көп қырлылы ғына қарамастан, олардың кез келгенінің ішінде тұрғындардың сандық көрсеткіші басты көрсеткіш ретінде қарастырылады.

БҰҰ-ның басылымдарында қалалардың мәліметтерін салыстыру мақсатында агломерациялар алынады, егер олардың тұрғындарының сандық көрсеткіші 20 мыңнан кем болмаса [6, 12 б.]. Швецияда егер де тұрғындардың саны 200 мың тұрғынды құраса, ондай елді мекен қала болып саналады, ал Жапонияда – 50 мың тұрғынды құрайды [5, б.12].

Қалатану әдебиеттерінде «шағын» немесе «моно» қаланың сандық өлшемін анықтау сұрақтары әлі күнге дейін нақтыланбаған. 1960 жылдардағы Ф.М.Листенгурт, И.М.Смоляр және В.Г.Давидовичтің еңбектерінде 20 мың тұрғыннан аспайтын қалаларды шағын қалалардың қатарына жатқызды. Одан кейінгі жылдары Б.С.Хорев қаланың сандық көрсеткішін 50 мың адамға дейін ұлғайтқан, бірақ 20 мың тұрғыны бар қалаларды ерекше дамытудың қажеттілігін мойындаған.

ТМД бойынша қала мәртебесі бойынша, елдімекен тұрғындарының санының ең төменгі шегін анықтау тетіктері әзірленбеген, осы себептерге байланысты белгілі бір дәрежеде халық шаруашылық және аймақтық заңдылықтар бойынша көрсетілген категориядағы қалалардың ара жігін анықтауда қиындықтар туындауда. Мысалы Ресейде қала халқының ең төменгі сандық көрсеткіші 12 мың адам, ал Украина, Өзбекстан, Молдова, Қырғызстан мен Тәжікстанда - 10 мың адам, Қазақстанда, Латвияда, Арменияда, Түркіменстанда және Эстонияда - 8 мың адам, ал Белоруссияда - 6 мың адам, Грузияда, Азербайжанда - 5 мың адам, Литвада сандық көрсеткіш анықталмаған. Көптеген посткеңестік тәуелсіз мемлекеттерде заңнамада көрсетілген көрсеткіштерден төмен халқы бар қалалар бар.

Кеңестік кезең әдебиеттерінде заманауи қаланы ең алдымен жергілікті өзін-өзі басқаратын, тұрғындар саны шартты түрде бір көлемнен артық болған (мысалы, Францияда - 2 мың, Түркияда – 10 мың, Ганада – 5 мың, Кенияда – 2 мың, Тунисте – 1 мың адам) елдімекен ретінде анықталады. Жекелеген елдерде (Италия, Чнемесе, Гватемала) қала анықтамасы мейлінше нақтыланған. Оның критерийлері ретінде, сондай-ақ, тұрғындардың жазықтығы, құрылыстардың тығыздығы, тұрғындардың ауыл шаруашылығы қызметімен айналыспайтындығы алынады. «Қала» ұғымының сан түрлі анықтамаларына (дефинициялары на) қарамастан, олардың кез келгені тұрғындар санының сандық көрсетікішімен қатысады. БҰҰ-ның жарияланымдарында қала ретіндегі мәліметтерді салыстыру мақсатында, егер олардың кемінде 20 мың тұрғыны болса агломерация ескеріледі. Швецияда кемінде 200 мың, Жапонияда 50 мың тұрғыны бар елдімекен қала болып саналады.

Қазақстандағы қалалардың көпшілігі орта және шағын қалалар әміршілдік экономикада пайда болған, себебі сол кезеңде тың жерлерді игеру мен өндірістерді дамыту аса қарқынмен қолға алынған болатын.

Қазақстан қалаларының тобын болашақта дамытудың экономикалық тиімділігін бағалау, қалалардың көлеміне сәйкес материалдық өндірістердің өндірістік емес салаға жіберетін шығындарының көлемін аудандық және жергілікті жерлердің шарттарымен салыстыра отырып жүргізіледі. Біздің елімізде жүргізіліп жатқан зерттеулер көрсеткіштерінде өндіріс саласында еңбек өнімділігі мен қор қайтарымы, сондай-ақ қала салушы және пайдалану шығындары елді мекендердің аумағына қарай әр-түрлі болып өзгереді. Шетелдік зерттеулерде соның ішінде Ресейде өндірістік жоғары экономикалық тиімділік ірі экономикалық орталықтардың еншісінде деп санайды. Бұл ерекшеліктер У.Алонсо еңбектерінде көрсетілген [7]. Швейцарияның мысалында француз экономисі Г.Видмардың формуласы бойынша ұлттық табыс (y) және қала халқының саны (x) : $y = 498{,}91\ log\ x \times 230{,}97$ арасында сызықтық тәуелділік бар.

Г. Видмардың мәліметі бойынша, 200 мың тұрғыны бар қалада әрбір жан басына шаққанда өнім өндірісі 23 %, ал 400 мың тұрғыны бар қалада бұл көрсеткіш 29%-ын құрайды. Бұл көрсеткіштер 20 мың халқы бар қаладан артық. Осы мәселе экономикалық мәселелерді зерттеулер жапондық ғылыми-зерттеу орталығында терең зерттелген [8].

Кесте 1 - Бір салалы қалаларды дамыту институттарын қалыптастыру жөніндегі шет елдердің тәжірибесі.

Бір салалы қалалар	**Экономиканың қала жасаушы салалары**	**Даму институтын қалыптастыру**	**Даму институттарын қалыптастыруға мемлекеттің қатысуы**
Пулман (АҚШ)	Машина құрылысы	Туризм орталығы	АҚШ Жоғарғы сотының Пулманды Чикаго қаласын жасау құрамына енгізу туралы қабылдаған шешімі; Тұрғындардың белсенді әлеуметтік ұстанымы арқасында мемлекеттің қала, штат, ел көлеміндегі Пулманның тарихи объекті күзетін мойындауы.
Хаддерствилд (Ұлыбритания)	Машина құрылысы текстиль өнеркәсібі	Инновациялық -іскерлік орталығы	Huddersfield Pride территориясын дамыту жөніндегі агенттікті құру; Мемлекеттік, жекен меншіктік, коммерциялық емес ұйымдар альянсын құру: Marketing Huddersfield Partnership және медиа-орталық ассоциациялары; Мемлекеттің әлеуметтік, мәдени жобаларды ынталандыру үшін гранттар жүйесін енгізуі .
Эмшер-Парк (Германия)	Көмір шығару, болат өндірісі	Инновациялық орталық («жаңа өнеркәсіп аймағының болашақ шеберханасы»)	Экономиканың экология, медицина секілді салаларын дамытуды ынталандыру; энергияның баламалы көздерін қолдану; еңбекке қамтудың жаңа заманауи түрлерін (компанияның және ғылыми зертхананың жаңа оқытататын бағдарламалары) қалыптастыру; IBA территориясын дамыту жөніндегі агенттікті құру; Кіші және орта бизнесаті дамыту.
Солтвиль (АҚШ)	Химия өнеркәсібі	Туристік және іскерлік орталығы	АҚШ-тың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Агенттігі қабылдаған қаланың экологиялық жағдайын жақсарту жөніндегі шаралары; Кіші (көбінесе отбасылық) бизнестің белсенді дамуы: жеңілдіктер мен артықшылықтардың үлкен жиынын енгізу; кеңес беру арқылы қолдау және т.с.с.
Хелмонд (Голландия)	Текстиль өнеркәсібі металл өңдеу	Технологиялық орталық	Қаланы қайта өрлету жөніндегі барлық шығынды мемлекеттің және ЕО-тың қаржыландыруы; Инвестициялау үшін жеңілдік жағдайлары есебінен экономиканың құрылымдық қайта құрылуы. Нәтижесінде қалаға технологиялық жаңалықтарды кеңінен пайдалануға, әлемдік нарықта белсене әрекет етуге бағдарланған отандық және шетелдік компаниялар (мысалы, «Вольво» фирмасының автомобиль зауыты құрылды) тартылды; Мемлекеттік кадрларды даярлауы; Ерекше мәртебе («қайта қоныстанған қала») алу және жаңа тұрғын үй құрылысы (жыл сайын 1000 үйге дейін салынды).

Кесте 1- жалғасы.

Бір салалы қалалар	**Экономиканың қала жасаушы салалары**	**Даму институтын қалыптастыру**	**Даму институттарын қалыптастыруға мемлекеттің қатысуы**
Питтсбург (АҚШ)	Қара металлургия	Инновациялық-сервистік орталық	Жоғары технологиялар (робот техникасы, атом технологиясы және т.с.с.), денсаулық сақтау (биотехнологияларды кіріктіріп) салаларын, қаржы және қызмет көрсету сфераларын дамыту; Ірі компания штаб-пәтерлерін, сондай-ақ олардың өкілдік-терін үлкен мөлшерде тарту; 20 университет пен колледж, сондай-ақ көптеген кітапхана, оның ішінде елдегі бар ең ірісі негізінде ықпал ету; Нәтижесінде қала жас мамандар үшін мейлінше тартымды, сондай-ақ оқытушылар құрамының ең жоғары деңгейдегі жалақысы бар АҚШ-тың ең таза қалалары рейтингісіне енді.
Бирмингем (АҚШ)	Қара металлургия	Инновациялық-сервистік орталық	Қала экономикасын медициналық зерттеулерге, банкі ісіне және қызмет көрсету сферасын дамытуға бағдарлау; Нәтижесінде Бирмингем 1989 жылы АҚШ-тағы өмір сүру үшін ең қолайлы қала ретінде мойындалды.
Эллиот-Лейк (Канада)	Уран рудасын шығару	«Зейнеткерлік Меккесі»	Мақсатты аудиториясы зейнеткерлер болып табылатын муниципалдық коммерциялық емес тұрғын үй корпорациясын құру; Елдің барлық зейнет жасындағы адамдарын тартуға бағытталған арнайы Зейнеткерлік тұрғын үй бағдарламасы көмегімен арзан тұрғын үй беру; Қоғамды дамыту жөніндегі Арнайы қордың көмегімен кіші және орта бизнесті микронесиелеу.

Шетелдік дамыған елдерде әлеуметтік дағдарыстарды жеңудің және басқарудың теориялық тәсілдері мен практикалық құралдарының тұтас жүйесі жасалған. Сонымен бірге әрбір елде бір салалы территорияларды дамыту институттарын қалыптастыруға негізделген, экономиканы әртараптандыруға, инновациялық технологияларды жасауға, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға, сыртқы ортаның тәуекелдерін азайтуға бағытталған экономиканы қайта құрылымдаудың өз жолдары іске асырылған.

Бір салалы аумақтарды дамыту институттарын қалыптастыру жөніндегі шетелдік тәжірибеге шолу 1-кестеде келтірілген.

Қалалардың өсуі мен дамуы мәселелерімен айналысатын ғалымдардың ғылыми еңбектерінде аталмыш процестің дамуының экономикалық негіздері ашылады, ғылыми-техникалық революция жағдайындағы оның негізгі тенденциялары айқындалады.

Бірақ, қазақстандық мамандардың пікірінше, елді мекендерді қалаға айналдыру үшін, тек бір қатарлы емес шаруашылық құрылымы және адамдар арасында интенсивті түрде қарым-қатынаста халықтық әлеует болуы тиіс, тұрғындардың бастапқы саны 20-25 мың адамды құрауы қажет.

Белсенді халықтың пайызының міндетті түрде еңбектің индустриалды түрімен айналысуы міндетті емес. Бұл жерде сол немесе басқа шағын қалалар өндірістерінің экономикалық және аймақтық шарттарына басты назар аудару керек. Мысалы, бір белгіленген шектеуде өндірістік, көлікті-өндірістік, «аграрлық» қалаларды бір деңгейде қарастыруға болмайды. Егер көліктік және агроөндірістік бағытты қалаларға қарағанда, еңбекке белсенді халық еңбектің индустриалды түрімен айналысса, заңды түрде таза индустриалды шағын қалаларда орын алады.

Қазіргі таңда Қазақстанда 27 елді мекен моноқала мәртебесін алған. Олардың көпшілігі дағдарыстан кейін зардап шекті. Жалпы алғанда осы сияқты қалаларда Қазақстанда 1,53 млн. тұрғын мекендейді немесе еліміздің жалпы қала халқының 16,8%-ын құрайды. Олардың ішінде 16 қала белгіленген аудандардың әкімшілік орталықтары, 11 қала аудан орталықтары болып саналмайды [9].

Шағын және бір салалы қалалардағы тұрғындардың өмір сүру шарттары және өндірісті құру процесі қоғамдық еңбек бөлінісі (ауыл, аудан, облыс, республика) деңгейінде белгіленген аймақтарда белгілі жүйеде олардың шарттарының орындалуы, жалпы халық шаруашылық кешендерінде орындалады. Бұл функциялар өндірістің қала құраушы немесе қала құраушы базасын құруда экономикалық мамандану түрінде болады.

Қалақұраушы база ережеге сәйкес, бірнеше (кейде жалғыз) кәсіпорынның іріленуінен тұрады, бұлар өндірістің тиесілі аумақтарда негізгі құрал-жабдықтарын шоғырландырады, осы себепті еңбекке жарамды тұрғындарды өздеріне тартады. Қала құраушы базаның дамуын кешенді түрде қамтамасыз ету үшін кәсіпорын қорының қамтамасыз етілуіне сәйкес мамандану мазмұны бойынша қаланы жеке жүйе ретінде дамытады.

Жергілікті өндірістерге қызмет ететін шағын кәсіпорындар қалаға қызмет етуші саланы ғана құрайды, бұлар экономикалық және еңбек ресурсының әлеуеті қала құраушы кәсіпорындармен салыстырғанда шағын болады, сондықтан да қала аумағындағы әлеуметтік дамуға аса әсері жоқ.

Сөйтіп, қалалардың категориясын қарастырғанда қала өндірістік қатынастардың ерекше түрі, қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесінде осы қалалардың функционалдық мамандануы ортаға шығады. Шағын қалалар аясындағы аз ғана шағын кәсіпорындар тұрғындарды жұмыспен қамтуда, қызмет беруде монополист ретінде әрекет етеді, сонымен қатар оның әлеуметтік құрылымын «шектелген», тарылған түрде алдын ала анықтайды. Ең бастысы осы кәсіпорындардың қорларының есебінен әлеуметтік дамуға, әлеуметтік-инфрақұрылымның қосалқы жүйесін құруға мүмкіндік береді. Сондықтан да шағын және бір салалы қалалардың өмірлік іс-әрекеттері, басқа үлкен қалаларға қарағанда, қалақұраушы базаның атқарымдылығына тәуелді болады.

Бір салалы қала - бұл қалалар еңбекке жарамды тұрғындардың негізгі бөлігі қала құраушы бір немесе бірнеше кәсіпорындарда жұмыс жасайды. Жалпы алғанда, қалада өтетін барлық іс-шаралар барлық экономикалық, әлеуметтік үрдістерді анықтайды. Қазақстан Республикасында моноқалалар мәртебесін анықтайтын нормативтік құжаттарды әзірлеушілер қазіргі моноқалалар классификациясын келесі түрде анықтаған: шикізат секторындағы бір немесе бірнеше қалақұраушы кәсіпорындардың болуы қазақстандық тәжірибеде қалақұраушы кәсіпорындардың біреу немесе бірнеше өнеркәсіптік өндірістің көлемі жалпы қала өндірісінің 20%-ын құрайды, ал қаракұраушы кәсіпорындарда қала тұрғындарының 20%-ы жұмыс жасайды [9].

Қаланың бір салаға мамандануы сыртқы ортаның өзгерістеріне әлсіздік танытады. Қазақстандағы бір салалы қалаларды ұзақ мерзімді стратегиялық дамытуға негізделген мәселелер қазіргі уақытта басқарудың теориясы мен тәжірибесінде өзінің деңгейінде әлі де толық орындалмай келеді. Бұл қалаларды дамыту стратегиясын әзірлеу мен іске асырудағы әдіс пен әдістемелік негіздерін дайындаудың құндылығын арттырады.

Шағын және бір салалы қалалардың дамуы мен экономикалық қызметтерін зерттеу мәселелерінде ғалымдар әр түрлі уақытта басқа түрлі зерттеулер жүргізген.

Қазақстанда шағын қалаларды дамытудың ғылыми-теориялық әдістемелік және тұжырымдамалық мәселелерін зерттеу жоқтың қасы. Қазақстандық ғалым-экономистер Б.Жүнісов және Н.Балқияевтың ғылыми еңбектерінде шағын қалаларды дамытудың жеке

экономикалық мәселелері қарастырылған және еліміздегі бір салалы қалаларды зерттеу мүлдем болмаған.

Сонымен қатар, қазақстандық тәжірибеде «шағын қала» және «моноқалаларға» ғылыми-теориялық және әдістемелік түсініктеме әлі қалыптаспаған.

Бірақ көптеген зерттеулер мен әзірлемелерде бір салалы қалалардың (әсіресе ұзақ мерзімдерде) тұрмыстық өмірдің экономикалық базасында орын алған келеңсіз жағдайлардың алдын алуға немесе әсерін азайтуға болатын мәселелердің нұсқалары анықталмаған.

Осы түрдегі қалалардың ұзақ мерзімдегі дамуын болжау толықтыру және жаңа тетіктерді жетілдіру мәселерінде жағдайларды жинақтап, талдап қорыту маңызды мақсат болып табылады.

2017 жылдың аяғында Қазақстанның 84 қаласында 9,7 млн. (53%), ауылды жерлерде – 8,6 млн. адам (47%). 1926 жылы Қазақстанда қала типтес елді мекендер мен қалалардың саны 44, ал 2017 жылы 325-ті құрады. Ғалымдардың болжамына сүйенсек, елімізде 2050 жылға қарай қала халқының жалпы тұрғындардың 70 пайызын құрайды.

Қазақстан халқының саны 2018 жылғы 1 қыркүйекте 18,3 млн. адамды құраса, қала тұрғындарының саны бойынша еліміздегі көшбасшы қала Алматы (1806,8 мың. адам), одан кейін қала халқының саны бойынша еліміздің бас қаласы - Астана қаласы. Елімізде Астана қаласынан кейін Шымкент қаласы 2018 жылы миллиондық мегаполиске айналды

Қазіргі таңда қалалар тарихи тұрғыдан жаңалық пен иновация орталықтары, ол жерлерде негізгі өндірістік, интелектуалды және ғылыми әлеует шоғырланған. Сондай-ақ қалалар технологиялық дамуға, инновацияға негізгі сұранысты жасайды және олар қанағаттандырады.

Өткен ғасырдың 60-80 жылдары шағын және орта қалалардың мәселелері мемлекеттік деңгейде бірнеше рет қаралған, үкіметтің бірнеше қаулылары әзірленген. Бірақ олардың көпшілігі іске асырылмады, себебі оларды сауықтыратын мақсатты бағдарлама жоқ болды. Бұл жерде орталықтандырылған және дотациялық тетіктерге басты басымдылық берілді, ал қалалар қатыстырылмай жергілікті құзырлы органдар мен қалалардың қабілеттілігі есепке алынбай, қаржыландырудың тежеу жүйесі қалыптастырылды. Осы себептер орта және шағын қалалардың депрессиялық жағдайда ұшырауына әкеліп соқты.

Орталық басқару жүйесінен бас тарту шарттарында, экономикалық реформалар кезеңінде өздерінің мүмкіндіктері мен ресурстарының базасының негізінде шағын және орта қалалардың өздерінше дамуын қайта қалпына келтірудегі мәселелерді шешуде жаңа тетіктерді табу қажет.

Қазақстан Үкіметі тарапынан шағын қалаларды қолдауда аймақтық және қалалық басқару органдары шағын қалаларда жобаларға инвестиция салатын кәсіпорындарға субсидиялар түрінде займдар және салықтан жеңілдіктер қарастыруы қажет. Қалада түскен пайданың көбісі бір саты жоғары тұрған бюджетке құйылып, көп қалалар қызметтерін дотациялық шарттарда жалғастырады.

Біздің ойымызша, шағын қалаларды депрессиялық жағдайынан шығару үшін орталықтандырылған және аймақтық үкімет органдары іске асыратын экономикалық жан-жақты қолдау табатын инновациялық жүйелерді құрайтын мақсатты кешенді бағдарламалар әзірленуі керек. Мұндай құжаттарды дайындауға қызығушылық танытатын барлық жақтар қатысуы тиіс: үкімет, аймақтарда орналасқан өндірістер мен кәсіпкерлер, кәсіпорын басшылары, ғылыми ұйымдар мен университеттер.

Шетелдік тәжірибе көрсеткеніндей, бір салалы қалаларды дамыту институттарын қалыптастыру тұтас бірқатар әлеуметтік бағыттағы мемлекеттік іс-шаралардың кешенімен қатар жүреді. Олардың арасынан мыналарды бөліп қарауға болады:

-бір салалы қалаларда тұрғындарды кәсіптік қайта оқыту, мамандықтар тізімі кеңейлу және тұтас алғанда тұрғындардың білім алу және ғылыми әлеуеті арттыру;

-тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету – ұзақ ақы төленетін демалыстарын, жеңілдіктер (мысалы, тұрғын үй алуы үшін несиелерді жеңілдікпен беру) енгізу;

-жұмыстан босаған қызметкерлерді жұмысқа орналастыру үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ету;

-уақытша жұмысқа орналастыру үшін қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру;

- зейнетақыға мерзімінен бұрын шығу мүмкіндіктерін қарастыру;

-мемлекеттік қаражаттар, жергілікті бюджеттер, кәсіпкерлер қаржысы және қоғамдық қорлар есебінен шағын бизнесті дамытуды қолдау;

-болашағы жоқ бір салалы қалалардан тұрғындардың басқа жаққа қоныс аударуына экономикалық қызығушылық тудыру женіе ықпал жасау;

-ескіні жетілдіру және жаңа инфрақұрылымдар (логистиканы, коммуникацияларды дамыту, тұрғын үй орамдарының жаңа құрылысы және оны қайта ұйымдастыру және т.с.) жасау.

-бір салалы қалалардың экологиялық жағдайын өнеркәсіптік қызметтің нәтижесінде айналымнан шығып кеткен жерлердің топырақ құнарлылығын қайта қалпына келтіру.

Мұндай шаралар айтарлықтай дәрежеде аумақты (бірінші кезекте, әлеуметтік және инфрақұрылымдық) одан ары қарай жаңғыртуға көмектеседі.

Бірқатар елдерде тіпті осындай тектегі арнайы бағдарламалар да бар. Мысалы, Францияның тұрғын үй және коммуналдық құрылыс Министрлігі «Тұрғын үй құрылысына көмектесу» бағдарламасын жасады. Мұнда мемлекет бөлген қаражат есебінен қаланың орталық аудандарында орналасқан ескі тұрғын үйлерді қайта жарақтандырып, жаңа құрылыстар жүзеге асыру келісілген. Мұндай қолдау, біріншіден, неғұрлым сапалы жұмысшы күшін тартуға, екіншіден, кәсіпорын жабылып қалған кезде қызметкерлер дамыған көлік инфрақұрылымы есебінен жақын орналасқан қалаларда жұмыс істеуге мүмкіндіктер алады.

Қорыта келе, индустриалды революция кезеңінде барлық елдерде, соның ішінде Қазақстанда да мономаманданған қалалық өнеркәсіптік мекендері пайда болды. Бір профилді (моносалалы, мономаманданған) қала дегеніміз экономика құрылымында бір ғана сала, әдетте географиялық жағдаймен немесе тарихи шарттарда қалыптасады. Бір салалы қалалар келесі нышандар бойынша сараланады: бір салада әртүрлі бір немесе бірнеше кәсіпорындардың болуы. Қаладағы басқа кәсіпорындар тұрғындардың сұранысын немесе ішкі қажеттілігін қамтамасыз етеді; қала бюджеті бір немесе бірнеше кәсіпорындардың қызметінің кірісіне тәуелді; қала тұрғындарының жұмыспен қамтылу саласының төменгі деңгейде әртараптандырылуы; басқа да үлкен қалалардан алшақ орналасуы немесе сыртқы ортамен байланысты қамтамасыз ететін инфрақұрылымының нашар дамуы сияқты факторлар моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық деңгейін анықтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. О`Салливан «Экономика города»./Пер. с англ. – М.:ИНФРА-М, 2002. - 706с.

2. Chauncy Harris D. A functional classification of cities. – In: The United States. Geographical Review. New York, 1943, p. 86-99.

3. Chauncy Harris D. The cities of the Soviet Union, United States Review. New York, 1945, 1975, p. 107-121.

4. Хореев Б.С. Проблемы городов (урбанизация и единая система расселения в СССР) – М.: Изд. «Мысль», 1975. - 428 с.

5. Морозова Т.Г., Иванова Н.В., Комов В.Э., Соркина Т.Ф., Тупчиенко В.А. Городское хозяйство: Учебное пособие. – М.: Вузовский учебник: - ИНФРА-М, 010. - 361с.

6. Искаков У.М. Города Казахстана: проблемы социально-экономического развития – Алматы: «Наука», 1985. – 160с.

7. Annals W. Location, Primacy and Reiofal Economic DeVeLopment. – In: Annals of the second Inter-American Cnngress on Regional Planning, 1966,153p.14.

8. Токио через двадцать лет. М.: Прогресс, 1972, С.34.

9. «Об утверждении Программы развития моногородов на 2012-2020 годы». Постановление Правительства Республики Қазақстан от 25 мая 2012 года № 683.

REFERENCES

1. O`Sallivan «Ekonomika goroda» ./ Per. s angl. - M.: INFRA-M, 2002. - 706s.

2. Chauncy Harris D. A functional classification of cities. – In: The United States. Geographical Review. New York, 1943, p. 86-99.

3. Chauncy Harris D. Goroda Sovetskogo Soyuza, obzor Soyedinennykh Shtatov. N'yu-York, 1945, 1975, r. 107-121.

4. Khoreyev B.S. Problemy gorodov (urbanizatsiya i yedinaya sistema rasseleniya v SSSR) - M .: Izd. «Mysl'», 1975. - 428 s.

5. Morozova T.G., Ivanova N.V., Komov V.E., Sorkina T.F., Tupchiyenko V.A. Gorodskoye khozyaystvo: Uchebnoye posobiye. - M .: Vuzovskiy uchebnik: - INFRA-M, 010. - 361s.

6. Iskakov U.M. Goroda Kazakhstana: problemy sotsial'no-ekonomicheskogo razvitiya - Almaty: «Nauka», 1985. - 160s.

7. Annals W. Location, Primacy and Reiofal Economic DeVeLopment. – In: Annals of the second Inter-American Cnngress on Regional Planning, 1966,153p.14.

8. Tokio cherez dvadtsat' let. M .: Progress, 1972, S.34.

9. «Ob utverzhdenii Programmy razvitiya monogorodov na 2012-2020 gody». Postanovleniye Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 25 maya 2012 goda № 683.S.34.

9. «Ob utverzhdenii Programmy razvitiya monogorodov na 2012-2020 gody». Postanovleniye Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 25 maya 2012 goda № 683.

ӘОЖ 332. 1 **ҒТАМР 64.01.11**

Ұ.Р.МАХАНБЕТОВА
э.ғ.к., доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи университеті
(Түркістан Қазақстан) *e-mail: mahan_ulmeken@mail.ru*

АЙМАҚТЫҢ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

Мақалада аймақтағы тамақ өнеркәсібінің инновациялық дамуы, инновациялық қызметтің экономикалық механизімдерінің мәні анықталған. Сонымен қатар, инновациялық іс-әрекеттер, олардың экономикалық даму механизімдері, инновациялық үрдісті қарқындатудың ұйымдастыру-экономикалық механизм тетіктері, тамақ саласында инновациялық қызметті дамытудың экономикалық механизмдері қарастырылған.

Кілт сөздері: аймақтық экономика, тамақ өнеркәсібі, инновациялық экономика, аймақтың тамақ өнеркәсібінің инновациялық іс-әрекеті, инновациялық қызмет, инновациялық өнімдер.

Ұ.Р.Маханбетова

Экономические механизмы инновационного развития легковой пищевой промышленности

В статье описывается инновационное развитие пищевой промышленности региона, экономические механизмы инновационной деятельности. Рассмотрены инновационная деятельность, механизмы их экономического развития, механизмы организационно-экономического механизма интенсификации инновационного процесса, экономические механизмы развития инновационной деятельности в пищевой промышленности.

Ключевые слова: региональная экономика, пищевая промышленность, инновационная экономика, инновационная деятельность пищевой промышленности в регионе, инновационная деятельность, инновационные продукты.

U.R.Mahanbetova

Economic mechanisms of innovative development of luck food industry

The article describes the innovative development of the food industry in the region, the economic mechanisms of innovation. The innovation activity, the mechanisms of their economic development, the mechanisms of the organizational and economic mechanism of the intensification of the innovation process, the economic mechanisms for the development of innovation in the food industry are considered.

Keywords: regional economy, food industry, innovative economy, innovative activity of the food industry in the region, innovative activity, innovative products.

Қазіргі экономикалық әлемде инновациялар ұйымдардың әлеуметтік және экономикалық даму басымдықтарын анықтайтын басты факторларының бірі болып табылады.

«Инновациялық және сервистік секторларды дамытуға ерекше көңіл бөлген жөн» -деп келтіреді ел басшысы өзінің жолдауындағы алтыншы бағытта. Еліміздің жаһандық әлемдегі орны мен рөлі келешекте нақ осыларға байланысты болады [1].

Бүгінгі күні отандық және әлемдік нарықтардағы бәсекелестік негізін жаңа білім құрайтын өнімге байланысты. Егер өткен кезеңдерде ұйымдардың дамуы мен жетістігі көбінесе табиғи ресурстарға қол жеткізу болса, ал қазіргі уақытта олар ғылымды, жаңалық енгізуді және білікті мамандардың болуын қажет етеді.

Қазіргі уақытта инновацияларды жүзеге асыру бойынша барлық жауапкершілік жеке шаруашылық субъектілердің басшыларына жүктелді. Бірақ бүгінгі жағдайда инновациялық жобаларды дұрыс таңдап және бағалап қана қоймай, сонымен қатар оларды табысты түрде жүзеге асыру ұйымдардың сол салада көшбасшы орында болуына көмектеседі және одан ары өсуіне тұрақты негізді қамтамасыз етеді.

Инновациялық менеджмент – компания басқармасының жоғарғы деңгейде жүзеге асырылатын стратегиялық басқарудың бағыттарының бірі. Оның мақсаты болып кәсіпорынның ғылыми-техникалық және өндірістік қызметтерінің келесі салаларда негізгі бағыттарын анықтау табылады: жаңа өнім өндіру және енгізу (инновациялық қызмет); өндірілген өнімді модернизациялау және жетілдіру; дәстүрлі өнім түрінің өндірісін одан ары дамыту; ескірген өнім өндірісін тоқтату.

Тамақ саласында инновациялық қызметті дамытудың экономикалық механизмі келесілерді қосады:

- ҒЗТКЖ-дың әлеуеті, кәсіпорындардың өндірістік әлеуеті, ішкі және сыртқы факторлар, жаңалықтарға тұтынушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, қойылған мақсатқа қол жеткізудің шараларын, бағдарламаларын, жобаларын жасауға бағытталған инновацияларды стратегиялық басқару;

- соңғы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған құралдар, ережелер, ақпараттар мен үдерістердің жиынтығынан тұратын инновацияны жоспарлау;

- инновациялық кәсіпкерлік қызметті қолдау және ынталандыру;

- қаржы ресурстарының түсу көздерінің көптүрлілігін, қаржы құралдарын салудың қағидаларын, инвестицияны пайдалану мен оның өтелімділігін бақылау механизмі және инновациялық жобалардың тиімділігін бағалаудан тұратын инновациялық үдерістерді қаржыландыру жүйесі;

- инновациялық тәуекелдерді сақтандыру, жаңалықты құрушы және игеруші кәсіпорындарды салықтық реттеу;

- жаңа өткізу нарықтарын игеру мен кәсіпорындардың бәсекелік қабілеттілігін қолдауға бағытталған стратегиялық және тактикалық инновациялық маркетинг;

- инновациялық өнімдер мен қызметтерге баға белгілеу.

Агроөнеркәсіп кешенінің тамақ өнеркәсібіндегі инновациялық басқарудың негізгі мақсаты жаңа өнімдер жасап, оларды өндіріске ендіру болып табылады. Бұл тамақ өнеркәсібі өндірісін мамандандыру жөнінде көптеген міндеттерді нақтылауды, тамақ өнеркәсібі өндірісінде әртүрлі қызметтердің тамақ өнеркәсібі өндірісінің тепе-теңдігін сақтауда, технология, ұйымдастыру, басқару және инновациялық басқару саласында мамандар даярлауда көптеген міндеттерді нақтылауды қажет ететін үдеріс. АӨК-нің тамақ өнеркәсібінде инновациялық үдерістің экономикалық механизмін келесі суреттен көруге болады (сурет-1) [2].



Ескерту: Материалдар негізінде автор құрастырған.

Сурет1 – АӨК-нің тамақ өнеркәсібі саласындағы инновациялық қызметтің экономикалық механизмінің негізгі бағыттары.

Халықаралық стандартарға сәйкес инновация тәжірибелік қызметте немесе әлеуметтік қызмет көрсетулерге деген жаңа көзқараста жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдіс түрінде қолданылатын, сонымен қатар нарыққа еңгізілген жаңа немесе жетілдірілген өнім түрінде көрсетілген инновациялық қызметтің соңғы нәтижесі ретінде анықталады.

Инновациялық қызмет технологиялық сферада көбінесе өнеркәсіптік кәсіпорындарда, сонымен қатар шағын бизнес ұйымдарында жүзеге асырылады. Жаңалықтардың негізгі өндеушілері болып Қазақстанның ғылыми-техникалық сферасының ұйымдары табылады – олар салалық ғылыми-зерттеу және конструкторлық ұйымдар, академиялық ғылыми ұйымдар мен оқу орындары, сонымен қатар өнеркәсіптік және шағын кәсіпорындар. Инновациялық қызметті қарастыру кезінде зерттеудің кең тараған субъектісі болып өнеркәсіптік кәсіпорындар табылады, себебі өнеркәсіп құрастырылып отырған технологиялық инновациялардың негізгі тұтынушысы болады.

Қазақстанда қазіргі инновациялық үдерістің екінші белсенді қатысушысы – бұл шағын инновациялық кәсіпорындар.

Инновациялық қызмет – бұл бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызмет көрсетулерде тұтынушылық сұранысын қанағаттандыратын жаңа өнімді алу мақсатында жаппай өндірісте ғылыми-инновациялық және зияткерлік әлуетті тәжірибеде пайдалану. Бұл қызметтің маңызды мінездемесі болып инновациялық белсенділік табылады. Инновациялық белсенділік – бұл жаңалықтарға деген басқарудың мақсатқа бағытталған құрылымдары мен әдістері арқылы кәсіпорын персоналының жоғары сезімталдығын мақсатқа бағытталған қолдауы. Инновациялық

қызмет жаңалықтарды құру қарқынының жеделдетуімен сипатталады, ол экономикада құрылымдық өзгерістердің тереңдеуі мен кеңейуін, нарық көлемінің ұлғайуын және де қолда бар немесе пайда болатын қажеттіліктерді қанағаттандыруын ынталандырады.

Қазіргі уақытта кәсіпорынның инновациялық қызметінің тиімділігі ең алдымен ғылыми өндеулердің инновациялық сферасында қолданып жүзеге асырылатын инвестициялаудың, несиелендірудің, салық салудың дұрыс жүесінің болуымен анықталады.


Инновациялық қызмет инновациялық үдерістердің дамуының қажетті шарты, және де бұл саланы басқару инновациялық менеджердің міндеттерінің бірі болып табылады.

Тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындарында инновациялық үдерістерді басқаруды жетілдіру мақсатында басшылардың нақты белгіленген мақсаттары бойынша іс-әрекеттерінің жүйеленген бағдарламасы қажет, себебі бұл инновациялық үдерістердің басқару механизмін құруға мүмкіндік береді.

Өнеркәсіптің инновациялық даму механизімін қалыптастыруда инновацияны кәсіпорынға ендіруде инновацияның авторлары, сыртқы инновациялық белсенді субьектілер мен жоғары оқу орындарының кәсіпорынның бөлімшелерінің қарымқатынасы инновациялық үдеріс барысында тікелей қатысады.

Инновациялық дамытудың механизмі үш негізгі денгейде болады: макроденгейде, аймақтық денгейде, өнеркәсіп денгейде. инновацияны басқару жүйесінің механизмі келесі топтармен: инновациялық іс-әрекетті ұйымдастыру механизмі; ынталандыру және қаржыландыру механизмі жасау және ендіру механизмі; технологиялық трансферт механизмі; интелектуальді жекеменшік механизмі (Сурет 2).

Сурет 2- Инновациялық басқару механизмдерінің жүйесі.




Ескерту-Материалдар негізінде автор құрастырған

Бұл әдіс қарастырылып отырған механизімді жүйелі сипаттауға және тұжырымдама жасауға мүмкіншілік береді және көрсетілген топтарда жаңа механизімдердің пайда болуына мүмкіншілік береді.

Инновациялық іс-әрекетті басқару механизмі жоғары денгейлі күрделілікпен ерекшеленеді. Ол уақыты және кеңістігі бойынша өнеркәсіп кәсіпорындарының сыртына шығуы мүмкін. Сондықтан өнеркәсіптің инновациялық жүйесі мәселені тұжырымдамалық шешудің фазасын ғана емес, сонымен бірге, іргелі және ізденуші ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне негізделген идеядан дайын өнімді құруға дейінгі толық инновациялық цикл құру қажет.

Инновацияның кешенді сипатын атап көрсетуде инновациялық іс әрекеттің дамуы өнеркәсіп денгейінде келесі механизімдермен жүргізіледі: жасау және ендіру; қаржыландыру; технологиялық трансферт; интелектуалды меншікті қорғау. Инновациялық іс-әрекеттің экономикалық механизімінің құрлымы ұсынылған (Сурет 3).



Ескерту- Материалдар негізінде автор құрастырған.

Сурет 3-Инновациялық іс-әрекеттің экономикалық механизімінің құрлымы.

Инновациялық дамудың макроденгейдегі шаралары келесілер:

1. мемлекеттің ғылыми әлеуетін дамыту үшін қажет: ірі инновациялық жобаларды іске асыру; гранттық негізде ғылыми жобаларды қаржыландыру; жеке секторлармен ғылыми жобаларды қаржыландыру; тәуелсіз ғылыми-техникалық сараптама; ғылыми ұйымдар құрлымын ұйымдастыруды өзгерту, қолданбалы ғылыммен айналысу.

2. Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту қажет:

а) жекеменшік түрлеріне және қаржы түрлеріне қарамастан барлық субьектілерге артықшылық жағдайда салық жүйесін жетілдіру;

б) аймақтық жаңа технологиялар және мамандандырылған ғылым мен білімге бағытталған, кластерлік стратегия жасау;

в) инновациялық іс-әрекетте мәліметтерге қол жетімді ақпараттар жүйесін дамыту;

г) инновациялық іс-әрекеттің қызмет нарығын дамыту – қаржы және құқықтық консалтинг, патенттік қорғау және т.б.;


д) шетел инвесторлармен біріккен инновациялық өнеркәсіп құруды жетілдіру;

е) мемлекет пен жеке бизнес арасында бизнес-ассоциацияны құруға ықпалдық жасау;

ж) стандартталған өнім және сертификатталған технологиялық процестер мен өнімдер және қызметтер жүйесін құру.

3. Көпдеңгейлі инновациялық инфрақұрылымды дамыту.

4. Қаржылық инфрақұрылымды дамыту.



Ескерту: Материалдар негізінде автор құрастырған

Сурет 4- Инновациялық үрдісті қарқындатудың ұйымдастыру-экономикалық механизм тетіктері.

Инновациялық дамудың экономикалық-ұйымдастыру механизмі суретте келтірілген. Инновациялық әлуетінің даму үдерісінде маңызды рөлді инновациялық дамыту бөлімі ойнау қажет. Бұл бөлімнің құрылымына арнайы статусы, сәйкес келетін ұйымдастырушылық құрылымы мен арнайы дайындалған персоналы бар және нақты функциялары анықталған бөлімшелер кіру керек. Шын мәнінде бұл кәсіпорын инновациялық қызметті кешенді жоспарлау және координациялық орган ретінде болуы қажет, оның басты мақсаты саланың инновациялық әлуетін ұлғайту ретінде, сонымен қатар нарыққа инновациялық өнімнің шығуы ретінде қамтамасыз ететін инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру болып табылуы қажет.

Инновациялық қызметтің дамуы оның өнеркәсіптік өндірістің инновациялық даму талаптарына жауап беретін жоғары мамандандырылған кәсіби кадрлармен қамтамасыз етілуімен тікелей байланысты.

Ұйымдастырушылық жоспарда, кәсіпорын деңгейлерін басқару жүйесін жаңалау механизмінен кейін, ұйымдастырушылық жоспарда бірінші кезекте жаңаны қажеттілік ретінде қабылдауға мүмкіндік беретін басқару құрылымының ерекше ұйымдастырушылық звеносын – инновациялық бөлімшесін құру қажет.

Инновациялық бөлімшенің жұмысы инновациялар туралы ақпараттарды жинақтау және біріктіру, стратегиялық бағдарламалар мен басымды шешімдер құру, жаңашылдық-

тарды жоспарлау, өндірістік үдерістердің жаңашылдықтарға бейімделу және т.б. сияқты бағыттарды қамту қажет.

Инновациялық қызметтің дамуы – жоғары табыс деңгейін табудың негізгі жолдарының бірі. Инновациялық қызмет жалпы кәсіпорынның оңтайлы имиджин қалыптастырады және ынталандырады, оның барлық шаруашылық-экономикалық көрсеткіштерін жоғарылатады.

Инновациялардың дамуын нашарлататын кері үдерістерді қысқарту үшін кәсіпорында инновациялық саясатты реформалау қажет. Инновациялық саясатты реформалау - өндеулерді ынталандыруға, техника, өндіріс пен персонал сферасында инновациялық қызметтің үдерістерін басқаруға, реформалауға және бақылауға байланысты шаралар кешені деп түсіндіруге болады.

Инновациялық саясат реттелген қызметтің заңнамалық базасын; инновациялық персоналды ынталандыру жүйесін; ғылыми инфрақұрылым құруды көздейтін экономикалық саясаттың алғы шарттарына негізделуі қажет. Қолайлы инновациялық климатты құру үшін келесі шаралар қажет: инновациялық қызметтің даму концепциясын әзірлеу; инновациялық қызметтің нормативті-құқықтық негізін қалыптастыру; ақпараттардың бірыңғай және қол жетімді инновациялық банкісі түрінде ақпаратпен қамтамасыз ету; инновациялық қызмет үшін білімді дамыту және кадрларды дайындау[3].

Өзіндік инновациялық бөлімшені құру ішкіфирмалық кәсіпкерліктің әлемдік тәжірибесіне сәйкес келеді. Инновациялық қызметтің мұндай ұйымдастыру әдісінің ерекшелігі болып ғылыми-зерттеу ізденісті соңғы өндірістің мүмкіндігіне және соңғы тұтынушының мұқтаждығына жақындастыру, жоғары мамандандырылған ғылыми кадрлардың назарын аудару және коммерциялық құпияны сақтауда сенімді болуы табылады.

Инновациялық бөлімшенің жұмысына жаңалықты еңгізуге, жеке жауапкершілікке, өндірістік-шаруашылық қызметті талдауға, инновациялық шараларды ұйымдастыруға мүмкіндігі бар қызметкерлерді тарту қажет. Инновациялық бөлімшенің қызметіне жауапты қызметкер кәсіпорында белсенділігі мен билігі жоғары тұлға болуы қажет.

Кәсіпорынның инновациялық қызметінің көрсеткіштер құрылымы өзіне кадрлық әлуетті, инновацияға жұмсалатын шығындар мен инновациялық қызметті қаржылық қамтамасыз етуді, инновациялық өнім мен қызмет көрсетулерді өндіру түрінде инновациялық қызметтің нәтижелерін қосады.

Тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындарындағы инновациялық қызметті жетілдіру бойынша келесі негізгі шараларды ұсынамыз: инновациялық технологияларды ендіру бойынша жоба жасау қызметін орындайтын инновациялық дамыту бөлімін құру; заманауи менеджменттің элементтерін ендіру қажет, ұйымдастыру менеджментінің саласында штатқа мамандарды енгізу, инновациялық қызметке персонал мотивациясының жаңа жүйесін құру.

Барлық елдерде тамақ кластерлерін құрудың экономикалық мақсаттылығы ауыл шаруашылық өндірісінің өнеркәсіппен салыстырғанда техникалық артта қалғандығымен, оның спецификасымен, әлеуметтік мәнділігімен, өнімнің бәсекелік қабілеттілігін арттыру қажеттілігімен және басқа да факторлармен шартталған. Кластерлер өнімнің бәсекелік қабілеттілігіне үш бағытта ықпал ете алады: біріншіден, олар кәсіпорындар мен салалардың өнімділігін жоғарылатуға ықпал етеді, екіншіден, ынталандырады, үшіншіден, инновацияны қолдаушы жаңа бизнесті қалыптастыруды оңайлатады.



Ескерту - Материалдар негізінде автор құрастырған
Сурет 5-Өнеркәсіпті инновациялық дамыту механизмдері.

Соныменнен, инновациялық үрдістерді реттеу және өндірісті, бақылау, техника-экономикалық, ұымдастырылған және басқа да элементтердің қарымқатынас жиынтығын инновациялық даму механизімі дейміз. Өнеркәсіпті инновациялық дамытудың құрамдас элементі ретінде анықталды: еңбек, капитал, ақпаратпен қамтамассыз ету, қаржылық және құқықтық қамтамассыз ету. Тамақ өнеркәсібін инновациялық дамыту механизмі сурет 5-де ұсынылған.

Шетелдік зерттеушілермен ұлттық экономика салаларында жоғары бәсекелі кластерлерді қалыптастыратын болса, қосымша бәсекелік артықшылықтарға қол жеткізуге болатындығы дәлелденген. Кластер түсінігіне қатысты екі жағдай бар. Біріншісі, тар мағынада кластерді қосылған құн тізбегі шеңберінде тығыз байланысқан фирмаларды біріктіретін өндірістік желі ретінде анықтайды. Екінші тәсіл – әлдеқайда кең және кластерге ғылыми-зерттеу институттарын, университеттерді, фирмаларды, тұтынушыларды және т.б. қосады. Бұл түрде кластер қатысушылардың территориялық жақындығымен және өнеркәсіптік-технологиялық бағдармен шектеулі толыққанды инновациялық жүйе болып табылады.

